

Регистрационный № 4188-Ж № 4, 2013 г.

Основан в 1997 году

Выходит 4 раза в год

Ғылыми журнал

І. Жансүгіров атындағы
Жетісу мемлекеттік университетінің

ХАБАРШЫСЫ



ВЕСТНИК

Жетысуского государственного университета
им. И.Жансугурова

Научный журнал

Бас редакторы - главный редактор

Ә.Е. Бектұрғанов

ректор, доктор юридических наук, профессор
член-корреспондент Национальной академии Наук
Республики Казахстан

Редакция алқасы – Редакционная коллегия:

главный редактор – ректор, доктор юр. наук, профессор,
член-корреспондент Национальной академии Наук Республики Казахстан

А.Е. Бектурганов

зам. главного редактора – д.э.н. М.Т. Кантуреев
ответственный секретарь – к.ф.н. М.К. Бисенкулов

Члены редколлегии:

Л.К. Еркинбаева – д.ю.н., профессор
М.Ж. Мальтекбасов – д.п.н., профессор
Е.Ш. Дусипов – д.ю.н., профессор
Д.Н. Нургабыл – д.ф.м.н., профессор
Г.Б. Блеутаева – д.э.н., профессор
Ш.Г. Гуллыев – д.и., профессор
Р.К. Дюсембинова – д.п.н., профессор
А.Н. Нугусова – д.п.н., профессор
Н.Н. Смаил – д.м.н., профессор
Т.С. Сыдыков – д.ф.н., профессор
А.С. Бахтаулова – к.б.н., доцент
А.Ж. Рахымбеков – к.ф.м.н., доцент
К.Б. Сарбасова – к.ф.н., доцент
Н.К. Байгабатова – к.и.н., доцент

**Регистрационное свидетельство издания № 4188-Ж выдано
Министерством информации и общественного согласия
Республики Казахстан от 12 сентября 2003 г.**

**Международный центр ISSN в Париже зарегистрировал
журнал «Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік
университетінің хабаршысы» под номером
ISSN 1813-1123**

**МАТЕМАТИКА, ФИЗИКА,
ИНФОРМАТИКА**

УДК 517.12

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИНТЕРНЕТА В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ СРЕДЕ

А.А. Алдибеков, Ж.Н. Нысамбаев

Жетысуский государственный университет им.И.Жансугурова, г.Талдыкорган

Мақалада интернет құралдарын, оның мүмкіндіктерін білім беру ортасында қолдану мәселесі қарастырылған. Оңда интернеттің оқу процесінде қолдану жолдары, оқушының интернетті қолдану нәтижесінде өз білімдерің кеңейту мүмкіндіктері қарастырылған.

В статье рассматриваются возможности применения интернет ресурсов при обучении учащихся. Указаны пути применения интернета в учебном процессе и методы улучшения расширения знаний обучающихся.

This article discusses the possibility of using online resources in teaching students. Ways to use the internet in the learning process and methods to improve the expansion of students' knowledge.

Ключевые слова: *интернет, информационные технологий, образование, информационная подготовка, образовательная среда.*

Каждый день все больше и больше людей в мире с помощью сети Интернет открывают для себя новые, невиданные ранее возможности. Аудитория эта весьма различна и состоит совсем не из специалистов в компьютерных областях. Каждый, от талдыкорганского школьника до австралийской старушки ищет и находит для себя что – нибудь новое.

Интернет стирает границы между людьми и государствами. Плохо это или хорошо – этот вопрос не так прост, как кажется, тем более развитие интернет – технологий продвигается с огромной скоростью. Сложно даже представить какие изменения нас ждут завтра, и какими были бы эти изменения, если бы человечество не имело в своём распоряжении подобных информационных возможностей.

С помощью интернета намного проще становится осуществлять оперативное общение с бизнес – партнерами, и с коллегами по работе, с клиентами, или с близкими друзьями, на каком расстоянии от вас они бы не оказались.

Можно принимать и передавать различные тексты, сообщения тем же друзьям, коллегам или просто знакомиться с интересными личностями.

Можно получить доступ к огромнейшему количеству справочной информации.

Список возможностей современного интернета не ограничивается даже одним – двумя десятками пунктов.

Чаще всего случается ли так, что люди заходят в интернет, чтобы узнать последние события в мире.

Развитие образовательной среды может осуществляться посредством инноваций(от латинского «innovation» - нововведение, изменение, обновление). Под инновационной деятельностью понимается деятельность по разработке, поиску, освоению и использованию новшеств, осуществлению нововведений.

Современное образование немыслимо без внедрения в учебный процесс инновационных технологий, обеспечивающих успешное усвоение знаний, формирование опыта практической деятельности. Компьютеризация отечественного образования, уходящая истоками ко второй половине и к концу XX века, в наше время становится неотъемлемой частью теоретической и методической сторон усвоения

любой из дисциплин среднего и высшего профессионального обучения. Однако нередко использование новых технологий, к которым следует, прежде всего, отнести компьютерные информационные технологии и созданные на их основе обучающие компьютерные программы, ставит перед современной педагогикой целый ряд вопросов, относящихся к теоретико – методологическому обоснованию их применения в образовательном процессе средней школы и высшего учебного заведения[1].

Стремительное развитие информационного общества, проявление и широкое распространение технологий мультимедиа, электронных информационных ресурсов, сетевых технологий позволяют использовать интернет в качестве средства обучения, общения, воспитания, интеграции в мировое пространство. Совокупность традиционных и информационных направлений внедрения интернет ресурсов в образовательную среду создает предпосылки для реализации новой интегрированной концепции применения интернета в образовании.

Широкое внедрение информационных технологий в учебную деятельность ведет не только к повышению компьютерной грамотности, к индивидуализированному образованию на основе компьютерных технологий образования, но и раскрытию индивидуальных возможностей учащегося. Изменяется культура быта, возможности и средства обучения, появляются новые горизонты в самообразовании.

Внедрение в образовательный процесс средств мобильной и других видов интернет технологий позволяют обучающемуся быть не только потребителем информации, но и ее создателем.

Информационные технологии на основе интернета благотворно влияют на процесс воспитания учащихся. Приобщению к искусству и научной деятельности способствуют такие проекты как мультимедийные энциклопедии или возможность с помощью программы серфинга в сети интернет – браузера – увидеть известные полотна выдающихся художников с очень высоким разрешением и качеством.

Использование интернет ресурсов в образовательной среде при обучении учащихся способствует их приобщению к мировому информационному пространству для самореализации и получения знаний[2].

Образовательная среда ставит перед обучающимся целый ряд задач, разрешение которых зависит от психолого – педагогических факторов организации этой же образовательной среды. Одной из таких задач выступает необходимость усвоения большого количества информации и умение ее использовать в практической деятельности. Эффективность обучения нередко зависит не только от методической стороны организации учебного процесса, но и от психологических факторов – мотивов учения, направленности личности в предметных интересах и профессионализации формирующихся качеств, складывающихся отношениях в структуре взаимодействия «педагог – учащийся» и пр. Применение в условиях образования новых информационных технологий, поддерживаемых современными персональными компьютерами, создает иные возможности в компьютеризации образования и ведет к поиску и определению места педагога в этом процессе – в процессе складывающихся коммуникативных отношений субъектов совместной деятельности, педагогического взаимодействия[3].

Для успешной деятельности в условиях глобализации и развития рыночных отношений, обеспечения конкурентоспособности на рынке труда, постоянного саморазвития и совершенствования в рамках парадигмы «образование через всю жизнь» преподаватель должен обладать глубокими познаниями в области информатики, иметь практические навыки по использованию современной компьютерной техники и телекоммуникаций, знать основы использования и

перспективы развития новых информационных технологий в области информационных отношений, уметь эффективно использовать информационные ресурсы для принятия решения. Поэтому одним из важнейших видов подготовки в системе высшего профессионального образования является информационная подготовка(ИП), направленная прежде всего, на формирование у обучаемых компетенций по применению интернет технологии в дальнейшей профессиональной деятельности[4].

Для реализации познавательной и творческой активности учащихся в учебном процессе используются современные образовательные технологии, дающие возможность повышать качество образования, более эффективно использовать учебное время и рационально использовать свое свободное время.

Использование интернет технологий позволяет улучшить качество знаний учащихся и повысить их активность. Интернет стал неотъемлемой частью современной действительности. Интернет оказывает огромную помощь в изучении предмета информатики, так как информационно – коммуникационные технологии(ИКТ) создает уникальную возможность для учащихся пользоваться дополнительной информацией, проверять свои знания, умения и навыки, быть в курсе современных открытий. Доступ к сети интернет дает возможность преподавателям воспользоваться огромным количеством дополнительных материалов, которые позволяют обогатить занятия разнообразными идеями и упражнениями.

Активное участие преподавателя в создании и моделировании образовательных компьютерных программ, учитывающих педагогические условия, в том числе и в сфере интерактивных коммуникаций, способствовало бы повышению эффективности обучения – решению одной из важных задач профессионального высшего образования – усвоению и практическому использованию полученных знаний[5].

Использование широкого спектра информационных технологий дает возможность преподавателям продуктивно использовать учебное время и добиваться высоких результатов обученности учащихся.

ЛИТЕРАТУРА

- 1.Дидактические свойства сети Интернет в гуманитарном образовании школьников – <http://www.college.biyseksecna.ru>
- 2.Домозетов Х. Компьютеризация и проблемы здоровья, свободы и развития личности // Философская и социологическая мысль. 2000. № 4.
- 3.Алексеева, Л. Н. Инновационные технологии как ресурс эксперимента (Л. Н. Алексеева) Учитель. - 2004.
4. Дебердеева, Т. Х. Новые ценности образования в условиях информационного общества.
5. Полат Е.С. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования: Учеб. пособие. – М.: Академия, 2000.

УДК 536

ҒАРЫШ ЖӘНЕ МАТЕМАТИКА

Анарбек Жанель, №175 гимназия,

Научный руководитель - Ауесбай Ерлан, доктор технических наук, профессор
Алматы қаласы

Адамзат ғарыштық денелер қозғалысы мен математика арабайланысын баяғы заманнан байқаған. Ғарыш туралы ғылым әртүрлі санаулар түрлерімен тығыз байланысты.

Человечество давно обнаружило взаимосвязь движения между космическими телами и математикой. Наука о Космосе тесно связана разными моделями вычисления.

Humanity a long ago found out intercommunication motion between space bodies and mathematics. Science dealing with Space is close bound by the different models of calculation.

Адамзат жүздеген жылдар бойы ғарышты, яғни өзге планеталарды, күн жүйесін, галактиканы зерттеп білуге ұмтылып келе жатыр. Уақыт өте келе тұтастай Ғаламның қасиеттері мен эволюциясын зерттейтін, астрономияның құрамына кіретін жаңа ғылыми пәндер пайда болды. Мысалы, космология сияқты осындай пәннің негізін математика, физика мен астрономия құрайды. Барлық жаратылыстану ғылымдары заңдылықтарды бақылау негізінде теориялар мен гипотезалар ұсынады, алайда олардың көпшілігі тек математикалық есептеулер арқылы ғана дәлелденуі мүмкін.

Космос дәуірі басталған, яғни дүние жүзінде тұңғыш рет Жердің жасанды серігін ұшырған 1957 жылдың 4 қазанынан бергі жылдары зерттеудің ғарыштық әдістері пайда болып, даму үстінде. Ғарыш кеңістігін игерген алғашқы қадамдардан бастап ғарыштық жобалар мен бақылаулар үшін математикалық есептерді шешу әдістерін әзірлеу қажет болды. Содан бері ғарышты зерттеумен бірнеше ұрпақ айналысып келеді. Сонау Ежелгі Грекияда ұлы математик Пифагор Жердің шар тәріздес екенін дәлелдеп берген болатын. Ай, Күн мен Жер қозғалыс жағдайында болатыны да сол тұста айқындалды. Астрономиядағы арақашықтықты анықтаудың кейбір әдістері (*параллакс әдістері*) және Күн жүйесі денелерінің көлемін анықтау әдістері тригонометриялық функциялар мен тікбұрышты үшбұрыштың қасиеттеріне негізделген.

Күн жүйесі планеталарының қозғалыс заңдары XVII ғасырдың басындағы немістің ұлы ғалымы Иоганн Кеплердің математикалық заңдарына негізделген. Планеталар қозғалысындағы заңдылықтар мен траекториялар формасын анықтау үшін Кеплер XVI ғасырдағы дат ғалымы Тихо Брагениң математикалық дәл мәліметтерін қолданды.

Планеталардың қозғалысын, жұлдыздардың орналасуын анықтау жөніндегі практикалық есептерді шешу және өлшеу үшін астрономияда «аспан сферасы» ұғымы, яғни аспан координаттары жүйесіндегі бұрыштық арақашықтықтардың орталық бұрышы қолданылады.

Космос кеңістігінің маңызды қасиеттерінің бірі – бұл онда жүріп жатқан үдерістердің циклділігі. Уақыт есебінің ең ежелгі жүйесі – ай күнтізбесі – біздің дәуірімізге дейінгі бірнеше мыңжылдық бұрын пайда болды. Жалпы кез-келген күнтізбенің негізіне табиғи үдерістер – Ай фазасы ауысуының ұзақтығы алынады. Қандай аспан денелерінің қозғалысына негізделетініне байланысты күнтізбелерді ай, жұлдыз, ай-күн деген түрлерге бөлуге болады. XI ғасырда шығыстың ұлы ақыны және математигі Омар Хайям құрастырған күнтізбе ең дәл күнтізбе деп есептеледі.

Күнтізбелердің ақиқат уақыттан ауытқуы сияқты кемшіліктер математикалық есептеулермен анықталады.

Математика әрдайым басқа ғылымдардың дамуына ықпал етті және өзі де солардың әсерімен үздіксіз дамып отырды. "Математика" атауының өзі гректің "*матейн*" (*mathein*) – оқу, тану деген сөзінен шыққан. Жалпы ежелгі гректер "*математика*" (*mathematike*) және "*ғылым*", "*таным*" (*mathema*) ұғымдарын синоним сөздер деп санады. Оларға "Математика саласына не тәртіп, не болмаса өлшем қарастырылатын ғылымдар жатады, және де бұлардың сандар, фигуралар, жұлдыздар, дыбыстар немесе тағы сондай бірдеңе болуы аса мәнді емес..., осылайша, ешбір жеке пәндердің зерттеуіне жатпайтын, тәртіп пен өлшемге қатыстының бәрін түсіндіріп беретін қандай да бір ортақ ғылым бар болуы тиіс" деп жазған Рене Декарттың екі мың жыл кейін айтылған осы саланың әпбебаптығы туралы пайымдауы тән[1].

Математика астрономия саласында көптеген жаңалықтарды ашуға көмектесті. Математиктер жасаған жаңа алгоритмдер астрономдарға қызмет етуге көшті. Ньютон жер шарының формасын зерттей отырып, математиканың құралдары арқылы Жердің шар тәріздес екенін, экваторда кеңейіп, полюстерде тарылатынын дәлелдеп берді. Ньютон Юпитер мен Сатурнның орбиталарын есептеді және осы мәліметтерді қолданып, Жер Айды қандай күшпен тартатынын анықтауға мүмкіндік алды. Бұл мәліметтер шамамен 250 жылдан кейін жер маңындағы алғашқы космостық ұшуларға даярлық кезінде қолданылды. Ньютон планеталардың және Күннің өзінің массасы мен тығыздығын шамалап анықтады. Оның есептеуінше, Күннің тығыздығы Жердің тығыздығынан төрт есе аз және Күнге анағұрлым жақын планеталардың тығыздығы едәуір үлкен. Ғалым Ай мен Күннің Жер бетіндегі теңіздер мен мұхиттардағы тасу мен қайтуға бірлескен әсерін түсіндіріп берді. Ньютонның есептеулерін қолдана отырып, Э. Галлей арнайы есептеулер арқылы орасан зор кометаның пайда болуын болжап берді. Бұл комета аспанда 1759 жылы байқалды және Галлей кометасы деп аталды.

Математика абстрактілі ғылым деп саналады, математикалық аппарат білім салаларының барлығында қолданылуы мүмкін және іс жүзінде қолданылып келе жатыр. Оған қоса, математикалық аппараттың әзірлемелерін қолданбай космосты игеру де, адамзат өмірінің саналуан салаларында қолданыс тапқан электронды-есептеу машиналарын жасау да мүмкін емес. Математиканы жалпыға ортақ ғылымдарға жатқызуға болады. Математика, бір қарағанда басқа ғылымдардың бәрінен аулақ тұрған ғылым болып табылады және сондай-ақ бұл ғылымның дамуы қалған ғылымдардың бәрінің, яғни арнайы ғылымдар деп аталатындардың дамуына алып келеді, мұның өзі ақыр соңында қоғамның даму деңгейіне тікелей ықпал етеді.

XVI ғасырда итальян ғалымы Г.Галилей тұңғыш рет телескоптың жобасын, сипаттамасын әзірледі және оны жасап шығарды. Ол аспан денелерін бақылауға және керемет астрономиялық жаңалықтар ашуға мүмкіндік берді. Ньютон, Эйнштейн, Джинс, Эддингтон және өзге де жаратылыстанушылардың табиғат заңдарын математикалық түрде сипаттап беруге болатынына көздері жетті, рухтың таза логикалық туындысы болып табылатын математиканың Ғарышпен тілдесуге күші жететінін ұқты.

Саналуан гипотезалардың қосалқы авторы ретінде математика бүкіл адамзатқа шындықты тану үдерісіне қызмет етіп келеді. Қазіргі заманғы космологияның пайда болуы XX ғасырда Эйнштейннің салыстырмалылық теориясының және элементарлық бөлшектер физикасының дамуымен тығыз байланысты. 1922 жылы А.А.Фридман-Эйнштейннің изотропты ғалам бастапқы сингулярлықтан кеңейетін тендеуін шешуді ұсынды. 1929 жылы Э.Хабблдың галактикалардың космологиялық қызылжылжуын

ашуы бейстационарлы ғалам теориясының дәлеліне айналды. Осылайша, қазіргі жалпыға ортақ қабылданған Үлкен Жарылыс теориясы туды.

Математикалық тіл табиғатты зерттеу кезінде де тиімді, Эйнштейннің мына сөзі тегін айтылмаған: «Табиғаттың шым-шытырық жұмбағын оны математикалық заңдылықтардың торына ұстап алып шешуге болады». Өзге ғылымдар мен теориялар ескіруі мүмкін, ал матрицалық есептеу ешқашан ескірмейді, эмпирикалық жүйелер өзінің өзектілігін жоғалтады, бірақ математикалық жүйелер – мәңгілік [2].

Жердің жасанды серіктерін ұшыру, ғарыш кемелерінің ұшуы – осының барлығы ғаламат есептеулерді қажет етеді. Авиацияның тууы мен дамуына қарағанда, космонавтиканың пайда болуы мен дамуында математика одан да маңызды рөл атқарды. Теориялық космонавтиканың негізін қалаушы К. Э. Циолковский өзінің басқа планеталарға ұшудың мүмкіндігі туралы дәлелдерінде және космостық поездар жобаларында үнемі математиканы қолданды, соның арқасында космостық жобалар конструктивті және сенімді.

Математиктер көпсанды, элементарлық, таза техникалық операциялар өндірісінің қажеттілігінен құтылды, бірақ сонымен бірге оларға анағұрлым күрделі және қызықты жұмыстар жүктелді: модельдерді құру, адамның машинамен қарым-қатынасы әдістерін жасау, эксперименталдық мәліметтер мен оларды өңдеуді автоматты жинау мүмкіндіктерін меңгеру [3].

Ақпараттық-математикалық қамтамасыз ету – кез-келген ғарыштық жобаның міндетті құрамдас бөлігі. Бөтен территорияда «Космостық бақылау» жүргізуге халықаралық құқық тыйым салады, сол себепті бақылаулар қисық және жанама бағыттармен жүргізіледі. «Ракеталық-ядролық қалқан» және «Ғарыштық жер-шолу» міндеттерін шешу үшін, сондай-ақ ракетаның ашықтық суреті бойынша Айдан Жерге оралуының «Ай» бағдарламасын және тағы да басқа көптеген қосымша міндеттерді шешу үшін радиациялық өрістің көпөлшемді сфералық және жазық модельдері қызықты болып табылады [4].

Біз космостық дәуірдің төртінші онжылдығына ғана қадам бастық, соның өзінде бүкіл Жерді қамтыған спутниктік байланыс және ауа райын бақылау жүйесі, құрлық пен теңіздегі зардап шеккендерге көмек көрсету навигациялары сияқты кереметтерге әбден үйреніп алдық.

Осылайша, математиканың қазіргі заманғы ғылымдағы рөлі де үздіксіз өсіп барады. Мұның бірнеше себебі бар, біріншіден, нақты құбылыстарды математикалық сипаттамасыз терең ұғынуға және меңгеруге ұмтылу қиын, ал екіншіден, физиканың, лингвистиканың, техникалық және өзге де бірқатар ғылымдардың дамуы математикалық аппаратты кеңінен қолдануды білдіреді. Оған қоса, математикалық аппараттардың әзірлемелерін қолданусыз космосты игеру де, электронды-есептеу машиналарын құру да мүмкін емес. Мұның бәрі қазіргі таңда адамзат қызметінің барлық салаларынан берік қолданыс тапты.

Математика мен космостық кеңістік тығыз байланысты. Космос деген не және оның құрылысы қандай екенін ұғыну математиканы қолданбай мүлдем мүмкін емес. Өйткені, математика – барлық жаратылыстану ғылымдарының, оның ішінде Космос туралы ғылымдардың да негізі. Математиканы білу адамның дүние сырларын түсінуі үшін өте қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Гнеденко Б.В. Математика в современном мире. – М.: Просвещение, 1990г. – 128 с.
2. <http://lem.academic.ru/>

3. Непостижимая эффективность математики в естественных науках. – 1991. - № 10.- С. 23.

4. Сушкевич Т.А. Математические модели переноса излучения. - М.: «БИНОМ. Лаборатория знаний», 2005. - 661 с.

ӘОЖ 491

КОСМОСТЫҚ ҚОЗҒАЛЫС ЖӘНЕ ГРАВИТАЦИЯ

Анарбек Жанель, №175 гимназия,

Ғылыми жетекші - **Ауесбай Ерлан**, техника ғылымдарының докторы, профессор

Алматы қаласы, kenzhegul.sakhi@mail.ru

Әлемдегі кез-келген қозғалыс гравитацияға байланысты. Жердегі құбылыстарға да гравитацияның әсері зор және нақты. Ұлы ғалымдардың еңбектеріне шолу жасалған.

Любое движение во Вселенной связано с гравитацией. Влияние гравитации и на явления на Земле тоже огромное и действенное. Сделан общий обзор на труды великих ученых.

Any motion in Universe is related to the gravitation. Influence of gravitation on the phenomena on earth is enormous and effective too. A general review is done on labours of great scientists.

Бізді қоршаған шетсіз-шексіз бүкіл әлем саналуан және өзара тығыз байланысты. Дегенмен, осы алуан түрлі дүние бірнеше іргелі күшке бағынады. Бұл күштер – кез-келген әрекеттің, қозғалыстың, ұмтылыстың, кеңістіктегі барлық заттардағы өзгерістердің бастауы, көзі, негізгі себебі. Орасан зор космостық денелердің қозғалысын, зымырандардың траекторияларын, атомдардың ішінде жүріп жатқан үдерістерді, элементарлық бөлшектердің ыдырауы және өзара құбылуларын физика заңдарымен түсіндіруге болады. Физикада «күш» ұғымы анық әрі дәл берілген. Галилей мен Ньютонның классикалық механикасы «күш» ұғымын ғылыми түрде негіздеп берді.

Ньютонның тұжырымы бойынша бүкіл әлем – қатты, белгілі бір массасы бар, қозғалмалы бөлшектерден тұрады. Әлемнің сапалық алуан түрлілігі – бөлшектердің қозғалысындағы айырмашылықтардың нәтижесі. Мұндағы ең бастысы қозғалыс болып табылады, яғни, бұл бөлшектер қалай қозғалады деген мәселе өзекті. Ньютонның денелердің қозғалысы туралы заңдарына ғаламат үлкен аспан денелері де, жел айдаған тозаңның бөлшектері де бағынышты. Бұл заңдардың басты идеясы бойынша, денелер қозғалысының (жылдамдығының) өзгеруі олардың бір-бірімен өзара әрекеттесуі арқылы пайда болады. Осы өзара әрекеттесудің сандық өлшемі механикада «*күш*» деп аталады. Денелердің бір-бірімен өзара әрекеттестігі саналуан екендігіне қарамастан, элементарлық бөлшектердің өзара әрекеттестігінің бар болғаны төрт типі бар: бүкіләлемдік тартылыс, электромагнитті, ядролық және әлсіз өзара әрекеттестіктер. Бүкіләлемдік тартылыс, немесе гравитациялық күштер табиғаттың біртұтастығы идеясының бастауында тұр [1].

Ньютонның «Натуралды философияның математикалық бастаулары» еңбегінде: «Лақтырылған тас ауырлықтың әсерімен түзу жолынан қисаяды және қисық траектория сызып, Жерге құлайды. Егер де ауаның қарсылығы болмаса, онда траекториясы қажетті жылдамдық алған тас ешқашан да Жерге түспей, оның айналасында қозғалып жүре беретін еді» делінген. Демек, планеталардың қозғалысы, мысалы, Айдың Жерді,

Жердің Күнді айналуы да қозғалыс немесе құлау болып табылады. Мұндай құлаудың себебі тартылыс күшіне байланысты [2].

Тартылыс заңының ашылуы ғылымдағы ұлы жаңалық болды. Материяның кез-келген түрінің массасы бар және олар міндетті түрде гравитациялық әсерге тәуелді. Оны тіпті жарық та айналып өте алмайды. Гравитациялық әсер кез-келген дене арқылы беріледі. Масса ауырлаған сайын гравитациялық күш те ұлғая береді. Мысалы, Жер мен Ай бір-біріне жиырма млн тонна күшпен тартылады. Жерден сандаған жарық жылына тең қашықтықта орналасқан жұлдыздардың гравитациялық күші де жүздеген мың тоннамен өлшенеді. Тартылыс күшінің радиусы да шексіз. Гравитациялық күштер алысқа әрекет ете алады. Осындай ерекшеліктеріне байланысты гравитация Ғаламның барлық денелерін ұстап тұр. Гравитациялық күштер ғарыштық денелер қозғалысының негізгі ұстыны болып табылады.

Бүкіләлемдік тартылыс заңына сәйкес *«барлық заттық нысандар бір-біріне олардың массасының туындысына тура пропорционал және олардың арақашықтығының квадратына кері пропорционал күшпен тартылады»*. Бұл классикалық механика аясындағы Ньютонның теориясы. Жалпы гравитация Эйнштейннің салыстырмалылық теориясымен сипатталады. Тартылыс заңы іргелі өзара әрекеттестіктің төрт типінің ең әлсізі. Кванттық шекте гравитациялық әрекеттестік гравитацияның кванттық теориясымен сипатталады. Бұл құбылыс әлі де зерттелу үстінде. Ньютондық механикада гравитациялық әрекеттестік алысқа әсер етуші болып табылады. Яғни, ауыр дене қозғалған кезде кеңістіктің кез-келген нүктесінде гравитациялық потенциал дененің сол уақыт мезетіндегі орналасуына байланысты.

Гравитацияның екі түрі бар: **космостық денелер (жұлдыздар мен планеталар) гравитациясы** және **метеориттер гравитациясы**. Космостық денелер гравитациясы метеориттер гравитациясынан ауқымды, себебі космостық денелер ішінде атомдардың өсуімен қатар жаңа ауыр элементтердің түзілуі, жарық пен жылудың түзілу үдерістері жүріп жатады.

Ірі космостық объектілер – планеталар, жұлдыздар мен галактиканың массасы ауыр, демек, олардың гравитациялық аумағы да едәуір. Гравитация әлсіз әрекеттестікте болғанмен, ол кез-келген қашықтықта әрекет етеді және Ғаламдағы маңызды күштердің бірі болғандықтан бүкіл материямен және энергиямен әрекеттесуімен ерекшеленеді. Ауқымдық сипатына байланысты гравитация галактикалардың құрылымы, қара тесіктер мен Ғаламның кеңеюі сияқты ірі көлемді әсерге ие болуымен қатар, планеталардың орбитасы, Жер бетінің тартылысы және денелердің құлауы сияқты қарапайым астрономиялық құбылыстарға да ықпал етеді [3].

Гравитация туралы ерте замандарда-ақ белгілі болған. Мысалы, Аристотель әртүрлі массалы объектілер әртүрлі жылдамдықпен құлайды деп пайымдаған. Кейіннен Галилей тәжірибе жүзінде мұны теріске шығарды, яғни ауаның қарсылығы жойылса, барлық денелер бірдей жылдамдайды. Ал Исаак Ньютонның бүкіләлемдік тартылыс заңы гравитацияның жалпы сипаттамасын түсіндіріп берді. Денелердің тек гравитацияның ықпалымен қозғалуын зерттейтін аспан механикасы үшін бос кеңістіктегі екі нүктелік немесе шар тәріздес денелердің гравитациялық өзара әрекеттестігі жеңіл есеп болып табылады. Нептун мен Плутон планеталарының ашылу тарихы Коперниктің гелиоцентрлік теориясының, Бүкіләлемдік тартылыс теориясының және Ньютонның классикалық механикасының ақиқаттығына керемет дәлел болды [4].

Астрономияда Ньютонның тартылыс заңы негізінде аспан денелерінің қозғалысы мен құрылысы, олардың массасы, эволюциясы есептеледі. Бос кеңістікте

тек қана гравитацияның ықпалымен денелердің қозғалысын зерттейтін механиканың саласы *аспан механикасы* деп аталады.

Космостық денелердің гравитациялық өзара әрекеттестігі туғызған космостық құбылыстар – бұл планеталардың қозғалысындағы ауытқулар, аккрециялар, ұстап алу, спутниктердің болуы, шар тәріздес форма және ауыр ғарыштық денелердің атмосферасының бар болуы. Жердегі үдерістерге гравитацияның ықпалы теңіздер мен мұхиттардағы көтерілу мен қайту, прецессиялар мен нутациялар, Жер айналысы жылдамдығының өзгерістерінен байқалады.

Бүкіләлемдік тартылыс теориясы мен классикалық механика заңдарының құрылуы және тексерілуі, Нептун мен Плутонның ашылуы, Күн жүйесі объектілерінің және оның құрылымының негізгі сипаттамаларын зерттеу ғарыштық объектілердің Жерге гравитациялық ықпалымен негізделген құбылыстардың себебін, космостық жүйелердің, жұлдыздар мен планеталардың өмір сүруінің космостық үдерісіндегі гравитацияның рөлін, Ғаламдағы космостық үдерістердің гравитациялық негізінің рөлін түсіндіріп берді. Гравитация күштерінің әрекеті туғызатын өзге де көптеген космостық құбылыстар бүкіләлемдік тартылыс заңының салдары болып табылады.

Осылайша, Бүкіләлемдік тартылыс заңы Бүкіл Ғаламға тән, өйткені гравитация материяның маңызды қасиеттерінің бірі болып табылады. Сонау ежелгі дәуірде «алтынның, қорғасынның немесе салмағы бар кез-келген басқа дененің сынығы оның салмағы көп болған сайын жылдамырақ құлайды» деп ұлы Аристотель бастап берген физикалық ғылыми ой әлі де даму үстінде.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Григорьев В.И., Мязишев Г.Я. Силы в природе. – М.: Наука, 1988. – 448 с.
2. Ньютон И. Математические начала натуральной философии // www.math.ru
3. Янчилин В.Л. Неопределённость, гравитация, космос. - М.: Едиториал УРСС, 2003. - 248 с.
4. Купер Л. Физика для всех. Т.1. Классическая физика. – М.: «Мир», 1973. – 477 с.

ӘОЖ 518

ӘЛЕМНІҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ - БҮКІЛӘЛЕМДІК ТАРТЫЛЫС

Анарбек Жанель, №175 гимназия, Алматы қаласы

Ғылыми жетекші - **Ауесбай Ерлан**, техника ғылымдарының докторы, профессор

Алматы қаласы, kenzhegul.sakhi@mail.ru

Әлемдік тартылыс күштері Әлемдегі табиғи үдерістерге қатты әсер етеді. Ғарыштағы нысандар мен Жердегі барлық қозғалыстар осы күштерге байланысты. Кеплердің заңдары толығырақ қарастырылған.

Силы всемирного тяготения безусловно влияют на процессы Вселенной. Разные движения космических объектов и любые движения на Земле сильно зависят от этой силы. Подробно рассмотрены законы Кеплера.

Forces of world gravitation undoubtedly influence on the processes of Universe. Different motions of space objects and any motions on Earth strongly depend on this force. The laws of Kepler are considered in detail.

Ғарыштағы аса зор космостық денелердің қозғалысын, зымырандардың траекторияларын, атомдардың ішінде жүріп жатқан үдерістерді, элементарлық бөлшектердің ыдырауы және өзара құбылуларын физика заңдарымен түсіндіруге болады. Физикада «күш» ұғымы анық әрі дәл берілген. Галилей мен Ньютонның классикалық механикасы «күш» ұғымын ғылыми түрде негіздеп берді.

Әйгілі ғалым Ньютонның тұжырымы бойынша бүкіл әлем – қатты, белгілі бір массасы бар, қозғалмалы бөлшектерден тұрады. Мұндағы ең бастысы қозғалыс болып табылады, яғни, бұл бөлшектер қалай қозғалады деген мәселе өзекті. Ньютонның денелердің қозғалысы туралы заңдарына ғаламат үлкен аспан денелері де, жел айдаған тозанның бөлшектері де бағынышты. Денелердің бір-бірімен өзара әрекеттестігі саналуан екендігіне қарамастан, элементарлық бөлшектердің өзара әрекеттестігінің бар болғаны төрт типі бар: бүкіләлемдік тартылыс, электромагнитті, ядролық және әлсіз өзара әрекеттестіктер. Бүкіләлемдік тартылыс, немесе гравитациялық күштер табиғаттың біртұтастығы идеясының бастауында тұр [1].

Әлемдік тартылыс заңының ашылуы ғылымдағы ұлы жаңалық болды. Материяның кез-келген түрінің массасы бар және олар міндетті түрде гравитациялық әсерге тәуелді. Оны тіпті жарық та айналып өте алмайды. Гравитациялық әсер кез-келген дене арқылы беріледі. Бүкіләлемдік тартылыс заңына сәйкес *«барлық заттық нысандар бір-біріне олардың массасының туындысына тура пропорционал және олардың арақашықтығының квадратына кері пропорционал күшпен тартылады»*. Бұл классикалық механика аясындағы Ньютонның теориясы. Жалпы гравитация Эйнштейннің салыстырмалылық теориясымен сипатталады.

Негізі гравитацияның екі түрі бар: космостық денелер (жұлдыздар мен планеталар) гравитациясы және метеориттер гравитациясы. Космостық денелер гравитациясы метеориттер гравитациясынан ауқымды, себебі космостық денелер ішінде атомдардың өсуімен қатар жаңа ауыр элементтердің түзілуі, жарық пен жылудың түзілу үдерістері жүріп жатады.

Ірі космостық объектілер – планеталар, жұлдыздар мен галактиканың массасы ауыр, демек, олардың гравитациялық аумағы да едәуір. Гравитация әлсіз әрекеттестікте болғанмен, ол кез-келген қашықтықта әрекет етеді және Ғаламдағы маңызды күштердің бірі болғандықтан бүкіл материямен және энергиямен әрекеттесуімен ерекшеленеді. Ауқымдық сипатына байланысты гравитация галактикалардың құрылымы, қара тесіктер мен Ғаламның кеңеюі сияқты ірі көлемді әсерге ие болуымен қатар, планеталардың орбитасы, Жер бетінің тартылысы және денелердің құлауы сияқты қарапайым астрономиялық құбылыстарға да ықпал етеді [2].

Гравитация туралы ерте замандарда-ақ белгілі болған. Мысалы, Аристотель әртүрлі массалы объектілер әртүрлі жылдамдықпен құлайды деп пайымдаған. Кейіннен Галилей тәжірибе жүзінде мұны теріске шығарды, яғни ауаның қарсылығы жойылса, барлық денелер бірдей жылдамдайды. Ал Исаак Ньютонның бүкіләлемдік тартылыс заңы гравитацияның жалпы сипаттамасын түсіндіріп берді. Нептун мен Плутон планеталарының ашылу тарихы Коперниктің гелиоцентрлік теориясының, Бүкіләлемдік тартылыс теориясының және Ньютонның классикалық механикасының ақиқаттығына керемет дәлел болды [3].

Гравитация күштерінің әрекеті туғызатын өзге де көптеген космостық құбылыстар бүкіләлемдік тартылыс заңының салдары болып табылады. Олар мынадай:

- Кеплер заңдарымен сипатталатын, тартылыстың орталық өрісіндегі космостық денелердің қозғалысы. Бұл типтегі космостық құбылыстардың жекелеген түрлерін бөліп көрсету қажет. Олар:

- 1) аз массалы космостық денелердің көп массалы денелер

айналасында қозғалуы, мұнда жүйе массаларының орталығы ауыр объектінің массасының орталығына жақын орналасады.

Космостық денелердің *спутнигі (серігі)* деп олардың айналасында (ауырлықтың негізгі орталығы) тартылыс күштерінің ықпалымен айналатын объектілерді атайды. Ай – Жердің бірден-бір табиғи серігі, ал Жердің жасанды серіктерінің саны қазіргі кезде 7500-ден асады. Меркурий мен Венерадан басқа Күн жүйесі планеталарының бәрінің серіктері бар, Марста 2 спутник, Юпитерде 17 спутник, Сатурнда - 30, Уранда - 20, Нептунда - 8 және Плутонда - 1 спутник. Үлкен астероидтардың да серігі бар, яғни кішігірім астероидтар. Күн жүйесінің бүкіл планеталарын Күн жүйесінің серіктері деп санауға болады.

Біздің Галактиканың 2 үлкен серігі бар – Үлкен және Кіші Магеллан Бұлтты және 14 кішігірім жұлдыздар жүйесі.

2) *Массасы бойынша салыстырмалы екі немесе одан көп космостық денелердің массалардың негізгі орталығы айналасында айналуы.* Оған мысал ретінде қосжұлдыздарды, жұлдыздар шоғырын және галактиканы айтуға болады.

Орталық денемен қатар өзге космостық денелердің тарапынан болатын тартылыс салдарынан космостық денелердің қозғалыс сипаттамасының өзгеруі ауытқу деп аталады және екі дененің есебі, яғни Кеплер заңдары негізінде шығарылған траекториялардан ауытқу түрінде бақыланады. Ықпал етудің қуаты мен уақытына байланысты ауытқулар *ғасырлық және кезеңдік* деп бөлінеді, олар космостық денелердің орбиталарының эволюциясында маңызды рөл атқарады.

Ғасырлық ауытқулар космостық денелердің өзара орналасуына тәуелді және уақыт өте келе біртіндеп шоғырлана отырып, бір бағытта өрбиді. Күн жүйесінде ғасырлық ауытқулар шығыс бұрыштың ұзақтығын және планеталық денелер орбитасы перигелиясының (Күнге жақын орналасқан нүктесі) ұзақтығын ғана өзгертеді; ал біздің планеталық жүйеміздің құрылымы уақытқа қатысты өзгермейді.

Ұзақмерзімдік және қысқамерзімдік ауытқулар космостық денелердің салыстырмалы орналасуына тәуелді, олардың орбиталарының барлық элементтерін кезек-кезек қарама-қарсы бағыттарда өзгертеді және мезгіл-мезгіл қайталаанады.

Космостық жүйенің ішіндегі космостық денелердің қозғалысында кеңінен таралған орташа қозғалыстардың өлшемдестігі – орбиталды резонанстар ерекше рөл атқарады: яғни, Сатурн мен Юпитердің Күнге қатысты айналу периодтары 5:2 қатынасымен; Уран мен Нептун 1:2; Нептун мен Плутондыкі 2:3 түрінде сипатталады. Планеталық орбиталардың резонанстары шамамен 4,5 миллиард жыл бұрын, Күн жүйесінің түзілуі дәуірінде пайда болды. Резонанстық орбитаға Меркурий мен Венера, планеталардың көптеген серіктері, астероидтар мен кометалар ие [4].

Ауытқулардың болуы ұзақ уақыт бойына аспан денелері орбитасының дәл есебін шығаруға кедергі келтіреді. Дәл есептеулер жүргізудің мүмкін еместігіне ең алдымен космостық денелердің кішігірім, оның ішінде гравитациялық емес ауытқуларға қатысты орбиталарының локальдық тұрақсыздығы себеп. Бұл ауытқулардың қосындысы ұзақ мерзім бойы орбиталардың элементтеріне болжаусыз әсер етеді. Күн жүйесінің тұрақтылығы жайлы мәселе ХХ ғасырдың көптеген көрнекті ғалымдарын мазалаған болатын, алайда ең қуатты электронды есептегіш машиналар бар болғанның өзінде де қазіргіден 15 миллион жылдай бұрынғы мерзімдегі планеталардың орбиталары элементтерін есептеп шығару тіпті мүмкін емес. Юпитердің, Сатурнның, Уранның, Нептун мен Плутонның алты дене есебін сандық шешу шеңберінде Күнге қатысты қозғалысының бірінші теориясы 1951 жылы құрылды. 1980-ші жылдардың басында Күн жүйесінің 9 планетасының, Айдың және бес ірі астероидтың қозғалысын сипаттайтын DE200/LE200 теориясы әзірленді. Ол

планеталардың *эфемеридін* (Күннің, Айдың және т.б. аспан координаттарының кестесі) құрудың негізіне айналған 16 дененің есебі шеңберінде жүзеге асты. Қазіргі тұста Күн жүйесінің үлкен планеталары қозғалысының сандық-аналитикалық теориясын жасау әлі аяқталған жоқ.

Ауытқулардың салдарынан мынадай космостық құбылыстар жүреді:

1. Қозғалыстағы аспан денесін оның қозғалыс траекториясын параболалықтан немесе гиперболалықтан эллипстікке құбылта отырып ұстап алу. Массивті орталық дененің ауырлық өрісінде қозғалыс классикалық траекториялар – эллипс, парабола және гипербола бойынша жүретіні белгілі. Мұнда ұстап алынған аспан денесі оны өз тартылыс күшімен ұстап алған массивті аспан денесінің спутнигіне айналады. Көптеген алып-планеталардың спутниктері ілгеріде осы планеталардың гравитациялық өрісі ұстап алған астероидтар болған. Мысалы, Шумейкер-Леви-9 кометасы Юпитердің гравитациялық өрісімен ұсталды, сөйтіп өз орбитасын эллипстікке өзгертті және кезекті жақындау кезінде планетамен соқтығысты.

2. Аккреция – айналадағы космостық кеңістіктен заттың космостық дененің тартылысының әсерімен оған құлауы.

3. Көтерілу – космостық денелер литосферасы мен гидросферасының өзге космостық денелер тартылысының ықпалы нәтижесінде деформацияға ұшырауы. Жерде көтерілулер Ай мен Күннің бүкіл Жерді тұтастай және оның су қабатын тартуы арасындағы әркелкілік салдарынан теңіздер мен мұхиттардағы су деңгейінің маусымдық көтерілуі немесе төмендеуі ретінде байқалады. Көтерілулер мен қайтулар тәулігіне 2 рет жүреді. Ай текті көтерілулер күн көтерілулерінен 2,2 есе қуатты. Олардың орташа ұзақтығы 12 сағат 25 минут. Ең жоғары (сизигийлық) көтерілулер айдың тууы мен толуынан 1-2 тәулік өткен соң, Ай мен Күн тарапынан тартылыс күштерінің бағыттары сәйкес келген кезде жүреді. Көтерілуге алғаш рет ғылыми түсінік берген И. Ньютон болатын. Көтерілулер энергиясын пайдалану теңіз жағалауындағы елдердің энергетикасына елеулі үлес қоса алады. Осындай көтерілу электростанциялары Ресейде, АҚШ-та және бірнеше елде бар.

4. Прецессия – Жердің айналу осінің өзінің орташа орналасу аумағы айналасында $23,5^\circ$ бұрышымен конус бойынша орын ауыстыруы. "Прецессия" ежелгі грек тілінен аударғанда «күн теңесуінің алды» дегенді білдіреді. Прецессияның жиынтық себептері: а) Ай мен Күннің тартылыс күштерінің әсері; ә) Жер экваторында оның полюстерде «сүйірленуі» салдарынан «артық массаның» болуы; б) жер экваторының эклиптика жазықтығына $23,5^\circ$ бұрышпен еңкеюі; в) Жердің өз осін айналуының гироскоптық эффекті.

Прецессияның космостық құбылысының салдары аспан құбылыстарына байланысты:

- көктемгі және күзгі күн теңелуі нүктелерінің эклиптика бойымен бір зодиакалды шоқжұлдыздан екіншісіне жылына $0,52^\circ$ жылдамдықпен ауысуы;
- әлем полюстерінің аспан сферасы бойынша конус түріндегі қозғалысы;
- жұлдыздық жылдың тропикалықпен салыстырғанда аса ұзақтығы;
- аспан шырақтарының экваторлық координаттарының өзгеруі және т.б.

Тартылыс күштерінің салдары туралы сөз қозғағанда планеталар мен жұлдыздар атмосферасының шар тәріздестігін де атап айту қажет. Жер маңындағы космостық кеңістікте Жер, Ай және Күннің тартылыс күштері өзара бірін бірі теңестіретін нүктелер бар. Осы аймаққа орналасқан Жердің жасанды серіктері және басқа да космостық аппараттар, сондай-ақ космостық тозаң бұлттары өз орбиталарында шектеусіз ұзақ уақыт бола алады. Мұндай аймақтар *Лагранж нүктелері* (олардың бар екенін болжап айтқан XIX ғасырдағы француздың физик-астрономының

күрметіне аталған) деп аталады және оларды аспан денелерінің кез-келген жүйесінен табуға болады.

Күннің тарапынан болатын тасу күштері оған жақын орналасқан планеталардың өз осінен айналу жылдамдығын азайтады: меркурийлік жыл ($87,94^d$) $3/2$ меркурийлік тәулікті құрайды ($58,64^d$); Венераның Күнді айналуы ($224,7^d$) мен өз осін айналу кезеңдері ($243,0^d$) шамамен сәйкес келеді [5].

Бүкіләлемдік тартылыс - әлемге қатты әсер етуші күш.

ӘДЕБИЕТТЕР

5. Григорьев В.И., Мякишев Г.Я. Силы в природе. – М.: Наука, 1988. – 448 с.
6. Янчилин В.Л. Неопределённость, гравитация, космос. - М.: Едиториал УРСС, 2003. - 248 с.
7. Купер Л. Физика для всех. Т.1. Классическая физика. – М.: «Мир», 1973. – 477 с.
8. Основы небесной механики // <http://www.astronet.ru>

ӘОЖ 519.6

ҚАРАПАЙЫМ САНДАРДЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ТУРАЛЫ ТҮСІНІКТЕР МЕН ТАНЫМДАР

Г. Байсалхан, магистрант

Ғылыми жетекшісі: филос.ғ.к.доцент **Аликенова К.Н**

ЖГУ имени И. Жансугурова, г.Талдықорған gulnaz-gkb@mail.ru

Бұл мақалада сан ұғымының қалыптасуы жайлы түсініктеме және сан ұғымы туралы әр ұлттың көзқарастары мен ырымдары айтылады.

В данной статье рассмотрено формирование понятий о числах, а также взгляды и суеверия разных народов о числах.

This work is devoted to formation of concepts of numbers, also concepts of believe about numbers in different nations.

Кілт сөздер: сан, таным, ырым, философия, математика.

Сан — мөлшерді сипаттайтын, санауда пайдаланылатын абстракт нәрсе. Сан — математиканың негізгі ұғымдарының бірі. Қарапайым түрде алғашқы қоғамдарда-ақ пайда болған, кейін бірте-бірте қолданыс аясы кеңейіп әрі жалпыланды. Кейбір заттарды санауға байланысты бүтін оң (натурал) Сан дар ұғымы, кейіннен Сандардың натурал қатарының (1, 2, 3, 4, ...) шексіздігі туралы идея пайда болды. Сан ұғымының алғашқы кеңеюі — натурал Сандарға бөлшек Сандардың қосылуы болды. Ол ұзындықты өлшеу, ауданды табу, сондай-ақ, атаулы шамалардың үлесін бөліп шығару қажеттілігіне байланысты қолданысқа енгізілді. Теріс сандар арифметикалық есептерді шешудің жалпы тәсілдерін беретін алгебраның ғылым ретінде дамуына байланысты шықты. Бүтін, бөлшек (оң және теріс) және нөл сандары рационал сан деп аталды. Айнымалы шамалардың шексіз өзгеруін зерттеу үшін Сан ұғымы кеңейтіліп, нақты сандар жиынтығы пайда болды. Шамалардың қатынасын (мыс., квадрат диагоналының оның қабырғасына қатынасы) дәл өрнектеу қажеттігі иррационал сандар ұғымын енгізуге себепші болды. 16 ғ-да квадрат және куб тендеулерді шешуге байланысты жорымал сандар ұғымы енгізілді. Сан ұғымы дамуының соңғы кезеңі комплекс Сандардың енгізілуі болды. Бұл идея 16 ғ-да 3- және 4-дәрежелі алгебр. тендеулердің шешімін табуға байланысты пайда болған. [1]

Сандардың мынандай түрлері бар:

- Дағдылы сандар — дағдылы сандар жиынын \mathbb{N} деп белгілейді.
- Бүтін сандар — бүтін сандар жиынын \mathbb{Z} деп белгілейді.
- Тиімді сандар — тиімді сандар жиынын \mathbb{Q} деп белгілейді.
- Рабайсыз сандар — рабайсыз сандар жиынын әдетте \mathbb{I} деп белгілейді.
- Нақты сандар — нақты сандар жиынын \mathbb{R} деп белгілейді. Нақты сандардың өздері

алгебралық және трансценденттік болып бөлінеді.

- Терім сандар — терім сандар жиынын \mathbb{C} деп белгілейді. Бұдан әрі кватерниондарға содан кейін октав болып күрделенеді.

Реті бұлай болады: $\mathbb{N} \subset \mathbb{Z} \subset \mathbb{Q} \subset \mathbb{R} \subset \mathbb{C} \subset \mathbb{H} \subset \mathbb{O}$ ^[2]

Тіршілік ете бастаған алғашқы кезеңде адам баласы жазу-сызудан бұрын-ақ санауды үйренгені хақ. Сан туралы ұғым адамзат мәдениетінің тууымен және оның дамуымен тығыз байланысты. Шынында, егер осы ұғым болмаса, өзіміздің рухани өміріміз бен практикалық қызметімізді тиісті дәрежеде көрсете алмас едік. Есеп – қисап жүргізу, уақыт пен қашықтықты өлшеу, еңбек нәтижесінің қорытындысын есептеу тағы сондай тұрмыстық қолданымымыздағы есеп-қисаптар сан ұғымынсыз мүмкін емес еді.

Адамзат баласы сандардың атауын ойлап тапқанға дейін саусақтар есептеудің ең қолайлы құралы болып келді. Саусақтарыңа қарап-ақ, сандарды атамастан оларды көз алдыңа елестете аласың. Саусақтар мен сандар арасындағы байланыс көне замандардан бері бар. Тіпті қазір де біз “сан” сөзін пайдаланамыз. Ол “саусақ” деген ұғымды білдіреді. Ең алғашқы сандар, яғни цифрлар б. з. д. 2 мыңжылдықта болған деседі. Тарихқа жүгінсек, дерек көздері сандардың ежелгі Вавилонда қолданылғанын айғақтайды. Ол кезде сандар 1 мен 0-ден ғана тұрған секілді. Бірлік, ондық, жүздікті құрайтын санақ жүйесі болған. Кейіннен атакты ойшыл Пифагор сандарды 1-ден 9-ға дейін қысқартқан. Бірнеше бірліктерге бөлген. Ол өз шәкірттеріне сандар әлемді билейді деп үйреткен. Әрбір сан, цифрдың түбінде қандай да бір ой, идея жатады. Сол идеяның мән-мағынасын түсіну үшін ғалымдар арнайы ғылым - нумерологияны ашқан. Нумерология арқылы әр санның шығу тәркінің, мән-мағынасын, оның адам өміріне деген әсерін ұғынуға болады. Нумерологияшыл ғалымдардың ойынша әр адамның жаны өзінің нумерологиялық кодымен тікелей байланысты. Ол кодты шеше білген адам өз тағдырының толық иесі бола алады.^[3]

Қазақ халқыда бір санынан бастап әр санның қадірі мен қасиетін салмақтап, өзіне тән ерекшелігін саралай білген, орнына, маңызына сай қолданған. Әр санда өзіндік кие болатынын, мақсаты мен мағынасы болатынын сезе, түйсіне білген. Әр санның өзіндік қасиеті шарифатқа қатысты, тәрбиелік мәні, саналы орны болған. Ұлы ғұлама, әлемнің екінші ұстазы Әбу-Насыр Әл-Фараби бұдан мың жылдан аса уақыт бұрын «адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек. Тәрбиесіз берген білім адамзаттың қас жауы»-деген қағидасын ұстанған. Ал Пифагор болса: «Әр сан өзіндік ерекшелікке ие» деген екен. Ғалымдардың бұл тұжырымдарына сену-сенбеу әркімнің өз еркінде. Басқа ғылымдар мен дін қағидаларының да болжамдарға сай келе бермеуі мүмкін. Дегенмен, әр санның адам өмірінде белгілі бір маңыз иеленетін жоққа шығара алмаспыз.^[4]

Сандардың атаулары, шығу тарихында көптеген сыр жатыр. Апта күндері «сенбі» сөзінің алдына парсының 1-жек, 2-дүй, 3—сей, 4-сәр, 5-бей реттік сан есімдерін қою арқылы жасалған. Ағылшын тіліндегі апта күндерінің атауларын қарастырайық: Sunday- жексенбі, Monday –дүйсенбі, Tuesday –сейсенбі, Wednesday-сәрсенбі, Thursday-бейсенбі, Friday –жұма, Saturday –сенбі. Қазақ тілінде апта күндерінің атауларының жоғарыдағы жасалуын ескере отыра, ежелде апта барлық халықтарда жексенбіден басталған деп түсітеміз.

Қарап отырсақ, әркімнің өзі сенетін бақытты және бақытсыз сандары болады. Біреудің бақытты саны - 13, бақытсыз саны - 9 делік. Мұндайға шын көңілімен сенетіндер айдың 13-і күні кез келген тірлігін сенімділікпен іске асырады. Ал 9-ы күні әр қадамын абайлап басып,

тіпті үйден шықпай, төрт қабырғаның ішінде күн ұзаққа қамалып отырып алатындар да бар. Сөйтіп, ол 13 саны байқалған жерде батыл жүрсе, 9-дан үнемі сақтанады. [5]

Халқымыз қашан да 3,5,7,9, тіпті 10 сандарына ерекше мән беріп, оның астарына терең үнілген. Тағылымдық жағы, тәрбиелік мәніне ден қойған. Өзіміздегі «жеті қазына», «ер кезегі үшке дейін», «сәрсенбінің сәтті күні», «алтау ала болса ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса төбедегі кетеді» деген секілді ұғымдарымыз, орыстардың «қасиетті үштігі», америкалықтардың естігенде жандары түршігетін, күні бойы үреймен өткізетін «айдың 13-дегі жұмасы», қытайдың 8 санын бақыт, байлықтың нышаны деп ал 4 санын өлім әкелудің белгісі деген секілді тағы басқа түсініктер жоғарыда айтқанымызға дәлел бола алады.

Қазақ халқында сан атаулының бәрі бірдей қолданылмайды. Атап айтсақ, ерекше мәнде қолданылатын «төрт», «жеті», «тоғыз», «қырық» сандары. Сан есімдердің ішінде кейбір сандар сандық мәнімен қатар басқа мағынада қолданылуымен ерекшеленеді. Бұндай жағдай, әсіресе осы сандардың тұрақты тіркестерде, аңыз-әңгімелерде, жыр-дастандарда, салт-дәстүрлерде және басқа дүниетанымға байланысты қолданылғаны көзге анық түседі. Сонымен бірге бұл құбылыстың тарихы да арыда жатқаны байқалады.

Жердің жүзін мекендеген халықтардың көбісі ерте кезден-ақ жеті санында сикырлық күш бар деп санаса, оны киелі, қасиетті деп ұғатын да ұлттар бар. Біздің ата-бабаларымыз да жеті санын қастерлеп, бірқатар таным-түсінігі мен табиғат құбылыстарын, аспан денелері мен заң, жүйелерді жеті санымен атайды. Аллаһ Тағаладан пенделеріне түскен қасиетті кітаптардың бірі – Тауратта жеті саны 500 рет қайталанатын.

Қазақ халқында 7 саны - ерте замандардан киелі сан болып есептеледі. Ол дегеніміз - 7 қазына, ұлттық тағамдардағы 7 түрлі қоспалар, әлемнің 7 кереметі, аптаның 7 күні, кемпіркосақтың 7 түсі, Жетіқаракшы жұлдызы т. б. Ертегілерде 7 батыр, 7 ағайынды, 7 ұл, 7 қыз... т. с. сияқты болып кездеседі. Халқымыздың ежелгі дәстүрінің бірі, бала туғаннан кейін 7 күннен кейін тойлап, адам дүниеден өткеннен кейін 7 күннен кейін жетісін өткізеді. Қазақтардың таным - түсінігінде Жеті атасын білу деген салтымыз бар. Бұл – қазақ халқының дәстүрлі салт-санасында адамның ата жағынан тегін таратудың нақты жүйесі. Әрбір қазақ баласы өзінен бастап жеті атасының аты жөнін білуге міндетті. Мұны әке-шешесі, ата-әжесі үйретіп, жаттатуға тиіс. Егер адам 7 ұлттың тілін білетін болса – дана адам болып есептеледі. Қазақтарда мынадайда ырым бар, кімде-кім өз жанында жайсыздық сезінетін болса, өзінің немесе жақындарының өміріне қауіп төніп тұрғанын сезініп, киелі жұма күні - 7 шелпек пісіреді. Бұл 7 шелпекті 7 үйге таратып беру керек. Сондай-ақ шелпекті жеген адам «Қабыл болсын» деп, ал берген адам «Әумин» деп айту керек. Осы тұрғыда қазақтарда «Өлі разы болмай, тірі байымайды» деген мақалда бар. Яғни, осылай аруақтарды еске алып отырса адамның өмірде жолы болып отырады, аруақтар қолдап, қоштап жүреді деген мағына береді. Сол себепті де 7 саны сәттілік, ырыс-береке әкелетін киелі сан болып есептеледі.

КЛАССИФИКАЦИЯ ТЕХНОЛОГИЙ ФОРМИРОВАНИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО ИНТЕЛЛЕКТА У СТУДЕНТОВ В ПРОЦЕССЕ НЕПРЕРЫВНОГО ПЕДАГОГИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ

В.Н. Белкина, д.п.н., профессор

Т.Г. Шкатова, к.п.н., доцент

ЯГПУ им. К.Д. Ушинского, г. Ярославль, РФ

Мақала педагогикалық ЖОО-дары мен колледждарда студенттерді кәсіби даялаудың технологиясын жасау және жүйелендіру мен таңдау проблемасына арналып жазылған. Педагогтың кәсіби құзыреттілігінің құрылымы мен мазмұнын авторлық түсінушілік контекстінде студенттерді оқыту технологиясын классификациялауға деген мүмкін ықпалдардың бірі көрсетілген (мектепке дейінгі білім беру мысалында). Студенттерді педагогикалық даялаудың нәтижелілігі, оқыту технологиясы мен әдістерінің өзараықпалдастығы қарастырылған.

Статья посвящена проблеме выбора, систематизации и разработки технологий профессиональной подготовки студентов в педагогическом колледже и вузе. Представлен один из возможных подходов к классификации технологий обучения студентов в контексте авторского понимания содержания и структуры профессиональной компетентности педагога (на примере дошкольного образования). Обсуждается также взаимосвязь технологий обучения и методов измерения их эффективности в педагогической подготовке студентов.

The article is devoted to the problem of choosing, organizing and developing technology training students in the teacher training college and university. One of the possible approaches to the classification of student learning technologies in the context of the author's understanding of the content and structure of the professional competence of the teacher (for example, pre-school education). We discuss the relationship of learning technologies and methods to measure their effectiveness in teacher training students.

Ключевые слова: *непрерывное педагогическое образование, профессиональная компетентность, структура профессиональной компетентности педагога дошкольного образования, технологии профессионального образования, классификация технологий профессиональной подготовки педагогов*

Высшее педагогическое образование России переживает сегодня серьезные преобразования: оно стало многоуровневым, утвердился компетентностный подход к оценке эффективности подготовки профессионала. Логично, что два основных термина вошли в научный, методический и технологический обиход - компетентность и компетенция, обретя при этом несколько иное, чем было это принято ранее, содержание. Компетенция понимается в педагогической литературе как интегративное умение, определяющее возможность субъекта решать широкий круг профессионально ориентированных задач. Компетентность – как обладание совокупностью компетенций.

Эти термины, если не назывались, то содержательно входили в структуру готовности выпускника к профессиональной деятельности. Сейчас же по-иному расставлены приоритеты. И как следствие – необходимость внедрения новых технологий обучения студентов, направленных на формирование субъектной позиции обучаемого, его активности, самостоятельности и ответственности, а также на разработку новых методов измерения готовности выпускника к профессиональной деятельности, поскольку ранее акцент был сделан на оценку профессиональных знаний, в лучшем случае – первоначальных профессиональных умений. На этом пути много трудностей.

Прежде всего, неоднозначно понимается структура и содержания профессиональной педагогической компетентности. В частности, в наших исследованиях мы выделяем такие составляющие профессиональной компетентности педагога дошкольного образования, как коммуникативность, рефлексивность, креативность, профессиональную направленность, профессиональный интеллект, организаторскую компетенцию, понимая при этом условность такого выделения, тем более что ни одна из них не может рассматриваться изолированно от других. Кроме того, у каждого преподавателя колледжа, вуза сложились свои педагогические стереотипы в использовании в образовательном процессе определенных и эффективных (субъективно или объективно) технологий обучения и измерения результатов. И, наконец, сложно эффективно согласовать педагогические действия всех участников образовательного процесса.

Вместе с тем, опыт работы, в частности, отечественной профессиональной школы, показывает, что вполне возможна классификация как технологий обучения студентов, так и сопряженных с ними методов измерения результатов их подготовки.

Одну из возможных классификаций технологий развития *профессионального интеллекта* у студентов представим в данной статье с учетом того обстоятельства, что в каждой компетенции выделяются, как минимум, три содержательных уровня: профессиональные знания, первичные профессиональные умения, интегративные умения (или умения решать широкий круг профессиональных задач).

Первая группа технологий ориентирована на овладение будущим педагогом профессиональными *знаниями*.

К ним можно отнести, например, **технологии полного усвоения**, предполагающие прохождение студентом законченного цикла приобретения знаний (получение информации, переработка, понимание, закрепление, оценка преподавателем и студентом). Эти технологии обозначены в дидактике высшей школы как наиболее распространенные.

К этой же группе мы отнесли бы и технологии, основанные на дифференциации и индивидуализации обучения, во всяком случае, тот их аспект, который связан с усвоением студентами профессиональных знаний. Они также широко известны, включают в себя анализ педагогом учебной ситуации, комплектование заданий в

соответствии с особенностями мотивации, уровнем подготовленности к деятельности, в том числе и учебной, темпом продвижения, личностными особенностями.

Сегодня интерес представляют и технологии концентрированного (или близко к ним примыкающие технологии) **модульного обучения**. Они направлены на выявление и усвоение студентами внутри- и межпредметных связей, более углубленное познание наиболее важных элементов курсов, их анализа, систематизации, структурирования.

Первая группа технологий демонстрирует скорее общие подходы к организации образовательного процесса в профессиональной школе.

Вторая группа технологий направлена на развитие способности будущего педагога к анализу, обобщению, интерпретации педагогической действительности и процесса развития ребенка.

К таковым можно отнести классическую **технология проблемного обучения**[3]. Под проблемным обучением, как правило, понимается тип развивающего обучения, в котором сочетаются систематическая самостоятельная поисковая деятельность студентов с усвоением ими готовых выводов науки. При этом взаимодействие процессов преподавания и учения ориентировано на формирование познавательной самостоятельности, устойчивости мотивов учения и мыслительных (включая и творческие) способностей обучающихся в ходе усвоения ими научных понятий и способов деятельности, детерминированных системой проблемных ситуаций. Формирование профессионального мышления студентов - это, по сути дела, выработка творческого, проблемного подхода в будущей профессиональной деятельности [6, 7, 8]. Проблемная ситуация есть "особый вид умственного взаимодействия объекта и субъекта, характеризующийся таким психическим состоянием субъекта (учащегося) при решении им задач, который требует обнаружения (открытия или усвоения) новых, ранее субъекту неизвестных знаний или способов деятельности" (А.М. Матюшкин). К видам проблемного обучения относят "научное" творчество, практическое творчество, художественное творчество (литературные сочинения, рисование, написание музыки, сочинение игры и т.д.).

Одной из форм проблемного обучения является **интеллектуальный диспут**. Диспут, или научная полемика, - это форма сотрудничества, которая используется для изучения двух различных точек зрения по какой-либо проблеме с целью установления истины (правильной точки зрения). В различных исследованиях установлено, что мышление в споре интенсивно развивается (Ж. Пиаже и др.). Поэтому данная технология должна иметь свое место в педагогическом процессе. В виде диспута можно проводить, например, семинарское занятие по теоретическим и прикладным вопросам психологии, педагогики, частных методик. В этом случае диспут позволяет студенту более глубоко вникнуть в проблему, проанализировать различные точки зрения на нее в научной и методической литературе, попытаться найти аргументы в пользу той позиции, которую он будет отстаивать во время диспута. Важно и то, что не только преподаватель, но и студенты могут делать выводы о достоинствах и недостатках того или иного подхода к решению проблемы.

Известной сегодня в педагогической среде можно назвать и **технология критического обучения** (Дж. Стил, К. Мередит, Д. Огл, Ч. Темпл.), которая направлена не только на формирование критической позиции обучающегося, но и развитие способности сформировать свое мнение в процессе поиска соответствующей информации, изменять свои взгляды при обнаружении новой достоверной информации [5].

Концепция критического мышления содержит четкое описание навыков и умений, относящихся к критическому мышлению (интерпретация, анализ, оценка, выводы, объяснение, самоконтроль).

Интерпретация: категоризация, декодирование значения, выявление смысла.

Анализ: рассмотрение идеи, поиск аргументов, анализ аргументов.

Оценка: оценка утверждений, оценка аргументов.

Выводы: проверка данных; рассмотрение альтернатив, формулировка выводов.

Объяснение: изложение результатов, процедура обоснования, изложение аргументов.

Самоконтроль: самопроверка, самокоррекция.

Модификацией стратегии критического мышления является **технология рефлексивного обучения**, основанная на «Модели Педагогического Рассуждения», разработанной Л.Шульманом[9]. Она включает в себя цикл действий: осмысление, трансформацию, оценку, обдумывание и новое осмысление. В данной технологии рефлексия рассматривается как существенная часть профессионального роста. Освоение педагогических знаний в рамках технологии рефлексивного обучения основано на обдумывании собственного опыта и опыта коллег, через использование разных методов: теоретического информирования, разбора ситуаций, исследовательской практики. В стратегиях рефлексивного обучения используется такое средство обучения, как *диалогический журнал*, который ведет студент.

С таких позиций определенный интерес представляет **технология ассертивного обучения**, которая своей основной целью ставит развитие умений внимательно слушать, понять точку зрения другого человека, достигать рабочего компромисса [5].

Ассертивность — это философия личной ответственности и толерантности. Основной составляющей ассертивности является наличие самоуважения и уважения к другим людям. Процесс обучения предполагает эффективное общение, в котором формируется модель ассертивного поведения – уверенности и позитивной установки. В программы обучения включаются тренинги, занятия с разбором критических случаев, дискуссионные методы, ролевые игры. В ходе обсуждения участникам предоставляются возможности для выражения различных мнений и точек зрения.

Рефлексивные практики востребованы также в **технологии контекстного обучения**, разработанной в научно-педагогической школе А.А. Вербицкого. Контекстным следует считать такое обучение, в котором на теоретическом уровне и с помощью системы форм, методов и средств обучения моделируется предметное и социальное содержание деятельности [4].

Контекст – это система внутренних и внешних факторов деятельности человека в конкретной ситуации. При этом внутренний контекст составляет совокупность индивидуальных особенностей, отношений, знаний и опыта человека, а внешний – социокультурных, предметных, пространственно-временных и иных характеристик ситуации действия и поступка.

Основной единицей содержания контекстного обучения является *ситуация*. В теории контекстного обучения трем базовым формам обучения соответствуют три обучающие модели: семиотическая, имитационная и социальная. Особая роль в концепции контекстного обучения принадлежит понятию «профессионального контекста» — совокупности предметных задач, организационных, технологических форм и методов деятельности, ситуаций, характерных для определённой сферы профессионального труда [1].

Чрезвычайно распространенной сегодня в педагогической практике, в том числе и высшей школы, является **технология проектов**[3].

В основе метода проектов лежит развитие познавательных навыков студентов, умений самостоятельно конструировать свои знания, умений ориентироваться в информационном пространстве, развитие критического мышления. Метод проектов всегда ориентирован на самостоятельную деятельность, индивидуальную, парную, групповую, которую учащиеся выполняют в течение определенного отрезка времени. Этот подход органично сочетается с групповым (cooperative learning) подходом к обучению. Метод проектов всегда предполагает решение какой-то проблемы, предусматривающей, с одной стороны, использование разнообразных методов, средств обучения, а с другой стороны - интегрирование знаний, умений из различных областей науки, техники, технологии, творческих областей. Результаты выполненных проектов должны быть "осязаемыми", т.е. если это теоретическая проблема, то конкретное ее решение, если практическая - конкретный результат, готовый к внедрению. Важно и то, что результаты выполненных проектов должны быть соответствующим образом оформлены, а это тоже является одним из интегративных умений выпускника.

Одним из способов организации познавательной деятельности обучающегося является реализация **технологии «Мастерские»**[3]. Она зародилась во Франции, но принципы ее построения (свобода мнений, доброжелательное отношение партнеров, отсутствие оценки, понимание того, что нет готового ответа на любой вопрос, поиск решений и др.) вполне вписывается в идеи субъект-субъектного подхода, широко сегодня распространенного, в том числе, и в российском образовании.

Мастерская организуется педагогом (мастером) по определенной проблеме и состоит из ряда подготовленных взаимосвязанных заданий, которые направляют работу студентов в нужное русло. Но внутри каждого задания студенты абсолютно свободны. Они всякий раз находятся в ситуации выбора: пути, средств, темпа работы, вида деятельности, учебного материала, способа предъявления результата, участников общения в паре и малой группе и др. Таким образом, в мастерской информация не "выдается" преподавателем, нет простой передачи знаний. Знания выстраиваются в процессе познавательной поисковой деятельности учащихся.

Проведение мастерской предполагает использование совокупности научных приемов, методов, позволяющих преподавателю (мастеру) применить свои знания и умения, организовать целенаправленную, увлекательную, творческую работу учащихся, которая раскрепощает, улучшает настроение и всегда дает положительный результат.

Таким образом, мастерская дает возможность преподавателю уйти от штампов и жестких рамок учебников и учебных пособий, а студентам - увидеть предмет или явление с неожиданной стороны, что немаловажно.

В практике работы педагогов используются три вида мастерских.

1. Мастерские построения знаний (изучение нового материала).
2. Мастерские реконструкции знаний (обобщение и систематизация знаний).
3. Мастерские восстановления знаний.

Такие технологии конструируются не только в отечественном образовании, но и за рубежом. Смысл их использования состоит в развитии у студентов аналитических, проективных, конструктивных и др. способностей. Фактически речь идет о формировании интеллектуальных функций, обеспечивающих грамотное ориентирование в профессионально значимых ситуациях. Логично, что на занятиях используется банк педагогических задач, педагогических ситуаций, требующих анализа и решения. Составление комплекса таких задач, связанных с предлагаемыми сегодня компетенциями, требует специальной работы. Специальной разработки требуют и методы оценивания таких умений у студентов. Уместны здесь и тесты, и решение

педагогических (и психологических) задач с анализом и объяснением вариантов, собеседование по результатам изучения ребенка. Выбор методов диагностирования результатов обучения и в этом случае связан с технологиями обучения.

К третьей группе технологий логично было бы отнести те, которые ориентированы на формирование *прикладных педагогических умений*, входящих в структуру профессионального интеллекта и обеспечивающих по сути осмысление педагогической практики («чужой» и собственной).

В частности, в зарубежной профессиональной школе широко используется **технология обучения на основе опыта** (модель Д. Колба).[2] Цикл обучения в данной модели представлен в виде четырех процессов: личный опыт; осмысление опыта; теоретическое обоснование; применение на практике. Именно результат рефлексирования опыта становится базой для логических заключений, представленных в разных формах (схемах, таблицах, рассуждениях, выводах и т.д.). Теоретическое наполнение новой информацией ведет к новому опыту, который осмыслен и «пропущен через себя», тем самым становясь новым расширенным личным опытом.

Одним из вариантов базовой модели Д. Колба стала **модель обучения в практике**, разработанная К. Мелландером.[2] В ней цикл обучения расширен новыми компонентами деятельности. Таких компонентов шесть: мотивация - психологическая готовность и восприимчивость; информация - факты и данные преобразуются в информацию; обработка - информация преобразуется в опыт и понимание; выводы - момент «озарения», когда опыт и понимание превращаются в знание; применение - знание превращается в навыки и подходы; обратная связь - дальнейшие размышления и усовершенствование.

В модели К. Мелландера учение должно состоять из нескольких стадий.

Первая. Знать (что): Вы знаете, что вы знали ранее об этом?

Вторая. Знать (как): Как вы это узнали?

Третья. Знать (почему): Вы понимаете, что это важно, почему это нужно делать таким образом?

Четвертая. Интересоваться (почему): Вы интересуетесь, почему нужно делать те или иные действия?

Эти стадии одновременно являются и содержанием рефлексирования, позволяющим сделать знание личностно значимым.

Эффективны с позиций развития педагогических интегративных умений так называемые **симуляционные технологии** (Х.И. Элиштон, Н.Х Лэштон, Е. Персивалем и др.).[2] Симуляции – это помещение людей в «фиктивные, имитирующие реальность ситуации», с целью обучения или оценки проделанной работы. На основе моделей симуляционного обучения создаются имитационные игры (конфликтные игры, игры для принятия решений, деловые игры, компьютерная имитация на базе деловой игры и др.). Вместе с тем, для формирования компетенций, несомненно, важнее включение студента в профессиональные пробы, квазипрофессиональную деятельность, обеспечивающую непосредственное участие в решении педагогических задач, хотя и под руководством опытного наставника.

Близка по своему содержанию и **технология обучения с использованием кейс - метода (casestudy) или ситуационного обучения**, разработанная в зарубежной педагогике высшей школы [2].Casestudy предполагает обучение с использованием моделей реальных ситуаций. Обучающиеся должны проанализировать ситуацию, разобраться в сути проблем, предложить возможные решения и выбрать лучшее из них. Различают *полевые ситуации*, основанные на реальном фактическом материале, и *кресельные* (вымышленные) кейсы.

Использование кейс-технологии позволяет, кроме аналитических, практических и творческих навыков, развивать социальные навыки (оценка поведения людей, умение слушать, поддерживать в дискуссии или аргументировать противоположное мнение, контролировать себя и т.д.) и навыки **самоанализа** (осознание и анализ мнения других и своего собственного).

Технологии третьей группы отработаны в отечественном педагогическом образовании. Сложнее обстоит дело с оцениванием уровня владения профессиональными умениями в реальной педагогической деятельности – что должно выступать в качестве эталона? Ведь у каждого педагога свой индивидуальный стиль профессиональной деятельности. А эффективность контактов студента с ребенком (при изучении ребенка, в условиях педагогической практики) в короткий промежуток времени зачастую оценить нельзя. Но и в таких условиях, максимально приближенных к реальным, те методы измерения компетенций, которые использовались в предыдущих технологиях, малоэффективны. Поэтому широко стали применяться в работе со студентами с точки зрения оценивания индивидуальные и групповые проекты, взаимооценка проведения различных мероприятий с детьми, творческие работы и презентации и т.д.

Таким образом, применение технологий развития профессионального педагогического интеллекта обеспечивает быстрое встраивание студентов в социокультурное и профессиональное пространство педагогической деятельности, формирует и развивает интеллектуальные, творческие и коммуникативные компетенции, студенты приобретают способность проектировать новые формы действия, творчески проявлять себя, выстраивать коммуникацию при групповом решении проблемы, приучаются мыслить, исходя из контрастных сопоставлений. Уровень самостоятельной умственной активности значительно повышается и способствует эффективности всего процесса профессиональной подготовки будущих педагогов в вузе.

ЛИТЕРАТУРА

1. Вербицкий А.А. Активное обучение в высшей школе: контекстный подход [Текст] / А.А.Вербицкий – М.: Высшая школа, 1991.
2. Джонсон Д., Джонсон Р., Джонсон - Холубек Э. Методы обучения. Обучение в сотрудничестве: Пер.с англ. [Текст]/ Д.Джонсон, Р.Джонсон, Э. Джонсон – Холубек. – СПб.: Экономическая школа, 2001.
3. Егорова Г.И.Технологии развития интеллектуальной культуры будущего специалиста: учебное пособие - Тюмень: ТюмГНГУ, 2010. - 170.
4. Лаврентьев Г.В. Инновационные обучающие технологии в профессиональной подготовке специалистов [Текст]: учебное пособие: в 3 ч. – 2-е изд. доп./ Г.В.Лаврентьев, Н.Б. Лаврентьева, Н.А. Неудахина. – Барнаул: Изд.-во Алт. ун-та, 2009. – Ч.2.
5. Морева Н.А. Технологии профессионального образования: учебное пособие. – М.: Издательский центр «Академия»,2008. – 432 с.
6. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования: Учеб.пособие / Е.С. Полат, М.Ю. Бухаркина, М.В. Моисеева, А.Е. Петров; Под. ред. Е.С. Полат. - М.: Издательский центр "Академия", 2000.
7. Селевко Г.К. Современные образовательные технологии Учебное пособие. - М.: Народное образование, 1998.
8. Щуркова Н.Е. Педагогическая технология. - М., 2002.

9. Shulman L. (1992, September – October). Ways of seeing, ways of knowing, ways of teaching, ways of learning about teaching. *Journal of Curriculum Studies*, 28, 393-396.

ӘОЖ 378.015(574)

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОҚУ - АҒАРТУ САЛАСЫНДАҒЫ БАСТАМАЛАРЫ

Г.М. Көккозова, магистр-оқытушы

*Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қаласы,
k-gulnur-m@mail.ru*

Бұл мақалада білім беру жүйесінің басты міндеті ұлттық және азаматтық құндылықтар, ғылым мен тәжірибе жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білімді алу үшін қажетті жағдайлар жасау туралы жазылған.

В этой статье главная задача образований национальной и гражданской ценностей, на основе достижений опыта и науки формировать, развивать и профессионального навыки.

In this article, the main task of the national entities and civil values, based on the achievements of science and experience to shape, develop and professional skills.

Кілтті сөзі: «Креативтілік» деген сөздің мәніне үңілсек, ол адамның мақсатты ісіне жету жолындағы талаптануы мен талпынысынан, жігері мен сабырынан, сұранысы мен ізденісінен түзіліп, ақыл-ойы мен сезімінің, қиялының ерекше бітімінен көрінеді.

Жаңа ғасырда прогрессивті өмірге аяқ басқан жастар заман талабына сай өзгеше өмір сүруге дайын болуы керек. Парасатты да саналы азамат болу үшін бүгінгі жастардың білімдері терең де, жан – жақты да болуы тиіс. Қазіргі таңда жоғары оқу орындарында білім берудің кредиттік жүйеге көшуімен байланысты студенттердің шығармашылық әрекетін, білімді өздігінен ізденіс арқылы табудың жолын, жалпы педагогикалық принциптерді басшылыққа алу біліктіліктерін көтеру мәселесі қойылып отырғандықтан, білім беруді ұйымдастырушы-оқытушы мен білім алушы студенттер арасындағы қарым-қатынас дәрежесі мүлдем басқаша жаңа деңгейге көтерілді.

Осының негізінде оқыту әдістері мен оқу әрекеттері түрленіп, өзіндік жұмыстың құрылымы да, мазмұны да, оны ұйымдастырудың педагогикалық-психологиялық мақсаты да кешенді түрде өзгеріске ұшырады. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2011 жылғы 28 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауында «Білім сапасы Қазақстанның индустриализациясының және инновациялық дамуының негізі болуы тиіс» деп атап көрсеткен [1,-176]. Қазіргі кезде біздің республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне еруге бағыт алуда. Қоғам саласындағы өзгерістер мен ғаламды бетбұрыстар сипаты жастардың іс-әрекетіне, қарым-қатынасына жаңаша талаптар қоя бастады. Оларға ең алдымен білікті маман болуы үшін жасампаздық, шығармашылық әрекеттерді жүзеге асыру өзекті мәселе болып отыр. Сондықтан жастардың зор мүмкіндіктерінің, инновациялық ортаға тез бейімделу алғышарттарын, қабілеттерінің даму тетіктерін анықтау мен қалыптастыру қажеттігі туындайды. Бұл ретте жоғары мектепте кәсіби білім берудің маңызды бір құрамдас бөлігі болып табылатын педагогикалық-психологиялық дайындықтың және адам бойындағы әлеуеттерді, шығармашылық қабілеттерді танытуға, қалыптастыруға деген белсенді әрекетті іске асыратын педагогикалық креативтіктің орны ерекше маңызды және мәнді. «Креативтілік» деген сөздің мәніне үңілсек, ол адамның

мақсатты ісіне жету жолындағы талаптануы мен талпынысынан, жігері мен сабырынан, сұранысы мен ізденісінен түзіліп, ақыл-ойы мен сезімінің, қиялының ерекше бітімінен көрінеді. «Креативтілік - проблемалық сипаты бар, барлық ішкі байланыстарды біріктіретін, нәтижеде жаңа материалдық және идеалдық құндылықтар алынатын адамның мақсатты әрекеті» - деп түсіндіріледі философиялық сөздікте [6,-220]. Дарынды, білімді жастар ғана егеменді еліміздің ертенін баянды етіп, қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қоса алады. Сондықтан студенттер оқытушы берген білімді, іс-әрекет тәсілдері мен бағалау өлшемдерін қамтитын қоғамдық және ұжымдық тәжірибе тағылымдарын игеріп қана қоймай, оны әрі қарай өзінің белсенді, нысаналы, зерделі креативтілік іс-әрекетімен сабақтастыруға тиіс. Оны жүзеге асыру студенттердің креативтік белсенділігі мен ізденімпаздығын ынталандыруға септігін тигізетін оқу үрдісін ұйымдастырудың тәсілдерін, әдістері мен нысандарын іздестіруге өзекті сипат береді [2,-12]. Біліктілікті арттыру жүйесін құрудың теориялық, әдіснамалық тұғырларын айқындау міндеттерін алдыңғы қатарға шығарады. Егер жеке тұлғаның өз тарапынан креативтілік белсенділікті қалыптастыру әрекеттеріне бақылау жасамаса, ізденіс нәтижесі бағаланбаса, жетістіктерге жетуге болады деп айту қиын. Өзгелердің тарапынан болатын бақылаудан гөрі, студент өз білім деңгейіне, біліктері мен дағдыларына сын көзбен қарап, бақылау жасауы, оның білімді сапалы меңгеруіне жұмыстың нәтижесін көруде барынша көмектесетіні белгілі [7,-181].

Қазақстан Республикасында білім беруді қалыптастырудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасына сәйкес, білім беру жүйесінде Қазақстанның Болон үдерісіне енуіне жағдай жасалынады және оқу үдерісін ұйымдастырудың дәстүрлі жүйесінің орнына студенттердің өздік белсенді жұмыс істеуін ынталандыруды, жеке білім траекториясын таңдауды, мобильділікті, академиялық еркіндіктің кеңдігін қамтамасыз ететін, әлемдік білім кеңістігінде білім беру құжаттарын тануға мүмкіндік беретін оқытудың кредиттік жүйесі енгізіледі [5,-223].

Кредиттік жүйемен оқытудың басты ерекшелігі: әлемдегі білім берудің ең үздік технологиялық тәжірибелерін қолдана отырып, елімізге қажетті мамандарды сапалы дайындап шығару. Мұнда бұрыннан қолданылып жүрген оқытудың әдіс-тәсілдерімен қатар жаңаша көзқарас тұрғысында студенттің ізденуіне, сапалы білім алуына жағдай туғызу қарастырылған.

Интеллект пен креативтік көрсеткіштері арасындағы өзара қарым-қатынас мәселесі қазіргі уақытқа дейін өзекті болып табылады, бірақ сонымен бірге – пікірсайыстық психология-педагогикалық мәселе де болады, – деп санаймыз.

Отандық психологияда интеллект, шығармашылық қабілеттер, креативтік, дарындылықты ғылыми зерттеу ежелгі дәстүрге ие. Бірінші білімді жаңа материалды ұғыну үстінде қолдану, екіншісі жаңа оқу міндеттерін шешу үстінде қолдану. Бұл кезде студент бұрын алған білімін жаңа мәселелерді шешуге байланыстырып, өздігінен әрекет жасай алады.

Бүгінгі таңда білім беру саласында әр түрлі сипаттағы және бағыттағы инновациялар енгізілуде. Азды-көпті мемлекеттік реформалар жүргізіліп, мазмұнға, ұйымдастыруға, оқыту әдістері мен технологияларына жаңалықтар кіруде. Университеттік білім беру жүйесіне енген жаңалықтарға мына өзгерістерді жатқызамыз:

- оқу-тәрбие мекемелерінің жаңаша басқарылуын;
- білімнің қоғамдағы орны, және сол жүйені қаржыландыру деңгейін;
- кредиттік оқыту жүйесі құрылымын;
- білім беру мазмұнын, яғни оқу жоспарларындағы және бағдарламадағы

өзгерістерін;

- университеттің ішкі ұйымдастырушылық әрекеттері.

Оқу үдерісінің негізгі элементі білім емес, ақпарат. Білім мен ақпараттың арасындағы ерекшелікті былайша түсіндіруге болады. Білім қоғам тәжірибесімен тексерілген, негізгі ерекшелігі шынайылық пен қарама-қайшылық емес болып табылатын әрекетті тану нәтижесі. Ақпарат – көбінесе мәлімет берушілердің, кейде шынайылығы күмәнді, сәйкес келмейтін, тіпті бір-біріне қарама-қайшы пікірлерін көрсететін кез-келген сипаттағы мәліметтер. Креативті оқыту технологиясының ерекшелігі – білім алушының қабілеттерін қалыптастыру мүмкіндігі ретінде алынған ақпараттан білім алу мен жасай білу, яғни тек дайын білімді қолданып қана қоймай, ақпаратты да пайдалану. Креативті ойлау үдерісі жеке семантикалық және мағыналық талаптарға жауап беретін жаңа комбинациялардағы байланыс элементтерін қалыптастыру ретінде анықталады. Жаңа амалдау бір-бірінен неғұрлым алыс болған сайын шешу үдерісі соғұрлым креативті болады. [8,-200].

Табысты орындауды анықтайтын ойлау үдерісінің негізгі сипаттамалары болып табылады:

1. байланыстағы жылдамдық (ұсынылған ынталандыруда сыналудың байланыс неғұрлым көп болған сайын креативті шешімнің туындау мүмкіндігі мол болады);

2. дара байланыстарды ұйымдастыру (неғұрлым креативті субъектіде берік стереотипті байланыстардың ақталған ынталандыруға жауапты саны аз болады);

3. селективті үдеріс ерекшеліктері (пайда болған байланыстың көп санынан неғұрлым сонылы комбинацияларды таңдау қабілеттілігі).

Қазіргі уақытта Қазақстанда білім берудің өзіндік ұлттық үлгісі қалыптасуда. Бұл үрдіс білім парадигмасының өзгеруімен қатар жүреді. Яғни, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастырудағы бағдарламаның рөлі – бұл біздің еліміздегі білімді жастарды қалыптастыру үшін ауадай қажет. Жалпы креативтілік ұғымына қатысты 60-қа жуық анықтамалар бар екенін анықтай отырып, олардың ішіндегі біздің зерттеуіміз үшін мәні бар кейбірін ыңғайлы болуы үшін төмендегідей етіп топтастырдық:

- шығармашылыққа қабілеттілік, соны ойлау: тұлғаны сипаттайтын шығармашылық қабілеттердің деңгейі.

- креативтілік – адамның қалыптан тыс ойлай алуы; индивидтің жаңа идеяларды ашуға қабілеттілігі; шығармашылық дарындылық деңгейі;

- креативтілік тез арада шығармашылық шешім қабылдай алу; креативтілік – индивидтің әлеуметтік мәні бар шығармашылық белсенділігін туғызатын ерекше қасиеті; [9,101-104].

Қорыта келе, адамзат үшін ХХІ ғасыр оқыту технологияларын кеңінен қолданудың, жаңалықтардың ғасыры болмақ. Білім беру жүйесінің басты міндеті ұлттық және азаматтық құндылықтар, ғылым мен тәжірибе жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білімді алу үшін қажетті жағдайлар жасау. Бүгінгі жаһандану заманда жас ұрпаққа әлемдік стандартқа сәйкес білім беру мәселесі республикамызда ғылыми педагогикалық тұрғыда ізденіспен әлемдік жинақталған тәжірибеге отандық қол жеткен табыстарды саралай, ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып білім беру жүйесін жаңаша ұйымдастыру көкейтесті мәселе болып отыр. Қазақстанның әлемдік үрдістерге кірігуі, дамыған елдердің стандарттарына деген ұмтылысы еліміздің жаңа сапалық деңгейге жылдам өту қажеттілігін туындатуда. Осыған орай қазіргі кезде жасалып жатқан реформалар даму институттарының қалыптасуына немесе өсуден тұрақты даму кезеңіне өтуге бағытталған. Қоғамның әлеуметтік-экономикалық және саяси бағыттардағы өрлеуіндегі

осындай өзгерістер өмірдің барлық саласындағы шығармашыл тұлғаның мәртебесін көтеріп, мерейін үстем етуде. Ұлттың шығармашылық әлеуеті де әрбір жеке тұлғаның креативтілік және жаһандану кеңістігіндегі білім берудің модернизациялық жүйесінің деңгейімен анықталады. Көптеген зерттеушілердің өркениеттің өзін әр адамда креативтік болуымен байланыстыруы осыдан. Адам баласына шын мәнінде білімді болуы үшін үш қасиет: жан-жақты білім, ойлауға дағдыланғандығы және сезім дарқандығы қажет. Әрбір тұлғаға осы қасиеттерді сіңіріп, жаңашыл үрдіспен еңбек ететін болсақ, бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыруда өз шешімін табады. Ұлтты жаңа интеллектуалды белеске көтеру туралы Ел президенті қабылдаған үндеуге сәйкес жүргізіліп жатқан білім беру жүйесіндегі деңгей биік болуы үшін студент әрбір сабағын өзіндік ойы, шиеленісуі мен шешімі бар өнер шығармасындай ойластырып, дайындауы қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан – 2030: Барлық Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы. Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. Алматы: Білім, 1997. – 176 б.
2. Н. Назарбаев «Болашақты бірге қалаймыз!» Қазақстан Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. Астана қаласы, Ақорда. 28.01.2011ж, -12 б.
3. Ә.Н. Дәуренбекова Қазақстанда инновациялық дамудың жаңа бағыттары. ҚазҰУ хабаршысы, №2. 2009ж
4. «Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына 2013 жылғы Жолдауы
5. Щербакова Е.Е. Формирование педагогической креативности студентов вуза в условиях профессиональной подготовки. дис. . доктора пед. наук.- Нижний Новгород, 2000. – 223 с.
6. Дронова Т.А. Формирование интегрально-креативного стиля мышления будущих педагогов в образовательной среде вуза: дис. ... кан. пед. наук. – Воронеж, 2005. – 220 с.
7. Пузеп Л.Г. Психологические механизмы развития креативности личности: дис. ... кан. психол. наук. – Омск, 2006. – 181 с.
8. Колпакова А.Н. Креативность студентов-педагогов как фактор их самоактуализации в обучении: дис. ... кан. психол. наук. – Великий Новгород, 2007. – 200 с.
9. Зиновкина М. Креативная технология образования // Высшее образование в России. – 1999. – № 3. – С.101-104.

ИСТОРИЯ

ӘОЖ 901 (574)

ҚЫПШАҚ ТАЙПАЛЫҚ ОДАҒЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ҚАРСАҢЫНДАҒЫ САЯСИ ЖӘНЕ ЭТНИКАЛЫҚ ТАРИХЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

А. Әмірғалиев

*І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің магистранты,
Талдықорған қ.*

amirgaliev-1985@mail.ru

Мақалада қазақ халқының қалыптасуында маңызды рөл атқарған қыпшақ тайпаларының өз алдына мемлекет құру қарсаңындағы саяси, этникалық тарихы және «қыпшақ» этнонимінің пайда болуы мен мән-мағынасы ғылыми тұрғыда қарастырылады.

В статье рассматривается политическая и этническая история кыпчакских племен в период становления их государства, сыгравших важную роль в формировании казахской народности. С научных позиций раскрывается происхождение и этимология этнонима «кыпчак».

In this article regarded political and ethnical history kypchak ipepin to have played an important role in the foyrnation of the kazakh nation with research attitude reveals the origin and etumologu kypchak.

Кілт сөздер: Швей, сеяньто, сир, шыпшақ, туғу, доланге, түрік сир будун.

ҮІ-ҮІІ ғғ. қыпшақтардың үш атауы болғандығы белгілі, яғни қытай жазбаларында – «сеяньто», ұйғырдың Селенгі тасындағы жазбаларында – «қыпшақ», ал түріктердің Орхон ескерткіштерінде – «сир». Сонымен ҮІ ғасырдың аяғында сеяньто тайпасы Орталық Азияның шығыс бөлігінің екі жерінде өмір сүрді. Нақтырақ атап көрсететін болсақ, аз санды бірінші тобы Хангай тауын мекендеп, көрші жатқан телес тайпалары тарапынан қысымға ұшырайды. Ал өте күшті, қуатты болып саналатын екінші тобы Тянь-Шань тауының шығыс бөлігі мен Алтайдың оңтүстік-батыс сілемдері аралығындағы территорияларды қоныстанып, көшіп-қонып жүрді. Олар алғашында Бірінші Түрік қағанатының билеушілерінің билігінде болса, кейіннен, яғни аталған мемлекеттің күйреуіне байланысты Батыс Түрік қағанатының қағандарына бағынышты болды. Бұл жерде сеяньтолықтардың (қыпшақтар) Алтай тауының батысына қарай жайылымдық жерлері деп санасақ, олардың Қазақстан жеріне, далаларына ертеден бауыр басқанын анық байқатады. «Таншу» еңбегіне сүйене отырып, аталған аймақтың Шығыс Қазақстан аумағындағы жерлер, соның ішінде Ертіс өзенінің жоғарғы ағысы болғандығын нақты түрде айта аламыз.

Түрік-телес арасындағы қарым-қатынас орнаған алғашқы уақыттан бастап, телестердің құрамында болған сеяньто тайпасы түркі қағандарының ерекше назарында болды. Түрік билеушілері олардан бекер қауіптенген жоқ және қайткен күнде де, кез-келген уақытта сеяньтолықтарды әлсіретуге тырысты. Мысалы 605 жылы «түріктердің қағаны Шуло телестердің түгелге жуық ұрпақтарын талқандап, оларға салықтар мен алымдарды көбейтті. Сонымен қоса сеяньтолықтар мен басқа да тайпаларға сенімсіздік білдіріп, өздеріне көрсетіп отырған жағымсыз іс-әрекеттерінен қауіптеніп, олардың бірнеше жүз көсемдері мен басшыларын жинап, барлығын өлтіреді. Бұндай қатігездікке шыдамаған телелер Шулоға қарсы шықты және көтеріліс жасады» [1]. Екеуінің арасында бірнеше жылдарға созылған күрес алма-кезек жеңістермен аяқталып отырды. Тіпті кейбір уақытта, қысқа мерзімдер барысында телестер сеяньто тайпасының маңына топтасып, көрші елдерге өте күшті қауіп төндіре алатындай өздерінің қуатты бірлестіктерін құра алды.

Алайда, Батыс түріктердің қағандары ақыр соңында бірқатар сәтті жасалған жорықтардан кейін басым түсіп, теле тайпаларының құрамындағы ең ірі тайпа – сеяньтолықтарды бөліп жіберді және оларды өз жайылымдық жерлерін тастап кетуге мәжбүр етті. Соның нәтижесінде Инанның басшылығымен 70 мың түтіннен тұратын

сеяньтолықтар Хелли (Ел қаған – 621-629 жж. Бірінші Шығыс Түрік қағанатында билік құрған) қағанның қол астына көшіп кетті. Бұл жерде мынадай заңдылық бар, ол көшпелі халықтарда өздерінің «қатігез» билеушісіне бағынғысы келмеген болса, онда көрші жатқан мемлекеттің немесе тайпаның «қайырымды» әміршісінің қол астына көшіп кету оқиғасы [2]. Бұл сол кезеңдердегі және кейінгі орта ғасырлардағы көрсеткен қарсылықтың ең көп тараған түрлерінің бірі. Мысалы Керей мен Жәнібектің Шығыс Дешті Қыпшақтағы Әбілхайыр ханнан бөліне көшіп кетіп Моғолстанға баруы немесе Ресейдің отарлауы кезінде Жетісу, Оңтүстік Қазақстан, Сырдария өңірі қазақтарының Хиуа және Қоқан хандықтарының территориясына кетіп, солардың боданы болғандығы т.с.с.

Сөйтіп, сеяньто тайпасы Толы өзенінің оңтүстігіндегі байырғы қоныстары болған жерлерге көшіп, шығыс түрік қағандарының билігіне келіп, қоластына түседі. Бұнда да олар тыныш өмір таба алмай, алым-салықтың азабын тартады және оған шыдамай қарулы көтеріліске шықты. Оларға өз кезегінде қандас, туыстас, түбі біртүркілерден тараған ұйғыр тайпалары (бұлар да телестердің құрамында болған белді тайпаның бірі) қолдау көрсетті. Нәтижесінде үлкен күшке ие болған сеяньтолықтар 627 жылы шығыс түріктерге күйрете соққы береді. «Жығылған үстіне жұдырық» дегендей, көп ұзамай, яғни 630 жылы шығыс түріктерді Тан империясы талқандап, Бірінші Шығыс Түрік қағаны өмір сүруін тоқтатады. Бұл саяси мәні зор оқиға туыстас түрік және сеяньтолықтардың бірігіп, қытайларға қарсы одақ құруына алып келді. Өйткені қытай өркениеті түркілерге һәм көшпелі өркениетке мүлдем жат болды және қытайдың ықпалына түсу деген түркілердің рухани, саяси, экономикалық жағынан, тіпті халық ретінде құрып кетуіне алып келері сөзсіз еді. Міне, олар осыны түсінді. Сондықтан бір-бірімен жауласып, соғысып жататын түркі тайпалары шетелдік жат жұрттықтарға қарсы соғыста тез бірігіп кетіп отырды.

Орталық Азияның шығыс бөлігінде орналасқан Хангай таулы қыратындағы түріктердің жайылымдық жерлері үшін сеяньто мен ұйғырлар арасында бәсекелестік, қарсыластық туындайды. Қытай императорының тікелей көмегі арқасында Иеншу Білге-қағанның басшылығымен сеяньто тайпасы жеңіске жетіп, Орталық Азияда жаңа бір қағанаттың іргесі қаланды. Иеншу Білге-қағанның ордасы Гоби шөлінің солтүстік жағында орналасты. Қағанат өзінің ең гүлденген кезінде «шығысында – Шивей (Маньчжурия – А.Ә.), батысында – Алтай тауы, оңтүстікте – түріктермен, солтүстікте – ғұндардың байырғы қонысы болған Байкалға дейін созылып жатты» [3]. Бұл кезеңде олар 200 мың іріктелген әскер шығара алатын жағдайға жетті [4] және бұның өзі сеяньтолықтардың қытайға үлкен қауіп-қатер туғызатын мүмкіндік тудырды.

Тан әулеті, оның дипломатиялық қызметі және барлық әскери шендегі басшылардың түгелі өздерінің күш-жігерін енді сеяньтолықтарды талқандауға, жоюға жұмсады. Оның жарқын көрінісі қытайлардың жүргізген жымысқы, алдап-арбау саясатын жүргізуі болды. Яғни, Иншу Білге-қаған өлгеннен кейін оның екі баласын – Сехун мен Бачжоны бір-біріне айдап салып, қағанатты барынша әлсіретті. Тіпті, билік үшін таласта Бачжо өзінің ағасы Сехунды өлтіреді.

Көріп отырғандай қытайлар сеяньтолықтардың мемлекетін құлату, құрту үшін барлық әдіс-тәсілдерді қолданғанын анық көреміз және жоғарыда айтқан пікірімізге көз жеткізе түсеміз. Сонымен, 646 жылы Бачжоның билігіне наразы болған, оның қол астындағы телестердің – ұйғыр, пугу, доланге, адие, си және т.б. тайпалар Тан императорынан көмек сұрайды. Әсіресе, ұйғырлардың белсенділігі өте күшті болып, соның барысында сеяньтолықтардың басым бөлігін қырып-жойып, жерлерін басып алды [4, 56-57 бб.]. Осы оқиғадан кейін сеяньто тайпалары бірнеше топтарға бөлініп, жан-жаққа бытырап кетті. Ал 70 мың адамнан тұратын негізгі әрі ең көп бөлігі батысқа қарай қашып, қайта күш біріктіруге әрекет жасайды. Алайда, бұндай хабарды естіген теле тайпаларының (тоғызбағыздар, ұйғырлар) барлық ақсақалдарын қорқыныш билейді. Сонымен қатар, қытайлардың билеуші

топтары да сеяньтолықтардың қайта гүлденуінен, күшеюінен қауіптеніп, сеяньто тайпасының қалдықтарын толығымен жою мақсатында оларға қарсы батыл қимылдарға көшеді. Тан империясының әскери генералы Ли Цзы Өтікен қойнауының солтүстік аумағында сеяньто халқының бір бөлігін қуып жетеді және «5 000 адамды бірден жойып, 30 000 қариялар мен балаларды тұтқынға алып, артынша олардың барлығын өлтіреді» [4, 57 б.]. Бұл оқиға 648 жылы тамыз-қыркүйек айларында орын алған болатын.

Бірақ та бұл оқиғалардан бүкіл сеяньто халқы қырылып қалды деген түсінік тумауы керек, тек олардың билігіндегі мемлекеттік құрылым жойылды. Сонымен, олардың басым бөлігі батыс өлкелерге, яғни Қазақстан далаларына кетіп, енді бір бөлігі өздерінің бұрыннан қоныстанған Хангайдағы жерлеріде қалса, тағы бір бөлігі басқа жерлерге бытырап тарап кетті.

680 жылы шығыс түріктер Құтылықтың (ежелгі түркі жазбалары бойынша Елтеріс-қаған деген атпен белгілі) басшылығымен қытайларға қарсы азаттық үшін, тәуелсіздік үшін қарулы күреске шығып, жеңіске жетеді. Нәтижесінде 50 жылдық үзілістен кейін (630-680 жж. түріктер қытайлардың қол астында болады) Орталық Азияда Екінші Шығыс Түрік қағанаты құрылады. Аталған аймақта көшпелі тайпалар түріктер мен сеяньто арасында жаңа этносаяси бірлестік қалыптасып, ол ежелгі түркі тілінде «түрік сир будун» деген терминологиямен белгілі болды. Тарихшы-ғалым С.Г. Кляшторный екі тайпаның бірге өмір кешкен елу жылдық тарихын былайша суреттейді: «Сирлермен тізе қосып көтеріліске шыққан олар (түріктер) Тан империясының қаһарлы әрі күшті қарсыласына айналды. Елтеріс-қаған мен Тонькөк әскерінің құрамында болған сирлер 648 жылы Өтікен қойнауында қырғынға ұшыраған өз руластары мен жолдастарының өлімі үшін ұйғырлардан кек алады» [5]. Түріктермен бірлескен сирлер Өтікен қойнауын қайтарып алады және екі тайпаның тағдыры бір-біріне ұқсағанымен, олардың бұдан кейінгі тарихы әр түрлі болды. Өйткені осы оқиғадан кейін билікке келген ашина әулеті VIII ғасырдың ортасына дейін ғана өз мемлекеттерін ұстап тұра алды. Яғни, Екінші Шығыс Түрік қағанатын 744 жылы ұйғырлар талқандап, орнына Ұйғыр қағанаты құрылады. Ұйғырлармен ежелден қас сеяньто (сир) тайпасында дұшпандарына қарсы тұратын күш болмай, еріксіз Шығыс Қазақстан территориясына түпкілікті қоныс аударып, Қимақ конфедерациясының құрамына кіреді.

Ал, сеяньто – сир – қыпшақ этнонимдеріне келетін болсақ, сир немесе «сеяньто» этнонимі 735 жылы бірде-бір ғылымға белгілі түпдеректерде ұшыраспайды. Оның орнына VIII ғасырдың екінші жартысынан бастап руникалық текстерде және араб саяхатшылары мен тарихшыларының жазбаларында түрік тайпаларының арасында «қыпшақ-хыфшақ» этнонимдері ұшыраса бастады. Бұдан шығатын қорытынды, VIII ғасырдың ортасында Шығыс Қазақстан аумағына түпкілікті қоныс аударған кезде олар «қыпшақ» атымен келген болатын және бұл этноним аталған тайпалардың төл атауы болып қалды.

Сир атауын тастап, оның орнына қыпшақ атауын қалай ауыстырып алғандығы туралы орыс зерттеушісі С.Г. Кляшторный мынадай құнды пікір айтады: «Сир тайпасының жаңа этнонимге ие болуы немесе жаңа этнонимнің пайда болуына әсер еткен жағдай сыртқы жаулардан өте қатты жеңіліске ұшырауы. Жауларынан, бақытсыздықтан құтылудың жолы жаңа атауға ие болып, соның нәтижесінде жаңа этноним ол бүкіл бір халықты сақтайды» [5, 160 б.]. Өйткені ежелгі түрік ескерткіштерінде «қыпшақ» атауының өзі «жолы болмайтын», «бақытсыз» деген мағына берген [6]. Сонда қандай да бір «қара, жаман күштерді» («Злые духи») адастыру мақсатында «сирдің» орнына «қыпшақ» атауын алған. Бұдан шығатын қорытынды сир (сеяньто) тайпасының басына түскен көптеген қиыншылықтар, тіпті бүкіл бір тайпаның құрып кету қаупі төнгені белгілі. Міне, осы ауыр да қиын тарихи тағдыры өткен уақыт безбенінде, тарихтың қойнауында қалсын, ал қыпшақ аты жаңа әрі бақытты өмір әкелсін деген наным-сеніммен нақ сол «қыпшақ» атауына енші етіп алған.

Бұл пікірімізді зерттеуші Н.Л. Жуковскаяның мына бір келтірген тұжырымы нақтылай түседі: «Осы күнге дейін түркі халықтарында сирек кездесетін, бірақ өте кең тараған дәстүр бар. Ол алғашқы қойылған есімін жаңа есімге алмастыру. Бірінші есімді тастап, орнына екінші есімді алу ол естен шығару, ұмыту үшін жасалған қадам. Бұл қандай да бір баланың қатты науқастан, өлім аузынан қайтып, жазылғаннан кейін бала өмірге қайта келді деп санап, оған жаңа есім қойған. Сонымен қатар, жаңа есім жаман ауруларды шақыратын «қара, зальым күштерді» «жын-шайтандарды» («злые духи») адастырады деп сенген» [7].

Өте күшті сеяньто мемлекетінің күтпеген жерден тез арада күйреуі, ол тайпаның аман қалған мүшелері арасында өздеріне қарша бораған қайғы-қасірет пен зұлымдықтан хабар берген, сақтап қалған қандай да бір тылсым күш туралы аңызды пайда болдырды. Ал ұйғырларға өздерінің қас жауы қыпшақтардың «сир» атын ұмыт қалдырып, оларды төмен түсіріп, масқаралайтын атауды таңу қажет және пайдалы болды. Яғни, «қыпшақ» атауы бақытсыз, жолы болмайтын, қарғыс арқалаған тағы басқа мағыналарды берген болатын. Сондықтан «Елетміш Білге-қаған ескерткішіндегі түріктермен билікті бөліскен тайпа – қыпшақтар деп аталды» [4, 60 б.].

«Қыпшақ» этнонимінің пайда болуы мен оның мән-мағынасы жайында мәселеге тоқталып өтсек, орта ғасырлық тарихшы Рашид ад-диннің еңбегіндегі Оғыз-қаған туралы аңызда қыпшақтар оғыздардың 24 тайпасының бірі ретінде айтылады. Онда мынадай мәліметтер келтіріледі: «Оғыз-қаған Қыпшақ есімін беріп және оның тайпасы да осы атауды енші етіп алған аңыз бала, оғыздардың ит-барақ атты тайпаға жасалған сәтсіз жорығы кезінде дүниеге келген. Баланы ағаштың дінінің қуысынан тауып алып, сондықтан оған берілген есім – «қабық», яғни түрік тіліндегі мағынасы «ағаш дінінің шірігі» [8], - дегенді білдіреді. ХҮІІ ғасырда Хиуа билеушісі болған, тарихшы Әбілғазы Баһадүр де: «Ежелгі түркі тілінде шіріген ағашты қыпшақ деп атайды» [9], - деген мәлімет береді. Көріп отырғанымыздай *gubcaq – guvcaq* нақты түрде бір затты білдіріп тұр, ол – «іші бос, қуыс шіріген ағаш».

Әбілғазы Баһадүрдің «Түрік шежіресі» еңбегінде келтірілген бұл мәліметті оқырманға түсінікті болуы үшін түпнұсқадағы мәтінін толығырақ беруді дұрыс деп санадық. Онда былай деп келтіріледі: «Ұлы патшалардың алыс сапарға шыққанда әйелдерін алып жүретін әдеттері болатын. Осы әдетпен нөкерлерінің кейбіреуі де әйелдерін ала жүруші еді. Оғыз ханның бір бегі де әйелін алып барып еді. Өзі ұрыста өліп, қатыны қашып құтылып, екі судың арасында тұрған ханның артынан жетті. Әйел жүкті еді. Толғағы келді. Күн суық еді, кірейін десе үй жоқ, бір іші шіріген үлкен ағаштың қуысына босанды, ұл тапты. Мұны естіген хан: «Әкесі менің көз алдымда соғыста өлді, қамқоршысы жоқ» деп атын Қыпшақ қойып, өз қамқорлығына алды. Түркі тілінде іші қуыс ағашты қыпшақ дер еді, бұл бала ағаш ішінде туғандықтан, атын қыпшақ қоюы содан еді. Бұл кезде іші қуыс ағашты **шыпшақ** дейді. Қара халық тілі келмегендіктен к-нің орнына ш-айтып кеткен. Бұл баланы хан өз тәрбиесінде ұстады, жігіт болғаннан соң көп ел және нөкер беріп, Оғыз ханға жау болған орыс, олақ, мажар, башқыр елдеріне жіберді. Қыпшақ үш жүз жыл Дон мен Еділ атты екі үлкен өзеннің жағасында патшалық етті. Барша қыпшақ елі соның нәсілінен шықты. Оғыз ханның заманынан Шыңғыс-ханның заманына шейін Дон, Еділ, Жайық аталатын бұл үш судың жағасында қыпшақтан өзге ел жоқ еді. Ол жерде қыпшақтар төрт мың жылдай отырды, сондықтан ол жер Дешті Қыпшақ (Қыпшақ даласы) деп аталды» [10].

Қазақ тарихның негізгі дерек көздерінің бірі болып табылатын шежірені жинақтап, таратып жазуда Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Қазақ түбі» деген атпен шыққан нұсқасында қыпшақ тарихын Әбілғазы Баһадүрдің шежіресімен салыстырып баяндайды. Оның қысқаша түрде баяндап өтсек: «Уыз ханның бір нөкері қарақытайдың ханы Итбарақ хандығымен соғысында өліп, буаз қалған қатыны іші қуыс шірік ағаштың ішінде босанып, ұл тауып Уыз

(Оғыз) хан ол баланың атын Қыпшақ қойып, өскен соң өзін батыр басы қылып, көп қосынмен Орыс, Аулақ, Башқырд жағына жіберіпті. Бұл көп жұртты бағынырып, 300 жыл патшалық дәурен сүріп, сонан Еділ, Жайық, Ертіс, Сырдария аралығындағы дала «Дешті Қыпшақ» атанды. «Қытай көп пе, Қыпшақ көп пе?» – делінген сөз осы қыпшақ заманында айтылған сөз екен» [11]. Бұнда да қыпшақ деген сөздің іші қуыс, шіріген ағаш деген мағына беретінін анық байқасак, екіншіден қыпшақ тайпаларының санының көптігін дәлелдеп тұр.

Бұл этнонимнің екінші бір мағынасын атақты шығыстанушы В.В. Радловтың еңбегінен кездестіреміз. Ол аңыздың нұсқасы Оғыз-қаған туралы эпоста айтылады. Оқиға былай болған, қыпшақ деген баланың өмірге келуі ағашы қалың өскен жерде болады. Әскерін өзеннен өткізу үшін Оғыз-қаған ағаштарды кесіп, сал жасауға бұйырады. Өзеннен өту кезінде, ол (Оғыз-қаған – А.Ә.) ағаштан жасалған салдың үстінде тұрып, жаңа туған балаға: «О, сен де мен сияқты данқын шыққан әмірші бол, сенің атын Қыпшақ болсын» [4, 61 б.], - деп айтқан екен.

Шығыс, Орталық және Солтүстік Қазақстан территориясына келіп, уақыт өте келе ХІ ғасырдың бірінші жартысынан ХІІІ ғасырдың басына дейін қыпшақ этникалық қауымдастығының қалыптасуы дамудың сапалық жаңа кезеңіне аяқ басады. Мұның өзі ең алдымен олардың жерінде – Шығыс Дешті Қыпшақта қыпшақ хандары күш-қуатының артуына байланысты еді, ал олардың билігін өз мемлекеті шеңберінде күшті әулеттік елбөрілі руы заңдастырды.

Өз кезінде түркі тілдес ру-тайпалардың қыпшақ бірлестігіне қосылғандардың саны өте көп болған. Сол себепті шежірешілер, халық ауыз әдебиеті үлгілерінде оларды «тоқсан екі баулы қыпшақ» деп атаған. Бірақ олардың бірде-бірі қыпшақтардың осы айтылған тоқсан екі руын түгел таратып бере алған емес, ол кезде қыпшақтар өте кең аумаққа жайылып, қыруар тайпаларды өзіне қосып алғандықтан, «қыпшақ» аты кең жайылған, тіпті кей кездерде «түркі» этнонимінің баламасына айналған. Махмұд Қашқаридың айтуынша, қыпшақтардың рулық-тайпалық одағына имек, увар, қаңлы, қарабөрікті, тоқсоба, теле, бөрілі, тағы басқа рулар енген. Ал араб тарихшылары түркі тілдес тайпалардың бәрін қыпшақ деп есептеген. Оны Алтайдан Еділ өзеніне дейінгі жерді қамтып жатқан Дешті Қыпшақ (Қыпшақ даласы) ұғымы арқылы аңғартқан [12]. Дешті Қыпшақта, шынына келгенде, қыпшақтардың этникалық жер аумағы сақталып қалған болатын.

Сонымен қорыта келе, Қазақстан аумағында қыпшақ халқының қалыптасуын этникалық аумақ, шаруашылықты жүргізу түрлерінің біртектестігі, қоғамдық қатынастар жүйесі мен тіл бірлігі жәрдемдескен этникалық-мәдени белгілердің жымдасу үрдісі жеделдете түсті. Қыпшақтардың әр түрлі этникалық топтармен өзара тығыз іс-қимылы этникалық қауымдастыққа әсер етті. Қыпшақтардың саяси салмағының барған сайын өсе түсуіне байланысты көптеген түркі тілдес тайпалар мен этникалық топтар өздерінің біртұтас этносқа жататындығын ұғынып, қыпшақ этнонимін қабылдады және өзін-өзі қыпшақтар деп атай бастады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Кюнер Н.В. Китайские известия о народах Южной Сибири, Центральной Азии и Дальнего Востока. – М., 1961. – 39 б.
2. Пищулина К.А. Юго-Восточный Казахстан в середине ХІҮ – начале ХҮІ веков (вопросы политической и социально-экономической истории). – Алма-Ата: Наука, 1977. – 252-253 бб.
3. Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах обитавших Среднюю Азию в древние времена. Второе издание. – Алматы: Санат, 1996. – 340 б.
4. Ахинжанов С.М. Кыпчаки в истории средневекового Казахстана. Издание исправленное. – Алматы: Ғылым, 1995. – 55-56 бб.

5. Кляшторный С.Г. Кыпчаки в рунических памятниках. – Л., 1986. – 159 б.
6. Древнетюркский словарь. – Л., 1969. 499 б.
7. Жуковская Н.Л. Заметки о монгольской антропологии. Ономастика Востока. – М., 1980. – 14 б.
8. Рашид ад-дин. Сборник летописей. – М.-Л., 1952. – Т. I. Кн.1. – 84 б.
9. Кононов А.Н. Родословная туркмен. Сочинение Абу-л-Гази хана Хивинского. – М.-Л., 1958. 43 б.
10. Әбілғазы Баһадүр. Түрік шежіресі. – А.: Ана тілі, 1991. 19-20 бб.
11. Жүсіпова Л. Мәшһүр Жүсіп жазбаларындағы қыпшақ тарихы // Қазақ тарихы. – 2006. – № 3. – 21 б.
12. Нығмет Мыңжан. Қазақтың қысқаша тарихы. – Алматы: Жалын, 1994.–181-182 бб.

ӘОЖ 901 (574)

МЫРЗА МҰХАММЕД ХАЙДАР ДУЛАТИДЫҢ АТА-БАБАЛАРЫНЫҢ ТАРИХЫ

Е.О. Буланов, т.ғ.к., доцент

І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.

erzhan_bulanov@mail.ru

Мақалада Моғолстан мемлекетінде үлкен беделге ие болған және оның саяси өмірінде айрықша рөл атқарған дулат тайпасынан шыққан атақты тарихшы, қолбасшы, билеуші Мырза Мұхаммед Хайдардың ата-бабаларының тарихы қарастырылады.

В статье рассматривается история родословной известного историка, полководца, правителя выходца из племени доглат Мирза Мухаммеда Хайдара, сыгравшего особую роль в политической жизни Моголистана.

The article under review deals with the genealogy of a well-known historian, commander, ruler, native of the tribe of Dulat, Myrza Muhammed Khaidar, the genealogy which played a main role in the politics of Mogolistan.

Тірек сөздер: Ұлысбегі, Маңлай Сүбе, гураган

Моңғол империясының негізін қалаған Шыңғыс хан өзінің жаулап алған жерлерін көзі тірісінде ұлдарына енші етіп бөліп берген кезде Шығыс Түркістан, Жетісу және Мауереннахр екінші ұлы Шағатайға тиді. Ал, ол қайтыс болған соң мұраға қалған жерлерін ұлдары мен немерелері кезекпен билеп келгенімен, ХІҮ ғ. ортасында Шағатай ұлысы дербес мемлекеттерге айналған батыс және шығыс бөліктерге бөлінді. Мауереннахрды уақыт өте келе Әмір Темір иемденсе (1370-1405 жж. жеке дара билік құрды), Моғолстан атанған шығыс аймақтарының (Жетісу мен Шығыс Түркістан) көшпелі шонжарлары «1347/48 жылдары Шағатай ұрпағы Тоғылық Темірді хан етіп тағайындады» [1]. Мұндағы саяси өмірдегі басты рөлді дулат тайпасының көсемдері атқарды. Яғни, Моғолстанның тарихында мемлекеттік істерді атқарып, биік мансапқа ие болған, Жетісу мен Қашғарды жеке меншігінде ұстаған дулат тайпасының бектері болды. Солардың ұрпағы М.Х. Дулатидың еншісінде де ата-бабаларының дәл осындай атак-даңқы бұйырған еді.

М.Х. Дулати хижра бойынша 905 жылы (1499 ж.) сол кезде моғол хандарының билігінде болған Ташкентте туған. Өзінің өмірге қашан келгені жайлы, автор өз еңбегінде былай деп жазды: «Сұлтан Махмұд хан (Моғолстанда 1469-1487 жж. билік құрған Жүніс ханның үлкен ұлы – Е.Б.) менің әкеме өзінен бір жас үлкен апасы Хұб Нигар ханымға үйлендіріп, ханның күйеу баласы дегенді білдіретін құрмет халатын киіп жүру мүмкіндігіне

ие болады. Бұл неке хижра бойынша 809 жылы (1493 ж.) Шаш (Ташкент) қаласында болды ... Әкем өзіне берілген облысты тоғыз жыл басқарды. Билік еткеніне алты жыл уақыт өткенде, дүниеге мен бишара келіппін» [2].

Мырза Хайдардың әкесі Мұхаммед Хұсайын да жастайынан билікке араласқан. Ол Сұлтан Махмұд ханның жақын адамдарының бірі, әрі күйеу баласы болғандықтан, ол ханның атынан Усрушана, кейіннен Ұра-Тепе деген атпен мәлім облысқа билік жүргізді [2, 190 б.].

1503 жылы Акси (Ахсикент) қаласы маңында Мұхаммед Шайбани ханмен (1428-68 жж. Шығыс Дешті Қыпшақта билік құрған Әбілхайыр ханның немересі) арадағы болған шайқаста Сұлтан Махмұд хан сәтсіздікке ұшырағаннан кейін, М. Хұсайын Ұра-Тепені еріксіз тастап, Қаратегінше кетуге мәжбүр болды. Ал, 1506-1507 жылдары Кабул қаласында Бабырға қарсы қастандыққа қатысып, бірақ бұл оқиға әшкере болғаннан кейін оған кешірім жасалып, Ферғанаға қайтуға мәжбүр болады.

Бұл оқиға туралы Заһир ад-Дин Мұхамед Бабыр өз еңбегінде біршама мағлұмат беріп кетеді. Оқиға былай болып еді. Ташкентті Шайбани хан басып алған соң, Мырза Хайдардың әкесі Мұхаммед Хұсайын Қаратегіндегі Хұсрау шахқа қашады. Одан әрі ол Кабулға келіп, біреулердің азғыруына еріп, Бабырға қарсы сарай төңкерісіне қатысады. Бірақ ол сәтсіз аяқталып, қолға түскен бүлікшілерді Бабыр қатты жазалайды. Оқиға жайлы Бабырдың өзі: «Мұхаммед Хұсайын мырза қорыққанынан ханымның төсек-орны сақталатын қоймасына кіріп кетіпті. Мірім диуан мен тағы бірнеше бектерге «Қамалдан жан шығармай, ханымның бөлмесін тінтіп, жерге кіріп кетсе де М. Хұсайынды алып келіндер!» - деп бұйрық бердім ... Мұхаммед Хұсайын мырза опасыздық, сорақы іс жасап, сойқанды бүлік шығармақ болды. Өттең, мұны жексұрындық қылығы үшін сазайын тарттырып, қыл шылбырдан бұғау салып, өкіртіп, кескілеп тастаса сауап болар еді. Бірақ, қол жіпсіз байланды, мұнымен қарға тамырлы жекжаттығымыз бар-ды! Менің туған нағашы апам Хұб Нигар ханымның ол күйеуі еді, одан ұл-қыз көріп отырған-ды; олар бөлелерім емес пе? Сол жекжаттық жағдайды ескеріп, Мұхаммед Хұсайын мырзаны жазадан құтқарып, Хорасанға аттануға рұқсат еттім» [3] – деп егжей-тегжейлі баяндайды. Бұның өзі Бабырдың үлкен жүректі, парасатты һәм кең адам болғанын көрсетсе, екіншіден, Мырза Хайдарға жақын туыстығын да анық байқаймыз.

Бірақ көп уақыт өтпей Мұхаммед Хұсайын Мауереннахрда Шайбанилер мемлекетін құрған Мұхаммед Шайбани ханның қолынан қаза табады. Әкесінің өлер алдындағы іс-әрекетін, қалай қайтыс болғаны және өзінің аман қалуына жағдай жасағаны туралы жан-жақты баяндай келіп: «Шахибек хан (М. Шайбани хан – Е.Б.) әкеме Гератқа баруына рұқсат етті. Бірақ әкем Гератқа жеткен кезде, Шахибек хан артынан адам жіберіп, менің әкемді Хорасанда азапты өлімге душар етті. Бұл әділетсіздік 914 жылы (1508-09 жж.) болған еді» [2, 280 б.] – деп жазады. Дүниеге келгеннен-ақ тағдыр тауқыметін көп тартқан Мырза Хайдар ертерек, яғни 1501 жылы екі жасқа толған кезде шешесінен [4], ал он жасқа толар-толмастан әкесінен айырылып, жетім қалды.

Осы арада З.М. Бабыр мен М.Х. Дулатидың және оның әкесі Мұхаммед Хұсайынның арасында қандай туыстық бар екендігін көрсете кетейік. Моғолстан мемлекетінің тағында 1469-1487 жж. отырған Жүніс ханның бәйбішесі Исан Даулат бикеден екі ұл – Сұлтан Махмұд хан (1443-1508 жж., Ханыке деген атпен белгілі), Сұлтан Ахмет хан (1465-1503 жж., Алаша деген атпен белгілі) және үш қызы – Миһр Нигар ханым, Құтлық Нигар ханым, Хұб Нигар ханым бар еді [4, 178 б.]. Қыздардың үлкені Миһр Нигар ханымды Ақсақ Темірдің үшінші ұлы Жалал ад-Дин Миран шахтың ұрпағы Сұлтан Әбу Саид мырза, өзінің үлкен ұлы Сұлтан Ахмет мырзаға [2, 120 б.; 3, 30 б.], ал төртінші ұлы Омар Шейхқа Құтлық Нигар ханымды үйлендіреді [2, 120 б.]. Соңғы екі жұп Омар Шейх пен Құтлық Нигар ханымның отбасындағы «ұлдарының ең үлкені мен – Заһир ад-Дин Мұхаммед Бабырмын» [3, 28 б.], - деп нақты түрде өз еңбегінде жазады.

Үшінші қыз Хұб Нигар ханымды Мұхаммед Хұсайынға қалай үйлендіргені жайлы жоғарыда айтып өткенбіз. Осыдан барып «гураган» («көреген») титулын алғандығы, бұл ұғымның «ханның күйеу баласы» [2, 7-8 бб.] – дегенді білдіріп, әкесінің толық аты-жөні Мұхаммед Хұсайын Гураган Дулат деп аталғаны мәлім. Ол осы Хұб Нигар ханымнан бір ұл, бір қыз көреді. Мырза Хайдардың айтуынша бірінші әпкесі, одан кейін барып өзі дүниеге келген. «Әкем Шахрисабтан қашқаннан кейін Шахибек хан, әпкем Хабиба Сұлтан Ханьшты Ұбайдаллах сұлтанға күйеуге берді» [2, 277 б.] – деп жазады Мырза Хайдар.

Бірақ Ұбайдаллах сұлтан аласапыран соғыстың әсерінен Түркістанға қашып кеткенде, оның үй-іші Бабыр падишах басып алған Бұхара қаласында қалады. 1511 жылдың қыс айында мемлекеттік істермен Әндіжаннан Самарқанға келген Мырза Хайдардың ұлысбегі («Ұлысбегі» мемлекеттік лауазым. Моғолстандағы ханнан кейінгі екінші тұлға немесе ханның бас уәзірі) көкесі Саид Мұхаммед мырза (М.Х. Дулатидың әкесінің інісі) Хабиба Сұлтан Ханьшты өзімен бірге Әндіжанға алып кетіп, сол қалада Сұлтан Саид ханға қосады.

Тарихшы М.Х. Дулатидың атасы – Мұхаммед Хайдар мырза гураган. (Ескерту: М.Х. Дулатиге осы атасының есімін берген. Сол себепті екеуінің аты ұқсас.). Атасының шешесі Орын Сұлтан ханым Уәйс ханның (1416-28 жж. Моғолстан ханы) қарындасы, яғни Есен Бұға және Жүніс ханның әкелері жағынан тәтесі болып келеді. Сондықтан Мұхаммед Хайдар мырза ол екеуіне жиен болады. Атасы Хайдар мырзаны әкесі Әмір Саййид Әли көзі тірісінде, Есен Бұға ханның қызы Даулат Нигар ханымға үйлендіреді [2, 111 б.].

Хайдар мырза бір әкеден екі ағайынды болғанымен, шешелері бөлек Сансыз мырза деген ағасы болады. Әкелері өлгеннен кейін, моғолдар дәстүрі бойынша үлкені болғандықтан әкелерінің «ұлысбегі» қызметінің орнына Сансыз мырза отырып, ол Қашғария астанасы Жаркент қаласында қалып, ал бауыры, яғни М.Х. Дулатидың атасы Хайдар мырзаға Қашғарияны және Жаңа Хисарды басқаруға береді.

Бірақ «М. Хайдар мырза Есен Бұға ханның күйеу баласы болғандықтан онымен одақ құруға тырысты, ал ол өлгеннен кейін оның ұлы Досмұхаммедпен одақтасты. Ағасы Сансыз мырза керісінше Жүніс ханмен одақ құрып» [2, 111-112 бб.], - осының нәтижесінде ағайынды екеуінің арасында алауыздық туады. Ал тарихтан белгілі нәрсе Моғолстанда билікке ағайынды Есен Бұға мен Жүніс арасында ұзаққа созылған талас-тартыс болғандығы белгілі. Нәтижесінде ағайынды екеуі бір-біріне қарсы, билік үшін таласқан екі топтың құрамында болды.

Сансыз мырза өлгеннен кейін Қашғарды билеу М. Хайдар мырзаның қолына өткенімен, ол арқы сүйеген Досмұхаммед хан көп ұзамай қайтыс болып, Қашғария толығымен Жүніс ханның қолына өтеді. Хайдар мырза еріксіз ханға бағынып, Жүніс хан өз кезегінде оған өз ұлы ретінде қарап, бір-біріне силасымды саясат ұстанды. Немересі Мырза Хайдардың айтуынша – «Хайдар мырза 869 (1464) – 885 (1480) жылдар аралығында Қашғарияда өз өмірінің тамаша күндерін тыныштықта, молшылықта өткізді. Оның Қашғарды билеген уақыты, жалпы жиырма төрт жыл болса, оның он алты жылы ешкімге тәуелсіз, бағынышсыз, ал қалған жылдары тәуелділікте өтті [2, 123 б.].

М.Х. Дулатидың атасы Хайдар мырза мемлекеттік істерді ғана атқарып қоймай, сонымен қатар өте сауатты да болған. Әсіресе, емдеу ісінің хирургия саласында жақсы білім алып, дәрі-дәрмек жасау жағынан Моғолстанда оған тең келетін адам болмады. Сол себепті, ол жасы жетіп қатты науқастанып, қол-аяғы сал болып төсек тартып жатқан Жүніс ханды Ташкенттегі ордасында екі жылдай өзі емдеп [2, 142 б.], хан өмірінің соңғы сәтіне дейін күтім жасады.

Хайдар Мырзадан Мұхаммед Хұсайын (М.Х. Дулатидың әкесі) және Саид Мұхаммед мырза атты екі ұл қалады.

Ұлы бабамыз М.Х. Дулатидың үшінші атасы, яғни бабасы - Әмір Саййид Әли гураган (1378-1458 жж. өмір сүрген) [5]. Ол әкесі Саййид Ахмад мырзадан жастай калып, атасы Хұдайдадтың қолында өседі. Оның бойы да, күші де, алғырлығы да, батырлығы да басқа балаларынан артық болғандықтан атасының ерекше мейіріміне бөленеді. Сөз етіп отырған М.Х. Дулатидың бабасы Әмір Саййид Әли де мемлекеттік істерден шет қалмаған. Мәселен, 1416-1428 жж. Моғолстанда билік құрған Уәйс ханның (Есен Бұға мен Жүніс хандардың әкесі) ұлысбегісі болып, ханнан кейінгі екінші тұлға болды.

Уәйс хан билік құрып тұрған кезде шығыста қалмақ-ойраттар күшейіп, Моғолстанның шығысынан дүркін-дүркін жорықтар жасап тұрды. Тіпті, Уәйс ханның олармен қанша мәрте соғысқа түскені туралы М.Х. Дулати өз еңбегінде: «Айтуынша, хан қалмақтарға қарсы алпыс бір рет шайқасқа түсіп, оның тек біреуінде жеңіске жетті. Ал, қалған шайқастың бәрінде жеңіліске ұшырады» [2, 93 б.] – деп жазды. Осындай көп соғыстардың бірінде Әмір Саййид Әли мынадай ерлік көрсетеді: «Бір жолы Уәйс хан Моғолстанның шетіндегі Беш-Қап маңында Исан Тайшыға қарсы соғысады. Бұл соғыста хан жеңіліп, мінген атына садақ оғы тиіп құлайды, ал өзі қолға түсудің аз-ақ алдында болады. Осы кезде Әмір Саййид Әли астындағы атын ханға беріп, өзі етпетінен жерге жата қалды. Дінсіздер (қалмақтар – Ж.С.) оны өлді деп ойлап, оның төңірегіне жинала бастайды. Олар жақын келген кезде Әмір атып тұрып, олардың біреуін ұстап алады. Айтқандай, ол қалмақ тайпасының бір белгілі адамы болып шығады. Әмір оны киімінен ұстап балаша көтеріп алып, садақ оқтарына қарсы қалқан сияқты ұстап ... Іле өзенінен ханмен бірге аман-есен жүзіп өтіп, қалмақтардан құтылады. Бұл күні көп адам өзенге батып кетеді» [2, 92-93 бб.].

Осы оқиғалардан кейін Уәйс хан Әмір Саййид Әлиге әр қызметі үшін бес сыйлық береді. Біріншісі, ханға астындағы атын түсіп беріп, өзі жаяу қалғаны үшін. Екіншісі, қалмақты ұстап жүргені үшін. Үшіншісі, оны бір фарсах бойы қалқан етіп ұстап жүргені үшін. Төртіншісі, ат үстіндегі ханды Іле өзенінен аман-есен өткізгені үшін. Бесіншісі, әмірдің өзі хан атының тізгінін ұстап келе жатқанына қарамай, суға кетіп бара жатқандарды құтқаруға екі мәрте талпыныс жасағаны үшін. Хан кейін: «Мен Әмірдің батыл қимылын көрдім. Егер менің екі інімнің (Сұлтан Хұсайын және Лұқман сұлтандар осы шайқаста Іленің суына батып кетеді – Е.Б.) біреуі Әмірдің қолына іліккенде, ол оны да өзеннен алып шығатынына сенімдімін» [2, 93 б.] – деп айтыпты. Көрсеткен осы ерліктері үшін хан оған сыйға бес аймақ берді.

Сонымен қатар Уәйс хан оған өзінің туған қарындасы Орын Сұлтан ханымды ұзатып, ханға күйеу бала – «гураган» етеді. Әмір Саййид Әлиден екі ұл қалған. Шорас тайпасы әмірлерінен алған әйелінен – үлкен ұлы Сансыз мырза [2, 111 б.], ал Уәйс ханның қарындасынан – Мұхаммед Хайдар мырза туады.

М.Х. Дулатидың төртінші атасы – Саййид Ахмад мырза [6]. Әкесі Хұдайдад оны Қашғарияның әмірі етіп тағайындайды. Бірақ денсаулығы нашар, «тілінде тұтықпасы бар және құлағы да ауыр еститін» [2, 88 б.] Саййид Ахмад мырза, билік жүргізуге шамасы жетпеген соң әкесінің қолына келіп қайтыс болады. «Саййид Ахмад тұтыға сөйлейтін. Оның сөздерін іс жүзінде араласып сөйлесіп жүргендер ғана түсінетін. Сөйлескен кезде дауысыңды қатты шығарып сөйлеу керек ... Мырза Ұлықбек (Ақсақ Темірдің немересі және 1405-1447 жж. Мауереннахрды билеген) Қашғариядағы билікті өз қолына алған кезде Саййид Ахмад ол жақтан қашып келіп, әкесінің қолында қайтыс болды» [2, 88 б.] – деп жазады Мырза Хайдар.

Осындай жағдайларға байланысты, Моғолстан мемлекетінің тарихында айтулы із қалдырмаған М.Х. Дулатидың төртінші атасы Саййид Ахмадтың өмірі туралы қысқа қайыруды жөн санадық.

М.Х. Дулатидың бесінші атасы – Әмір Хұдайдад (шамамен 1348-1445 жж. өмір сүрген) [5, 25 б.]. Әкесі Болатшы қайтыс болғанда, ол бар болғаны жеті жаста болатын.

Оның жастығын алдыға тартып, ұлысбегі қызметін иеленуге әкесінің бауыры Қамар ад-Дин әрекет жасайды. Бірақ Тоғылық Темір хан (1347-48 жж. Моғолстан мемлекетінің негізін қалаған. Ал оны билікке әкелген дулат тайпасының әмірі Болатшы болатын) өзінің жарлығын өзгертпей, жеті жасар Хұдайдадты ұлысбегі етіп тағайындайды. Ол тоқсан жыл билік жүргізген, ұзақ өмірінде алты ханды таққа отырғазған, - «олардың біріншісі – Хызыр Қожа хан, одан кейінгілері: Шам-и Жахан хан, Нақыш-и Жахан хан, Мұхаммед хан, Шер Мұхаммед хан, ал ең соңғысы Уәйс хан» [7] болған.

Әмір Хұдайдадтың айрықша атсалысуымен Әмір Қамар ад-Диннің қатерлі қудаулауынан аман қалған Хызыр Қожа хан таққа отырып, өзінің қадірлі әкесінің (Тоғылық Темір) салтын қалпына келтірген соң, ол Әмір Хұдайдадтың ісінің өрлеуіне көп жағдай жасайды. Мәселен, оның әулетіндегі бұрынғы тоғыз артықшылыққа (жетеуін Шыңғыс хан Өртөбе биге, ал екі артықшықты Тоғылық Темір өзін таққа отырғызған еңбегі үшін Болатшыға беріп, ұзын саны тоғызға жетеді [7, 87-88 бб.]) және үш артықшылық белгісін қосып, сонымен барлығын он екіге жеткізеді. Біріншісінің (оныншысы) мәнісі мынадай: «мереке күндері болғанда екі күн бойы ханның жасауылы аттарымен, біріншісі - ханның он жағында, оның шарап құйған ыдысын, ал екіншісі – сол жағында Әмір Хұдайдадтың ыдысын ұстап тұрады» [7, 88-89 бб.]. Бұл екі тостаған әдейі хан мен Хұдайдадқа арналған. Ал енді екінші артықшылық (он біріншісі) – «жарлыққа мәр басуға берілген құқық» [7, 89 б.], яғни жарлық жазылып біткен соң оның соңына Әмір Хұдайдад мәр басады, ал осы мәр басылған қатардың бас жағына хан мәрін басады. Үшінші, яғни он екінші артықшылық тарихи шығармада айтылмайды. Осы барлық он екі артықшылықты Хызыр Қожа хан Хұдайдадтың атына жазып, өз жарлығын шығарған.

Он екі артықшылық Хұдайдадтан кейін оның үлкен ұлы Мұхаммед Шах гурағанға, ал одан кейін екінші ұлы Саййид Ахмад мырзаның Әмір Саййид Әли атты ұлына өтеді. Одан Әмір Саййид Әлидің ұлы Мұхаммед Хайдар мырзаға өтіп, одан оның ұлы Мұхаммед Хұсайын мырзаға, сөутіп атадан балаға мұра ретінде М.Х. Дулатиге дейін жетеді. Бұл жерде М.Х. Дулатидың төртінші атасы Саййид Ахмад мырза науқас болғандықтан, ол ханның берген артықшылықтарына ие болмаған секілді.

Әмір Хұдайдад ерекше немесе әулие адам болған. Оның тоқсан жеті жасқа келіп, Меккеге қажылыққа баруы және сол жердегі ұлы, атакты адамдардың түсіне кіруі, яғни Мұхаммед пайғамбардың өзі оларға (Меккедегі зиялы адамдар, яғни ұлы, атакты деп отырғанымыз осылар) аян бергені көп нәрсені аңғартса керек. Бұл оқиға туралы оның ұрпағы Мырза Хайдар былай деп жазады: «Ол (Хұдайдад –Е.Б.) қажылық жасап қайтуға Уәйс ханнан неше мәрте рұқсат сұрап өтінгенімен, ешбір нәтиже бермейді» [7, 98-99 бб.]. Сол себепті Ұлықбектің көмегіне сүйенуге мәжбүр болады. Оның бұл қулығы іске асып, ойлағанындай Меккеге сапар шегеді. Оқиға ары қарай былайша өрбиді: «Хұдайдад және әйелі өзінің нөкерлерімен Мединеге аттанады. Бір кедейдің үйіне тоқтап, сол күні түнде әмірдің жағдайы нашарлады. Ол, Шах Хұсайын Барласқа «Йа-син» сүресін оқуға бұйырады. «Мислахум бала» аятына келгенде демі таусылып, о дүниелік болды. Ертесінде Мединенің қайырымды адамдары және көптеген халық келіп, бізден былай деп сұрады: «Бүгін түнде біреу қайтыс болды ма?» Біз растадық. Барлығы келіп көңіл айтып, былай деді: «Барлығымыз түні бойы түсімізде пайғамбарды көріп шықтық. Ол, - «бүгін түнде маған мінажат ету үшін, бізге алыс жақтан қонақ келді. Бірақ, ол осында қайтыс болды. Оны Осман халифтың зиратының жанына жерлендер» - деп, сызықпен белгілеп берді. Таңертең барлығымыз сол жерге барып едік сызылған белгіні көрдік». Мединенің барлық жақсы-жайсандары, құдайдың бақытты құлы деген атаққа ие болған оны, Осман халифтың зиратының жанына үлкен атақ және құрметпен жерледі» [7, 100 б.].

Ал Қашқарда жүрген кезінде де Хұдайдад барлық мал-мүлкін, қалмақтардың қолына түскен тұтқын мұсылмандарды босатуға жұмсап, оларды екі есе бағасына сатып алып,

бастарына бостандық әперіп отырған. Осы мысалдардан, біз, Хұдайдадтың мұсылман дінін өте құрметтейтінің куәсі боламыз.

Хұдайдадтан екі ұл болған. Үлкені Мұхаммед Шах Гураган, екіншісі Саййид Ахмад мырза М.Х. Дулатидың алтыншы атасы – Болатшы (шамамен 1300-1355 жылдары өмір сүрген) [5, 24 б.]. Дулат тайпасының үстем табынан шыққан әмір Болатшы Мауереннахрдан бөлектенген хандық құрмақ болып, өзінің басшылық жағдайын нығайтуға және феодалдық егестерді бәсеңдетуге үміттенді. Өйткені бұл уақытта, Шағатай ұлысы өзінің құлдырау кезеңін басынан өткізіп, ыдырап жатқан болатын. Осындай саяси тұрақсыздықты жойған Әмір Болатшы, Жетісу мен Шығыс Түркістанда өз билігін нығайтқанымен, көршілес Мауереннахр феодалдары сияқты қалыптасқан дәстүрді бұзуға және Шыңғыс әулетінен билікті тартып алуға батылы бармады. Сондықтан ол, Шағатай ұлысының шығыс бөлігінде қалыптасқан Моғолстан мемлекетінің әміршісі деп, Шағатай әулетінен тарайтын 18 жастағы Тоғылық Темірді қалады. «Он сегіз жасында (Тоғылық Темір–Е.Б.) хан болды, жиырма төрт жасында мұсылман болды, ал отыз төрт жасында өлді» [7, 48 б.].

Күрделі, саяси жағынан тұрақсыз жағдайда, Тоғылық Темірдің билігін күшейтіп қана қоймай, мемлекетті нығайтуға қосқан ерекше үлесін ескеріп, Әмір Болатшыға бұрыннан бар жеті артықшылыққа және екеуін қосып береді. Сонымен, оның барлығы тоғыз болады. (Ескерту: М.Х. Дулатидың ата-бабаларына хан тарапынан берілген артықшылықтардың ұзын-саны он екі болғанын және оның 10-11-12-рі Әмір Хұдайдадтың еншісіне тигенін жоғарыда айтқанбыз). «Біріншісі (сегізінші) – ол, ханға баяндамай-ақ өз бетінше қосынның әмірі, яғни мың нөкердің әмірі қызметіне тағайындау және оны орнынан алу хұқығына ие болады. Екіншісі (тоғызыншы) - Әмір Болатшы ұрпақтарының тоғыз мәрте кінәлі болғанша жауапқа тартылмайтындығы...» [7, 88 б.].

Әмір Болатшы бес ағайынды болған. Олардың үлкені Әмір Тулақ, екіншісі - Әмір Болатшының өзі, үшіншісі - Әмір Шамса-ад-Дин, төртіншісі - Әмір Қамар-ад-Дин, бесіншісі - Әмір Шайх Дәулет. Алғаш рет «Ұлысбек» деген атақ Әмір Тулаққа бұйырған. Ол өлгеннен кейін, ұлысбегілікке Әмір Болатшының өзі бекітілді. Бұл мемлекеттік шеннің маңызын – «Ұлысбектің билігі ханнан кейінгі шексіз билік болған» [8] -деп, көрсетті тарихшы-ғалым С.Жолдасбайұлы.

Ұлы бабамыздың жетінші атасы – Өртөбе. Мырза Хайдар – дулат руының шонжарлары Шығыс Түркістандағы өз иелігін (иқта) XIII ғасырда-ақ алған деп жазады. «Шағатай хан өз мемлекетін үлестерге бөлгенде, ол Әмір Болатшының атасы Өртөбеге Маңлай Сүбені (облысын) берді... Оның шығыс шекарасы – Құсан мен Тарбүкір; батыс шекарасы – Шаш, Ғаз бен Жакишман, оның соңғысы Ферғана уәлаятында орналасқан; солтүстік шекарасы – Ыстықкөл, ал оңтүстігінде – Жарқан мен Сарыұйғыр. Осы аталған бүкіл аумақ Маңлай Сүбе аталды» [9]. Маңлай Сүбе сөзі – «Күнгеі жақ» ұғымын беріп, осы күнге Қашғарияны айтқан [10].

Өртөбе бидің сіңірген ерекше еңбегі үшін, оған Шыңғысханның өзі жеті артықшылық берген. Солардың бір-екеуін айтар болсақ: «төртіншісі – хан кеңесінде, ол (Өртөбе –Е.Б.) қару-жарағымен отыра алады. Ал, моғолдарда мынадай тәртіп бар: Кеңесте ханнан басқаның барлығына сауыт-сайманмен отыруға тыйым салынған... Алтыншысы – ол барша моғол ұлысының әмірі болып табылады және жорықтарда оның аты былай жазылады: «Моғол ұлысының сардары (басшысы)»...» [7, 83 б.].

Сонау Шыңғыс хан дәуірінде үлкен беделге ие болған, бабалары Өртөбеден бастау алған үлкен бедел мен атақ, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып отырған. Сонымен М.Х. Дулатидың шығу тегін былайша келтіруге болады: М.Х. Дулати – Мырза Мұхаммед Хұсайын гураган – Мұхаммед Хайдар мырза гураган – Әмір Саййид Әли гураган – Саййид Ахмад мырза – Хұдайдад – Болатшы – Өртөбе би. Бұлардың барлығы да мемлекет ісіне араласып, тек

Саййид Ахмад мырзадан басқаларының барлығы «Ұлысбегі» – деген жоғары лауазымды қызметте болған.

Өздері қойған адамды хан етіп бекіте отырып, нақ осы аталған дулат әмірлері ел ішіндегі өз ықпалын нығайтып қана қоймай, сонымен қатар өз иеліктерін түрік әмірлерінің билік үшін шиеленіскен күресі жүріп жатқан Ферғана мен Мауереннахр тарапынан болатын шапқыншылықтан қорғауға, ол былай тұрсын, көрші елдердің ішкі істеріне араласуға тырысты.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 2-том.– Алматы: Атамұра, 2010. – 121 б.
2. Мирза Мухаммад Хайдар. Тарих-и Рашиди. Введение, перевод с персидского А. Урунбаева, Р.П. Джалиловой, Л.М. Епифановой. – Ташкент: АН РУзб., 1996. – 190 б.
3. Заһир ад-Дин Мухаммед Бабыр. Бабырнама. Қазақ тілінде сөйлеткен Б. Қожабекұлы.– Алматы: Ататек, 1993. – 234 б.
4. Дербісәлиев Ә. Қазақ даласының жұлдыздары. – Алматы: Рауан, 1995. – 178 б.
5. Асқаров А., Байбатша Ә. Ұлы тұлғаның өмір дерегі және ата-тегі // М.Х. Дулати: Ойшыл. Тарихшы. Жазушы. Қолбасшы. Халықаралық ғылыми-теориялық конф. материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 1999. – 27 б.
6. Материалы по истории казахских ханств XV-XVIII веков (Извлечения из персидских и тюркских сочинений). Составители: С.К. Ибрагимов, Н.Н. Мингулов, К.А. Пищулина, В.П. Юдин. А.: Наука, 1996. – 185 б.
7. Мухаммед Хайдар Дулати. Тарих-и Рашиди. Предисловие ко второму изданию М.К. Козыбаева, К.А. Пищулина. – Алматы: Наука, 1999. – 97 б.
8. Жолдасбайұлы С. М.Х. Дулати және XV-XVI ғғ. Қазақ хандығы.– Алматы, 2000.– 14-15 бб.
9. Акимовский О.Ф. Хронология правителей восточной части Чагатайского улуса // Восточный Туркестан и Средняя Азия. – М., 1984. – 156-157 бб.
10. Пищулина К.А. Юго-Восточный Казахстан в середине XIV - начале XVI веков (Вопросы политической и социально-экономической истории). – Алма-Ата: Наука, 1977. – 271-272 бб.

УДК 94 (574)

ОЙЖАЙЛАУ ҚОРҒАНДАРЫ

Р.Қ. Жұманов - магистрант

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., доцент Сламбеков Зарықбек Сламбекұлы

І.Жансүгіров атындағы ЖМУ, Талдықорған қаласы,

Zhumanov-roma@mail.ru

Бұл мақалада Еуразия көне тарихында Жетісу өңірі ерекше маңызға ие. Өйткені бұл мәдени-тарихи өңір ілкі замандардан бері адамзат дамуындағы күрделі үдерістермен тығыз байланысты. Мұнда ерте темір дәуірі кезінде бірнеше археологиялық мәдениеттер қалыптасып, дамығандығын археологиялық мәліметтер толыққанды растап отыр. Алайда өңірдің ежелгі тарихы әлі күнге дейін кешенді түрде зерттелінген жоқ. Мұның өзі біз таңдап алған тақырыптың өзектілігін көрсетеді. Еуразия тарихы мен өркениетінің көптеген түйткілді мәселелерінің түйінін шешетін Жетісу өңірінің ерте темір дәуірі ескерткіштері болып табылады. Аталған тарихи аймақта қола және ерте темір дәуірінде тіршілік еткен тұрғындардың мәдениетін зерттеу отандық тарихнамадағы

көкейкесті мәселелердің бірі екендігін оның жалпы Еуразия тарихымен тікелей байланысты екендігі де аңғартады.

В этой статье древней истории Евразии земли Семиречья имеют особое значение, так как эти историко-культурные области с древних времен были тесно связаны со сложными процессами развития человечества. Несомненно, памятники раннего железного века Семиречья дают возможность решить немало трудных и спорных проблем в истории цивилизации Евразии.

In the ancient history of the Eurasian region of Zhetisy has a particular importance as the special historical and cultural region, where since ancient times, there are a complex ethno-cultural processes, migrations and diffusions.

Many events that radically influenced the historical fate of many nations and changed ethnical appearance beyond recognition of vast Eurasian continent, had a direct impact on the region studied by us. During the first millennium B.C. there were various cultural communities and archaeological cultures that have consistently succeeded one another, transformed and created the basis for subsequent development of cultural phenomena.

Кілт сөздер: қорған, топографиялық сызба, теодолиттік жүріс, конус, дәліз, анимизм.

Еліміз егемен ел болып, тәуелсіз мемлекет болғаннан кейін отандық археология өзінің жаңа тынысын ашып, осы сала өкілдері ұлан ғайыр қазақ даласының ежелгі мекендеушілерінің мәдениетін, тұрмыс-салты мен шаруашылық ерекшеліктерін зерттеуге бел шеше кірісе бастады. «Телескоп астрономия ғылымы үшін қаншалықты маңызды болса, археология да тарих үшін соншалықты маңызды» деп атакты ағылшын археологы Гордон Вир Чайлд айтқанындай, қазіргі кезде тарихымызға, төл мәдениетімізге қатысты құнды болып саналатын көне жәдігерлерді тауып, оларды зерттеу мен жариялауда көптеген археолог ғалымдарымыз еңбек етуде.

Жетісу өңіріндегі ерте темір дәуіріне жататын сырға толы құпиясы ашылмаған қорғандар көп. Сақ тайпаларының қорғандары Алакөл ауданы территориясында Лепсі ауылының батысында 1,5 км, Лепсі өзенінің сол жағалауында 200 м жерде, оңтүстігінде Белтерек тауынан 1 км жазық алаңқайда орналасқан.

2008-2009 жылдардың жазғы маусымдарында «Жер-Су» корпорацияның демеушілігімен (президенті Б.К.Оспанов) Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің археологиялық-этнологиялық орталығының директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор Әбдеш Төлеубаев жетекшілігімен «Үйгентас» археологиялық экспедициясы Ойжайлау бөктеріндегі қорғандарға зерттеу жүргізді.

Профессор Әбдеш Төлеубаев ондағы қорғандары III-VIII ғасырдағы сақ мәдениетіне жатады деп жорамалдайды. Тарих ғылымдарының кандидаты Ғани Омаровтың айтуы бойынша, осы маңда түрік заманына жататындары да бар көрінеді. «Үйгентас» археологиялық экспедициясының зерттеуіне сүйенсек, Ойжайлау қорғандары біздің заманымыз дейінгі III-VIII ғасырдағы сақ мәдениетіне жатады. 2009 жылы жазында аталмыш экспедицияға алғаш рет Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті Гуманитарлық факультеті тарих мамандығының студенттері қатысты. Жетекшілік-тарих ғылымдарының кандидаты Байғабатова Назгүл Қажымұратқызымен бірге «Үйгентас» археологиялық экспедицияға қазба-зерттеу жұмыстарына 3 жыл ат салыстық.

Сондай-ақ экспедицияға Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының ғылыми қызметкері, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің, Семей педагогикалық институтының, І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің, Семей геодезия және картография колледжінің ұстаздары, магистранттары мен студенттері қатысты [1, 48-49 бб.].

Басқа оқу орындарының студенттерімен бірге болуымыз олармен достық қарым-қатынас орнатып қана, қоймай, сонымен қатар бір-бірімізбен пікір, тәжірибе алмасуымызға да септігін тигізді. Бұл қазба жұмыстарына біздің қатысуымыз өзіміздің теориялық алған біліміздің практикалық түрде шындалған шағы болды. Себебі қорған басында жүріп, ол

қорғанды дұрыс қазудың қыр-сырларын үйреніп, білмегенімізді үйреніп, білгенімізді жетілдіріп, «жүз рет естігеннен бір рет көрген артық» дегенге көзіміз жеткіздік. Бұл қорғандар көк майсалы шөп және тас үйінділерінен тұрғызылған. Қорған конус түрінде үсті дөңгелек жартылай төбе тәрізді орналасқан. Тарих ғылымдарының кандидаты Жұматаев Ринаттың пікір алысу барысында қорғандарды тұрғызуға Лепсі өзенінен тас алынғаны туралы мәлімет айтты. Ойжайлау бөктеріндегі қорғандар ата-бабаларымыздың еңбегімен алып тастармен қалап тұрғызылған. Сондай-ақ қорғандарды салу жұмысына да көп жұмыс күші жұмсалғаны белгілі. Сақтардың Ойжайлау қорғаны - біздің заманымыз дейінгі III-VIII ғасырлардан қалған ерекше тарихи ескерткіш [2, 4 б.].

Осы өңірді мекендеген тайпалардың Қазақстан халқының тарихи қалыптасуына, мәдениетінің өркен жаюына өзіндік қосар үлесі, алар орны бар.

Өйткені, Ойжайлау тас қорғаны Қазақстан территориясындағы көп кездесе бермейтін ерекше тарихи-археологиялық бірегей ескерткіштер қатарына жатады.

Қорған ел ішінде «үйілген тас» деп аталып, оның табиғи еместігі ертеден мәлім болған. Бертінгі уақытта қорған құрылысының тастары әртүрлі қажеттіліктерге байланысты алынған. Осындай әрекеттердің нәтижесінде тас алынған шұңқырларға желмен топырақ толып, бұталар өсіп кеткен. Мұндай шұңқырлардың жалпы саны-15. Орта тұсындағы ірілеу шұңқырлардың үлкенінде қайың, терек өсік шыққан. Шұңқырлардың ені әр түрлі. Осы шұңқырлар қорғанның авариялық жағдайда екендігін дәлелдейді.

Жалпы қорған өзеннің малта тастары мен таудың жақпар қара тастарынан құралған. Қорғанның көріністері қазбаға дейін түрлі бағыттардан фото және видеобейнелерге алынып, топографиялық сызбасы салынған.

Қорғанның сыртын айналдыра теодолиттік жүріс жасалды. Қорғанның диаметрі: СО-65,2м, ШБ-63,2 м. Биіктігі оңтүстік етегіндегі шартты түрде алынған нөлдік репермен есептегенде 1,7 м. Бетін шым қабаты басқан сыртқы айналма тас қоршаудың ені-3,5-4 м. Қорғанның оңтүстік жағы солтүстік бөлігіне қарағанда әлде қайда биік орналасқан. Зерттеу нысанының географиялық координатасы И 45 55,5 «Е 080 34 56,4» болса, теңіз деңгейінен салыстырғандағы биіктігі 970 м.

Қазба жұмыстарының алдында қорған аумағында өсіп тұрған ағаштар мен бұталар, шөптер кесіліп орылды. Соның нәтижесінде қорғанның толық келбеті анықталып, ол жан-жағынан фотосуретке түсірілді. Сыртқы белдеу көрсетіп тұрғандай, қорған келбеті дөңгелек. Дала көсемдері жерленетін алып тас құрылыс. Жоғары беті біршама қалың ұсақ тастармен, жақпар тастармен жабылған. Астыңғы қабаттарындағы тастар ірі, көбінесе жұмыр келетін өзен тастары. Қорғанның еніс тұстарын, етек жақтарын, әсіресе оңтүстік-шығыс бөлігін топырақ басып кеткен.

Қорғанды жоспарға түсіруге және қазба жұмыстарын жүргізуге ыңғайлы болу үшін көлемі 5х5 болатын шартты торлар жасалды. Соның негізінде солтүстік-оңтүстік және шығыс-батыс бағыттары бойынша қорғанның кескіні (профилі) өлшеніп, сызбасы қағазға түсірілді.

Қазба жұмыстары қорғанның төрт бағытынан құрылыстың шеттерін анықтау мен қазба тілігін салу үшін қазу мен тазалаудан басталды. Қорғанның батыс жақ етегін аршу барысында шашылған бірнеше керамикалық ыдыстың сынықтары алынды. Ерте темір заманына жататын ол керамикалық сынықтардың түстері қызғылт, орнаменттері жоқ. Көлемдері 2х2,5, 2х1х2см, қалыңдықтары 0,8см.

2009 жылғы жазғы маусымда аталмыш қорған толығымен зерттелді. Жұмыс барысында Ойжайлау қорғанның орталық тұсы кеңейтіліп, тас қаландылары бұрынғы жер беті деңгейіне жеткізілді. Сонымен қатар қорғанның ойық тұстарын тексеру мақсатында шурфтар салынып, қорғанның орта тұсын бойлай оңтүстік бағытта тілік жүргізілді. Жұмыс

қорытындысы бойынша аталмыш қорғанның жерлеу дәстүрі жер бетінде жүргізілгендігі анықталып, бұл ескерткіштің Аржан обасымен ұқсастығы байқалды.

Осылармен қатар №1 қорғанның жанынан кішірек №2 қорғанда қазба жұмыстары жүргізілді. Ол Үлкен қорғанның солтүстік шығысында 60 метрдей қашықтықта орналасқан. Қазбаға дейін қорғанның беткі қабатын шым басып жатты. Кейбір тұстарының тастары жер бетіне шығып көрініп жатты. Шым қабаты алынған кезде қорғанның таудың жақпар тастарынан және өзеннің жұмыр тастарынан үйілгендігі анықталды. Қорғанның сырт келбеті дөңгелек, диаметрі 11 м, биіктігі нөлдік нүктеден 85 см. Тас қабаты толық ашылғаннан кейін қабір шұңқырын анықтау мақсатында қорғанның дәл ортасынан 2+2 метр ендікте тазалау жұмыстары басталды.

Нәтижесінде батыс-шығыс бағытында созылған қабір дағының ізі байқалды. Қабір дағын тереңдету жұмыстары барысында бірнеше қабат тастардың шоғыры ашылды. Бұл қабір шұңқырының таспен көмілгендігін көрсетеді. Осыдан кейін барып қабір шұңқырындағы тастар толық тазартылды. Жұмыс барысында соңғы қатар тастар бетінен жылқы сүйектері аршылды. Оның астынан жылқы әбзелінің кейбір бөлшектері табылды. Бұл қорғанында өз заманында тоналғандығын қабір ішінде шашырап жатқан сүйек қалдықтары дәлелдейді.

Сондай-ақ кішірек №2 қорғанды қазу барысында жылқы сүйектері табылды. Сақ сенімі бойынша о дүниеде өмір сүреді деген сеніммен жылқы малын иесімен бірге жерлеген. Сол қорғанда ағаштың қалдықтары табылды. Сақ заманның кезінде мәйіт бетін ағашпен жерлеген, содан кейін тас үйген. Бірақта қорғаннан мәйіт табылған жоқ. Үлкен тастармен қаланған, алып қорған болып табылады. Қазақ халқының шұрайлы да, кең жазық даласының тылсым сырларын зерттеп ашуда, жанашыл студенттердің қосқан үлесі зор.

Археологтар әр уақыттарда Қазақстанның түрлі түкпірлерінен сақ патшаларының қорғандарын тауып жатыр. Тарихшылардың айтуынша, әрбір көшпенді рудың көсемдерін жерлейтін өз қорымдары болған. Бабалар дәстүрі бойынша сақ патшалары қай жерде қаза тапса да, оның денесі әулет қорымына әкеліп жерленген. Және бұл қорғандар қасиетті саналған. Мүмкін Ойжайлау қорғандарын қазба-зерттеу жұмыстарды көп жүргізсек патша қорғандарын да табамыз деп ойлаймын.

2010 жылы Ойжайлау бөктерінде №3 қорғанды қазу жұмысын жүргізді. Жалпы қорған өзеннің малта тастары мен таудың жақпар қара тастарынан құралған. Қорғанның көріністері қазбаға дейін түрлі бағыттардан фото және видеобейнелерге алынып, топографиялық сызбасы салынады [1, 51 б.].

Қазба жұмыстарының алдында қорған аумағында өсіп тұрған ағаштар мен бұталар, шөптер кесіліп орылды. Қазба жұмыстары қорғанның төрт бағытынан құрылыстың шеттерін анықтау мен қазба тілігін салу үшін қазу мен тазалаудан басталады. Қорған биіктігі 5 метр болып табылады. Қазу барысында тұрмыстық заттар табылды. Қорғанды тереңірек қазу барысында қабір табылды. Басы батысқа қаратып жерленген баланың сүйегі мен адам сүйектерінің шашындылары шықты. Одан ары тереңірек қазу барысында алыстан қарағанда күнге және жылқының тағасына ұқсас тас қиыршықтары шыға бастады. Ежелгі грек авторларының хабарламаларында қарағанда сақ күнге табынған, оны «әмірші» таныған. Біздің пайымдауымызша сақтар күнге байланыстырып тастармен қалаған шығар.

Күнге ұқсас дөңгеленген тастардың қасында тастардан қаланған ұзын дәліз табылды. Ол дәліз сырттан жерлеу орнына кіретін жол болғаны анықталды. Дәліз қорғанның шығыс жағына салынған. Ежелгі сақтар дәлізді күн қай жақтан шығатын жерге салынған. Дәліз қасында қайрақ табылды. Қайрақ жалпақ, байлайтын жердің тесігі бар. Ежелгі сақтар қаруларын қайрақпен қайраған және қайрақты іліп жүрген. Бірақта қорған сол заманда тоналғаны анықталды. Қорғаннан айна, сақина табылды. Бірақта сақина ағаштан жасалған. Айна кішкентай түрде кішкене қара басқан. Олар тұрмыстық заттар болып табылады.

Ойжайлау бөктерінің №3 қорғанның қасынан кішірек №4 қорғанда қазба жұмыстары жүргізілді.

Қорғанның қазбаға дейін қорғанның беткі қабатын шым басып жатты. Кейбір тұстарының тастары жер бетіне шығып көрініп жатты. Шым қабаты алынған кезде қорғанның таудың жақпар тастарынан және өзеннің жұмыр тастарынан үйілгенігі анықталды [1, 51 б.].

Қорғанды қазу барысында, тастар алынып қабір табылды. Қабір ішінде басы жоқ дене сүйектерінің қасында кішкентай дөңгеленген көк түсті моншақтар жатты. Дене сүйектері шалқасынан жатыр. Қорғандағы көк моншақ аспан әлемін білдіреді. Жерленген адам шайқасқа қатысқан болу керек. Бұл үлкен олжа болды.

Ойжайлау қорғанынан қасында кіші оба зерттеу жүргізіліп табылды. Оба қиыршық тастармен қаланған. 116 см. тереңдікте адам сүйектері табылды. Адам қанқасы шалқасынан жатыр. Ойжайлау қорғаннан тұмыстық заттар табылып жатыр немесе қыш ыдыстар сынық күйінде табылып жатыр.

Сақ заманында тайпалас адамдар өлген кісінің қаруын, айнасын және қыш ыдыстарын әдейі сындырғанда, өлген адамның жанымен бірге өліктер еліне жететін заттардың жанын азат етуге көмектестік деп сенген. Сақтар анимизмге сенген. Анимизм - яғни түрлі қолданыс заттарының жаны болады деген сенім деп түсіндіруге болады. Сондықтан сақ тайпаларынан қалған мәдени ескерткіштерді бұдан да ары қарай зерттеп, әсіресе олардың діни наным-сенімдеріне қатысты тұстарын зерделеу тарихымыздың ақтандақ беттері үшін де қажет екендігі сөзсіз. [3, 261б.].

Үйгентас тауының қасында сақ дәуіріне жататын алып қорғандар бар. Дәу тастармен қалаған алып төбелер және қорғандарды қазуға жұмыс күші керек. Ойжайлау көшпелілердің орталығы болған. Беймәлім беттері әлі ашылған жоқ [4, 2 б.].

Қорыта келгенде, қазіргі таңда Қазақстан тарихын жазу үшін, оның жерінің әр пұштағының асты-үсті, яғни археологиялық деректермен жер бетіндегі тарихи-мәдени ескерткіштері қоса зерттелуі қажет. Сондықтан халқымыздың тағылымды тарихы мен жоғары мәдениетімізді көрсететін асыл мұрамызды мирас ете отырып оны әрқашан терең түйсіне, зерттей беруіміз тиіс. Болашақта темір дәуірін зерттеу одан әрі ілгерілесе, республика аумағында темір дәуірінің мәдениеті шоғырланған аймақтар көбейіп, толығырақ түсері анық.

ӘДЕБИЕТТЕР

1) Төлеубаев Ә.,Т, Байғабатова Н.Қ, Омаров Ғ., Жұматаев Р.,С, Исақов Қ.,А. Ойжайлау ерте темір дәуірі обасының зерттелуінің кейбір мәселелері // «Жансүгіров тағылымы» атты республикалық ғылыми – практикалық конференция материалдары. – Талдықорған, – 2009. – 48-52 б.

2) Абдраһим М. Теория мен практиканың ұштасуы // І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің газеті. – 2009. – 4 б.

3) Карикулова Б.Ш. Сақ тайпаларының діни наным – сенімдері // әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Хабаршысы. Тарих сериясы. – 2010. – №1(56). – 261 б.

4) Қажет А. Ескерткіштер ескерусіз қалмасын // Жетісу қоғамдық-саяси газеті. – 2011. – 2 б.

ӘОЖ 378-058 (091)(574)

АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ- ТӘРБИЕ ҮРДСІНЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Г.М. Жусанбаева, т.ғ.к.,

Абай атындағы Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қаласы

Мақалада Алаш қозғалысы едәуір маңызды қоғамдық-саяси қозғалыс ретінде қарастырылады. Қозғалыс қазақ елінің ұлттық тарихындағы алатын рөлі өте маңызды, халықтың мәдени және рухани дамуына ерекше ықпал еткен тарихи оқиға болып табылады.

В статье рассматривается движение Алаш, являясь значительным общественно-политическим движением, занимает важное место в национальной истории казахского народа, с этим оно оказало народу особое влияние на духовное и культурное развитие нашего народа.

In the article is examined motion of Alash, being considerable social and political motion, occupies an important place in national history of the Kazakh people, with it it rendered to the people the special influence on spiritual and cultural development of our people.

Ұлттық тарихымызда маңызды орын алатын Алаш қозғалысы – ірі саяси-қоғамдық қозғалыс болуымен бірге халқымыздың рухани-мәдени өрлеуіне айрықша ықпал еткен үлкен оқиға да еді. Осы рухани-мәдени зор қозғалыс тудырған Алаш қайраткерлері мұрасының алуандығы мен байлығы сан тараулы ғылымға өрісті жол, өміршең ізденіс болары хақ. Алаш кезеңі қалыптастырған зиялы қауым өкілдерінің еңбектері, тіл жолындағы күрестері – сол дәуірдің тарихи мәні бар деректері ғана емес, сонымен бірге өміршең дәстүр қалыптастырар тағылымды мұра болуымен де құнды /1/.

Алаш қайраткерлері мұрасынан алатын тағылым орасан. Өйткені олардың қай-қайсысы да өз заманында ұлттық санамызды оятуға, ұлттық рухани құндылықтарымызды ұштауға, дербес елдігімізді тәуелсіздікке ұластыруға қажыр-қайраттарын, қабілеттері мен білімдерін сарп етті. Олар осындай ұлы максаттардан шыға отырып, туған халқы үшін риясыз еңбек етті.

Алаш зиялылары қалдырған мол мұра сол ұлы тапшыныстың куәсіндей бізге жетіп отыр. Бүгінгі ұрпақ осы асыл қазынаны игере отырып, ұлттық мұраттардан тағылым ала білуі керек. «Алаштың» тарихи маңызына ерекше мән бере отырып, Елбасымыз Н.Назарбаев: «Алаштың асыл аманаты бізге тарихи-мәдени бірегейлігімізді, қарапайым тілмен айтсақ, қазақы қалпымызды қасиеттеп сақтауға міндеттейді», - деген болатын.

Елбасының бұл сөзі Алаш аманатын сақтауда, олардың елдік мұраттарын іске асыруда бәрімізге жолбасшы бола отырып, алаштықтар мұрасының шынайы әрі терең ұлттық мазмұнда болғандығын да танытады. Олардың саяси күрестері, шығармашылық жолы таза ұлттық мазмұнда бола отырып, біздің қазақтығымызды әйгілеп тұрды.

1985 жылдың сәуір айынан басталған КСРО-дағы қайта құру жариялылық пен демократияға кеңінен жол ашты. Осы тұрғыдағы нақты жаңғыру қайта құрудың "екінші кезеңінде", атап айтқанда, 1988 жылдан бастап, толығымен өз күшіне ене бастады. 1980 жылдардың аяғында Қазақстанның мемлекеттік егемендігі мен ұлттық тәуелсіздік мәселелері алдыңғы қатарға шыға бастады. Қоғамдағы түрлі қайшылықтар мен жалпы даму үдерісінің күрделене түсуіне қарамастан, халық шын мәніндегі рухани және саяси еркіндікке ұмтылды.

XX ғасыр басындағы қазақ зиялы қауымының шығармашылық-мәдени мұраларының ақталуына орай, отаршылдық саясаттың нәтижесінде бұрмаланып келген

ұлттық тарихтың беттерін қайтадан қарап, бұрын зерделеуге тиым салынып келген мәселелерге жаңа көзқарас тұрғысынан қарастыруға мүмкіндік туған кезең келді.

Қазақ зиялы қауымының шығармашылық-мәдени мұраларының ақталуы республикада 1988 жылдың басынан бастап өз күшіне ене бастады. 1988 жылдың басында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің жанында сталиндік репрессиялардың құрбаны болған халқымыздың ардақты ұлдары мен қыздарының саяси және шығармашылық-мәдени қызметтеріне оң баға беру туралы арнайы Комиссия құрылып, ол өз жұмысын бастады. Осылайша, саяси қудалау кезіндегі, яғни, отыз жеті-отыз сегізінші, қырық алты-елу үшінші жылдардағы жарияланымға тиым салынған шығармалар мен жекелеген авторлық құқықтар қалпына келтіріліп, «тәжірибе» жинақталған соң, ұлт зиялыларын ақтауға ұмтылыс басталды.

Қоғамдағы өзгерістермен бірге тарих ғылымында да маңызды өзгерістер орын алды. Қазақстан Республикасының Президент жанындағы Мемлекеттік саясат жөніндегі Ұлттық Кеңес қабылдаған "Қазақстан Республикасының тарихи санасын қалыптастыру тұжырымдамасында" атап өтілгеніндей, "өткенді және қазіргіні ой елегінен өткізу қажеттігі Қазақстанның, оның халқының тарихи тағдырына талдау жасауды жандандырып, тереңдете түсуді мейлінше талап етеді /2/.

1997 жыл – «Жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу» жылы ретінде жарияланып, 31 мамыр – саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні ретінде белгіленді. Осыған орай көптеген құпия мұрағаттық құжаттардың сыры ашылды. Мәскеу мұрағатынан «Әділет» қоғамы жетекшілерінің өтініші бойынша 1938 жылы атылған адамдардың тізімі алынды. Тізімдегі 631 адамның басым көпшілігі қазақтың маңдай алды азаматтары. Осы жерде негізгі мақсат-қазақтың бетке ұстар азаматтының көзін жойып, бүтіндей бір халықты бассыз қалдыру болғаны айқын байқалады. Тізімнен қай арыстың қай күні зұлымдықтың құрбаны болғанын көруге болады. (25 ақпан күні Санжар Асфандияров, Құдайберген Жұбанов, Сейтқали Мендешов, Измұқан Құрамысов, Сәкен Сейфуллин, 27 ақпанда Бейімбет Майлин, Ілияс Қабылов, 28 ақпанда-Ораз Жандосов). Мәскеуден жеткен тізімдегі 631 атылған адамдардың 80 пайызы-қазақтың белгілі адамдары болған/3/. Олардың көбі алаштың арыстары.

Алаш қозғалысының, жоғарыда айтып өткеніміздей, ұлттың рухани-мәдени деңгейін көтеруге сіңірген еңбегі өте зор. Мәселен, Қазақстандық тарихшылар М.Қойгелдиев пен Т.Омарбековтың ойларына, Алашорда басшылары, сайып келгенде, екі негізгі мақсатты басты назарда ұстаған. Олар: біріншіден, қазақ елін отарлық езгіден азат ету, ал екіншіден, қазақ халқы мен дәстүрлік қоғамын ортағасырлық мешеуліктен өркениетті әлеуметтік-экономикалық және мәдени даму жолына алып шығу. Бәлкім, сондықтан да болар, аталмыш ғалымдар алаштық зиялы қауымды "ұлттық-демократиялық зиялы қауым (интеллигенция)" деп, ал Алаш партиясын "ұлттық-демократиялық партия" деп атағанды жөн көреді /4/.

Тоталитарлық жүйенің күйреуі мен еліміздің тәуелсіздік алуы ұлттық мәдениеттің қайта өрлеуіне кеңінен жол ашты. 80-ші жылдардың аяғында басталған тың үрдістер қазақ зиялы қауымының шығармашылық-мәдени мұраларының толығымен ақталуына алып келді. Тәуелсіздігіміздің 20 жылға жуық мерзімінде жарық көрген еңбектер де жоғарыдағы пікірлерімізді қуаттай түседі.

Егер біз Алаш қозғалысын ұлт тарихында ерекше орны бар құбылыс ретінде ғана бағалаумен шектелсек, онда біз оны түсіне алмаған ұрпақ болып шығар едік. Бізге бүгін жалпыұлттық деңгейде қорытылып жалпыұлттық деңгейде игерілген, яғни ұлттық дүниетаным мен ұстанымның іргетасы міндетін атқара алатын тарих қажет. Ал Алаш қозғалысы сол дүниетанымдық тарихтың өзегі.

XX ғасырдың басында өмір сүрген қазақ ағартушыларының мұралары арқылы оқушыларды патриотизмге тәрбиелеу бүгінгі егемендік алған кезеңде іргемізде бейбітшілік

пен ұлттар достығын сақтаудың негізі болып отыр. Қазақ ағартушыларының шығармаларына ғылыми-педагогикалық тұрғыда талдау жасау барысында олардың артына қалдырған мұралары бүгінгі ұрпақтың бойында адамгершілік құндылықтар мен патриоттық рухты қалыптастыруда негізгі орын алады. Алаш қозғалысының басты мақсаты – қазақ еліне өзін-өзі басқаруға мүмкіндік беретін мемлекеттік жүйе құру, яғни оның ұлттық мемлекеттікке құқығы бар екендігін метрополияға мойындату, ал түбінде дербес мемлекеттікке қол жеткізу, қазақ жеріне ішкі Ресейден қоныс аударушылар толқынын тоқтату, әлемдік озық тәжірибеге сүйене отырып қазақ қоғамын жаңа өмір сұранысына сай өзгерту, демократиялық принциптерді қадір тұтумен бір мезгілде, әсіресе, білім мен ұлттық мәдениеттің өркен жаюына жол ашу болды.

Алаш зиялыларының ұстанған бағыты профессор М.Қойгелдиев көрсеткендей, “қазақ еліне өзін-өзі билеуге, өзінің ішкі қоғамдық мәселелерін өзі шешуге, атамекеніне өзі ие болуға мүмкіндік беретін жол” еді. 1917 жылы қараша айында жарық көрген “Алаш” партиясының бағдарламасы жалпы ұлттық мұрат ретінде осы мазмұндағы мақсаттарды белгіледі.

Алаш зиялылары өз өміріне төнген қауіпке қарамастан оқу-ағарту, білім беру мәселесін тіпті қаһарлы 1916 жылы да назардан тыс қалдырмады. Осы жылдың 7 тамызында тыл жұмыстарына шақыруға байланысты Орынборда Ә.Бөкейхановтың төрағалығымен өткен жиналыс үкімет алдына қойған өтініштерінде “Әр ауылға бір молдадан қалдыруды, Қырғыз балаларының сауатын ашу үшін әр 50 түгін сайын бір мұғалимадан ұстауды және олардың медреседен куәлігі (“Шаадат- нама”) болуын. Қалаларда мұсылман медреселерінде оқитындарды әскерге шақыртудан босатуды” сұрады. Енді “Алаш” партиясының бағдарламасы ғылым-білім мәселесі туралы не дейді екен? Аталмыш мәселе бағдарламаның тоғызыншы пунктінде қаралған және ол төмендегідей міндеттерді шешуді көздейді

- оқу орындарының есігі кімге де болса ашық һәм ақшасыз болу;
- Бастауыш мектептерде ана тілінде оқу;
- қазақтың өз тілінде орта мектеп, университет ашу;
- мұғалімдердің өзара сайлаумен қойылуы;
- ел ішінде кітапханалар ашу.

Міне, осы жолда жеңіске жеткізетін бірден-бір фактор ретінде ұлт зиялылары, “Алаш” партиясы халық-ағарту, ғылым-білім мәселесін алға тартты. Олар “қазақ баласы, енді оянбасаң, мәңгіге шейін ұйқың ашылмай, қаранғыда, құлдықта, тістегеннің аузында, ұстағанның қолында кеткенің”- деп халқын оянуға, оқуға, білімге шақырды. Азамат соғысының барысында Кеңес үкіметіне ақ гвардияшылар мен интервенттер тарапынан болған қатыгездік пен зорлық “Алаш” өкілдерінің бастапқы бағыттарын өзгертуге итермеледі. А.Байтұрсынұлы “Төңкеріс және қазақтар” мақаласында Алаш зиялыларын Кеңес үкіметі жағына шақырып, ұлттық келісім тактикасына қол жеткізді. 1919 жылы 4 сәуір – Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитеті Алашорда мүшелеріне кешірім жариялады. 1920 жылы 9 наурыз – Алашорданы тарату туралы Қазревком шешім қабылдады.

Алаш зиялылары, қиын-қыстау кезеңдердің бәрін де қандай өкіметті қолдамасын, бәрі бір ұлттық мемлекет идеясын жоғары көтере білді. Олар, 1930- жылдардан бастап, жаппай жазаға тартылғанда да, бәрі бір, сол жалпы ұлттық идея жетегінде кетті. Олардың отаршылдық езгіге қарсы және билікке ұмтылу ұстанымдарының бәрінде, халықты жіктеп, таптар мен топтарға бөліп ыдырату емес, қайта оларды жалпы ұлттық мүдде негізіндегі бірлікке топтастыру идеялары анық байқалды. Міне, осындай міндеттерді ұлттың пайдасына шешуді мақсат тұтқан саяси күш кеңестік билікті қатты үрейлендірді. Олар 1920 жылдардың соңы- 1930 жылдардағы қуғын-сүргін барысында айыпталып, атылды. Тотаритарлық тәртіп оларды аяусыз жаныштады. Сол кезең жағдайында барлық қолдан келгенді жасаған Алаш азаматтары идеяларының бүгіндері жүзеге аса бастауы сөзсіз заңдылық.

XX ғасыр басында өмір сүрген зиялы қауымның, яғни Алаш ардақтыларының еңбектері құрап отырғандары белгілі. Алаш арыстары ұйымдастырған ұлт қозғалысының мемлекеттікті орнатудағы қарекеттері үлгі боларлықтай еді. Алаш идеясы ұлттың тұтас жері бар, өз құндылығын сақтаған, дербес дамыған ел ретінде өмір сүруді көздеген болатын. Сол бағытта Алаш зиялылары қазақ елі тарихында тұңғыш саяси ұйым, ұлттық демократиялық бағыттағы Алаш партиясын құрды. Ресей империясы құрамында Алаш автономиясын құру туралы ұсыныстарын және Алаш автономиясының ұлттық кеңесі Алашорда үкіметін жариялады. Бұл Алашорда үкіметінің басында Әлихан Бөкейханов бастаған қазақ зиялылары тұрды. Алаштықтар өз мақсат-мүдделерін білдірген саяси бағдарламаларын жүзеге асыруға ұмтылды. Онда қазақ елін отарлықтан азат ету, басқа да жоспарлы мақсаттарды жүзеге асыру арқылы жаңа Қазақ мемлекетін орнатып, реформа жолымен қазақ қауымын өркениетті елдер қатарына жеткізуді басты міндет етіп қойған болатын. Елбасы биылғы Жолдауында мәңгілік өз мемлекетін құру туралы Алаш идеясымен үндес ой тастаған еді. «Алаштың» асыл мұраттары біздің қазіргі әлеуметтік жаңғырту бағытымен үндес келетінін жеткізді.

Ұлттың бойында сан ғасырлар жинақталған рух пен мұраттың ұлы бұлқынысы болған Алаш қозғалысы ел тағдырына қатысты барша идеяны өзіне өзек еткені бүгінде көбімізге белгілі. Сонау XX ғасырдың басында елдің еркіндігі үшін күрескен ерлер қалаған осы қасиетті сөз тәуелсіздігіне жеткен қазақ баласына да соншалықты қымбат, аяулы ұғымға айналуға. Бұл – санамыздың жаңғыруы, тарихи тамырларымызды қастерлеуіміз, елдіктің белгісі, өсер жұрттың өнегесі. Алаш зиялыларының саяси және рухани күресіндегі негізгі мақсат, орасан міндет, ол ұлтымызды ұйыстыру, сол арқылы елдігімізді айқындау десек, онда осындай ұланғайыр сауапты істің аясында ана тілімізді сақтау мәселесі тұрды. Алаш қайраткерлерінің қай-қайсы да тілдің саяси, қоғамдық һәм рухани үлкен күш, ұлтты біріктіруші қуатты құбылыс екендігін жақсы сезінді. Алаш зиялыларының еңбектерінің алуандығы – олардың ұлт тағдырындағы маңызын әрі терең, әрі жан-жақты түсінгендігін аңғартады. Алаш зиялылары XX ғасырдың басында ұлт тәуелсіздігі мәселесін көтере отырып, ұлттың рухани-мәдени өрлеуіндегі, саяси ұйысуындағы асыл қазынаның бірегейі тіл екендігін байыптады. Сөйтіп, олар тілді сақтау, дамыту, қолданыс аясын кеңейту міндеттерін көтере келе, қазақ тілінің саяси, қоғамдық, әлеуметтік мәртебесіне ерекше мән берді. Бұл алаштықтар тарапынан тілдің саяси, әлеуметтік маңызын, ұлттың тұтасуы мен өркендеуіндегі орнын сезініп, оған тұңғыш рет берілген толымды баға болатын. Бұл да тәлімі тарихи деуге татитын Алаштың орасан өнегесі болатын. Алаш оқымыстыларының ғылыми және ғылыми-танымдық еңбектері, әр салаларға арналған оқулықтары арқылы тіліміздің ғылыми және ғылыми-көпшілік стильдерін қалыптастырды. Айталық, Ә.Бөкейханның тарих, фольклортану, әлеуметтану саласындағы ғылыми шығармалары, А.Байтұрсынұлының 1912 жылдан бастап 1928-1929 жылдарға дейін жазылып, жарияланған оқулықтары, оқу құралдары, ғылыми мақалалары, Х.Досмұхамедұлының медицина, биология, тілтану саласындағы ғылыми еңбектері, М.Тынышпаевтың тарихи зерттеулері, М.Дулатовтың тілтану, әдебиеттану, математика саласындағы ғылыми шығармашылығы, Ж.Аймауытовтың психология, әдебиеттану саласындағы ғылыми ізденістері, М.Жұмабаевтың педагогика, әдебиеттану саласындағы еңбектері, Т.Шонанұлының тілтану, әдістемеге арналған оқу құралдары мен зерттеулері, сондай-ақ Ә.Ермековтің, М.Тұрғанбаевтың, Е.Омарұлының, С.Асфендияровтың, М.Бұралқиевтың, Қ.Кеменгерұлының, С.Сәдуақасовтың ғылыми еңбектері ғылым тілінің, қазақтың ғылыми терминологиясының қалыптасуында айрықша белес болды.

XX ғасырдың басында қазақ зиялыларының қызметінде құқық проблемалары елеулі орын алды, өйткені қолданыстағы патша заңдары көшпелі халықтың құқығына нұқсан келтірді, мұның наразылық туғызғаны табиғи нәрсе. Өз халқының ежелгі өз жеріндегі

қасіретті жағдайы туралы толық хабардар болған олар патша өкіметіне қазақ халқының әлеуметтік қажеттері туралы хабар жеткізуге, оның құқықтық мүдделерін қорғауға тырысты. Қазақ зиялыларының қызметінде жер туралы мәселе өзекті орын алды. Олар өздерінің ғылыми және көсемсөздік мақалаларында, патшалық өкімет орындарына әр түрлі үндеулерінде патша үкіметінің қазақ халқының өмір жағдайларына сай келмейтін заң нормаларын әділ сынға алды. Қазақ қоғамының рухани саласында етек алған заңсыздыққа өз наразылығын білдіріп отырды. Өз халқын оятуда зор рөл атқарған қазақ зиялыларының тамаша шоқ жұлдызы ХХ ғасырдың басына қарай нақ сол буыннан қалыптасты. Олар өз халқын отаршылдық бұғауынан азат, өркениетті, дербес және тәуелсіз жағдайда көруді армандады. Қазақ зиялыларының өкілдері патша өкіметін дала өңірінде білім беру ісін неғұрлым жедел жүргізгісі келмегендігі үшін сынады, ал өздері отандық ғылымды қалыптастырудың алғышарттарын жасауға ұмтылды.

Қорыта келе Ә.Бөкейхановтың мына қанатты сөзімен аяқтағым келеді: «Әр ұрпақ өзіне артқан жүкті жетер жеріне апарып тастауы керек». Аға ұрпақ өздеріне артқан жүкті жетер жеріне толық апарды. Алаштың атымен ұлы іс бастаған оның қай тұлғасы да құрмет пен марапатқа әбден лайық. Біздің құрметіміз бен марапатымыздың белгісі – олардың ұлт алдындағы еңбектерін бағалау, оны ұрпақтың рухани уызына айналдыру. Басты міндет Қазақстанды алдыңғы елдердің қатарына қосып, тәуелсіздігіміздің тұғырлы болуына үлес қосу. Тарихқа тағзым, өткенге ғибадат – Отанға, туған жерге деген құрмет. Бүгінгі таңда жас ұрпаққа ұлттық тарихты оқыту мәселесі аса маңызды. Өйткені, ұлттық сана және ұлттың тарихи дүниетанымы тек қана ұлттық тарих негізінде ғана қалыптастырылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Шаймерден Е. Алаш зиялыларының тілдік мұрасы: арналы бастау, өміршен дәстүр // Алаштың тілдік мұрасы. Мақалалар жинағы. / Құраст. С. Шүкірұлы,
2. Қ. Әбуов. Қазақстан тарихының «ақтандақ» беттерінен. – Алматы: Атамұра-Қазақстан, 1994.
3. "Қос төңкеріс және Алаш қозғалысы". Сұхбат материалдары. Сұхбатты хаттаған Т. Омарбеков // "Ақиқат", 1991, N11 (45-46 б.б.).
4. Қойгелдиев М., Омарбеков Т. Тарих тағылымы не дейді? – Алматы, 1993.
5. Зиялылар туралы тұжырымдар // Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің Хабаршысы. - Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар сериясы. - 2007. - №4. - 35-40-бб.

УДК 314.7.045

ИЗ ИСТОРИИ ПЕРЕСЕЛЕНИЯ СЛАВЯНСКОГО НАСЕЛЕНИЯ В ЖЕТИСУ (к. XIX-нач. XX вв.)

Г.М. Искакова, Н.К. Байгабатова

Жетісуский государственный университет им. И.Жансүгурова, г.Талдықорған

Мақалада славян халықтарының XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басындағы Жетісуға қоныс аудару себептері және негізгі кезеңдері саратталады. Ресей патша өкіметінің қоныс аудару саясатының мақсаты, міндеттері және этнодемографиялық ахуалына ықпал еткен салдары көрсетілген.

В статье анализируются истоки, причины и основные этапы переселения славянского населения в Жетысу в конце XIX–начале XX веков. Раскрываются цели, задачи переселенческой политики царизма в Жетысу и ее влияние на этнодемографическую ситуацию в регионе.

This article analyzed the origins, causes and the main stages of resettlement the Slavic population in Zhetysu in late XIX - early XX centuries. Disclosed goals, objectives of the resettlement policy of Tsarism in Zhetysu and its impact on the ethnodemographic situation in the region

Ключевые слова: Жетысу, славянское население, переселенческая политика, колонизация, крестьянство, Семиреченская область, этнодемографическая ситуация

Процессы формирования и развития диаспор – одна из сложных проблем исторической науки в целом, в частности исторической науки Казахстана и стран Центральной Азии. С одной стороны, это связано с различными интерпретациями доколониального, колониального и советского периодов, а также различными оценками исторического прошлого в целом. Вопросы формирования и развития диаспор представляют не только научный интерес и общественно-политическую значимость. Изучение истории диаспор способствует формированию представления о глубоких корнях полиэтничности современных центрально-азиатских обществ.

Начальный этап формирования полиэтничного состава населения Казахстана, в том числе и в Жетысу, связан, прежде всего, с процессом вхождения Казахского ханства в состав Российской империи. На протяжении XVIII – начала XX вв. на территории Казахстана появляются и численно увеличиваются разные этнические группы. Они начинают играть важную роль в социально-экономической и политической жизни края. Кроме того, они представляют собой новые культурные компоненты. Так, славяне были представлены русскими, украинцами и белорусами, поляками; тюрки – казахами, киргизами, татарами, уйгурами, дунганами, калмыками, башкирами; довольно большая доля приходилась на ираноязычное население.

Массовое переселение крестьян сопровождалось изменением этнодемографической структуры края – произошел стремительный рост численности славянского населения (в основном, русских и украинцев) как за счет миграции, так и в результате естественного прироста. По некоторым данным, русские и украинцы, вместе взятые в 1917 г. составляли более 1 миллиона 745 тысяч человек или 29,4% всего населения края [1, с. 570].

Царизм рассчитывал путем колонизации северо-западных и юго-восточных районов Казахстана переселить крестьян из внутренних губерний России и Украины и создать в их лице социальную опору в национальной окраине, а также притупить остроту классовых противоречий во внутренних губерниях.

Почти во всех вновь образованных областях целенаправленное переселение русско-украинского крестьянства началось в начале 70-х годов XIX в. и массовый характер оно приобрело в 80-х годах. В конце 1881 г. были приняты Временные правила о переселении крестьян, которые разрешали крестьянам переселяться на окраины, но лишь с позволения соответствующих органов. Особенно интенсивно все возрастающий поток пришлого населения шел в Семиреченскую область: с 1868 по 1880 гг. сюда переселилось 3224 семьи из них 2099 образовали селения, а 1225 семей обосновались в городах. За 13 лет (с 1880 по 1893 гг.) население Туркестанского края, исчислявшееся в 2 269 520 человек обоего пола, возросло до 3 102 385 чел., т.е. приблизительно на 37% в основном за счет переселенцев [2, с. 472].

С целью регулирования народного крестьянского движения был издан специальный Закон от 13 июля 1889 г. «О добровольном переселении сельских обывателей и мещан на казенные земли и о порядке причисления лиц означенных сословий, переселившихся в прежние времена». Цель закона – контролировать переселенческое движение, положить

конец или, хотя бы, ограничить несанкционированные переселения. Для приобретения земельных наделов требовалось особое разрешение. Конкретно определялись районы для переселения – Томская и Тобольская губернии, а также Семипалатинская, Акмолинская и Семиреченская области. Этот акт полностью держал переселенческое движение в руках правительства, заметно ограничив частную колонизацию. Теперь для приобретения земельных наделов требовалось особое разрешение. Однако, стремление петербургских властей как-то урегулировать прежний стихийный характер миграционного процесса не совсем удалось [3, с. 458].

Неурожай и голод 1891–1892 гг. побудил массы крестьян европейской России двинуться на Восток в поисках свободных земель. К тому же проведение Транссибирской железной дороги в 1891–1905 гг. создало необходимую материальную инфраструктуру для переброски переселенцев. По данным Н.Е. Бекмахановой, уже в 1890 г. в Казахстан направились два крупных потока переселенцев – один из Полтавской губернии, а другой из Самарской (до 20 тысяч человек); средние – из Астраханской, Воронежской и Черниговской (от 10 до 13 тысяч) и небольшие – из Пермской, Саратовской, Казанской, Пензенской и Тобольской губерний (от 5 до 8 тысяч) [4, с. 97-98].

Причем, в Семиреченской области преобладали переселенцы из Воронежской, Тобольской, Томской, Пермской, Казанской, Оренбургской, Харьковской губерний; в Сырдарьинской области – Воронежской, Астраханской, Самарской, Саратовской, Тамбовской и других губерний, а также Войска Донского. Всего в Казахстан до 1897 г. мигрировало 320 тысяч переселенцев из центральных губерний России. С учетом высокого уровня естественного прироста у переселенцев в 1897 г. численность русских в Казахстане увеличилась до 544,2 тысяч человек, а удельный вес – до 12,8 %. Помимо того возросла и численность украинцев до 79,5 тысяч и удельный вес их составил 1,91% [4, с. 135-137].

Если говорить в разрезе областей, то в конце XIX в. в Семиреченской области славянское население было менее многочисленной группой, чем по другим областям. Оно составляло 71,9 тысяч человек, наиболее всего проживало в Верненском уезде – 33,7 тысяч русских и 1,8 тысяч украинцев, в Лепсинском уезде – 14,3 тысяч русских и 7,8 тысяч украинцев [4, с. 135-137].

Рубеж XIX в. – XX в. ознаменовался обострением социальных противоречий в Российской империи вызванный крупномасштабным аграрным кризисом. Прямым следствием этого стало усиление переселенческой политики в Казахстан. Взгляд правительства на переселение круто меняется после аграрных волнений сначала в 1901-1902 гг. в Полтавской и Харьковской губерниях, а затем в 1905 - 1906 гг. охвативших почти всю Россию. Усиление потока крестьян из европейской части России вынудило правительство открыть для переселения районы, ранее закрытые. Это относилось в основном к Туркестанскому краю, за исключением Семиреченской области. Запрет для переселения обосновывался отсутствием здесь свободных орошаемых земель для развития земледельческого хозяйства в связи с высокой плотностью заселения местным населением, а также дороговизной строительных работ по возведению оросительных систем. Поэтому в Семиреченскую область переселения велись до 1905 г. невысокими темпами. Наибольшее количество переселенцев прибыло в Семиречье в 1909 – 1912 гг. и 1914 г., составив 86,4 тысячи человек, или 72,6% общей численности переселенцев региона за весь период 1897 – 1916 гг. [4, с. 162]. Правила «О добровольном переселении на казенные земли в области Сырдарьинскую, Ферганскую и Самаркандскую» от 10 июня 1903 г. легализовало заселение этого региона. При этом правительственная комиссия опиралась на известное примечание к статье 120-й Степного положения 1891 г. объясняющая, что те земли, которые являются излишними для кочевников, поступают в государственный фонд.

С ростом потока переселенцев появилась необходимость создания специального комитета для контроля над процессом переселения, обеспечения переселенцев землей и решения социальных нужд. С этой целью 14 февраля 1905 года в Жетысу был создан Переселенческий комитет при министерстве земледелия и государственной собственности. Он занимался всеми переселенческими делами.

Теперь переселенцы из российских губерний обязаны были сначала зарегистрироваться в Переселенческом комитете. Об этом свидетельствуют статистические документы. Например, в ведомостях 1907-1908 гг. показаны количество зарегистрированных переселенцев и размеры «излишков» в Верненском, Пишпекском, Капальском, Прежевальском, Жаркентском и Лепсинском уездах. В данных уездах по решению Временной комиссии из 235169 десятин земель 26526 десятин земли было выделено на каждую «душу». В целом, до 1 августа 1908 г. в крае было зарегистрировано «9942 семьи в их составе 30003 мужчин» [5, с. 100]. В основном это были переселенцы из Сибири. В статистических ведомостях за 1906-1907 гг. указаны основные области, откуда шел большой поток переселенцев в Жетысу. Это переселенцы из Воронежской, Тобольской, Томской и Полтавской губерний. Надо также отметить, что в Жетысу переселялись также из Акмолинской, Семипалатинской, Сырдарьинской и Тургайской областей. Таким образом, в конце 1908 г. в Жетысу было «зарегистрировано всего 8403 семей и 52893 человека. Из них 28493 мужского пола и 24400 женского пола» [5, с. 100].

Учитывая благоприятные климатические условия, наличие плодородных земель количество русских крестьян переселенцев в Жетысуский край росло с каждым годом. Если вначале переселение в Жетысу шло стихийно, то с 1910 г. Переселенческий комитет принимает решение о регулировании данного процесса. При этом говорится о необходимости переселять сюда крестьян, имеющие опыт и знания по ведению земледельческого хозяйства и могут способствовать его интенсивному развитию. Особенно, в частности садоводческого и бахчевого хозяйства. Поэтому основными районами переселения определялись Екатеринославская, Таврическая, Полтавская и Херсонская губернии. В связи с этим нужно было срочно построить линию железной дороги. Таким образом, Туркестанский край также предполагалось заселить лицами православного вероисповедания, к тому же достаточно обеспеченными людьми. Подушевой надел ограничивался до 3 десятин орошаемой земли, но зато пастбищной земли выдавалось по потребностям.

По материалам экспедиции, возглавленной П.П. Румянцевым, в 1913 г. в Семиреченской области получило развитие выращивание садоводческих и бахчевых культур. Так, количество плодовых деревьев составило: 240176 яблонь и груш, 112319 урюка и 9304 кустарника винограда [5, с. 101].

Однако переселение сопровождалось изъятием земель у казахского населения. Изъятие земель у коренного населения шло грубым и незаконным методом. Так, заведующий Семиреченским переселенческим районом С.Н. Велецкий утверждал, что эти земли являются государственными, и они предоставлены казахам во временное пользование; если потребовалось образовать «переселенческий участок, необходимо часть их (аулов) переместить, ... и сгустить киргизские зимовки в другие места» [6]. Сенатор К.К. Пален в ходе проведения ревизии по Туркестанскому краю свидетельствовал, что те земли, на которые перемещались казахи, были «каменистой, негодной к орошению степью» [1, с. 596].

Анализ данных 360,7 тысяч мигрантов, прибывших в казахскую степь в 1906-1912 гг. в ходе Столыпинской аграрной реформы, показывает, что 80,6 % их являлись выходцами из Украины, а оставшиеся 19,4 % из юга России. Среди приехавших из Украины преобладали жители Полтавской, Харьковской, Киевской и Черниговской губерний, а из южных районов России – крестьяне из Воронежской, Саратовской и Самарской губерний. Эти

миграционные потоки оказали влияние на изменения численности и состава населения края. К 1916 г. около пяти процентов всего населения Казахстана приходилась на долю русских. К этому времени в регион прибыло в общей сложности 1428900 человек. К 1916 г. удельный вес казахов в Российской империи уменьшается с 3,02 до 2,69 % [7, с. 246-247].

В целом, о динамике численности переселенцев говорят данные за 1870–1914 гг.: Акмолинская область – 721 091 человек, Семипалатинская – 159 972, Семиреченская – 156 826, Сырдарьинская – 61212, Тургайская – 226 825, Уральская – 108 467, всего – 1 434 393 человека [1, с. 473].

Столыпинская аграрная реформа, проведенная в начале XX века, еще более обострила земельный вопрос в казахском крае. Общее количество земель, изъятых в Казахстане для переселенцев, до первой мировой войны составило более 40 млн. десятин земли, это почти 20% общей земельной площади края [8, с. 224].

Одной из главных причин, осложнявших поземельные отношения в Казахстане, была принадлежность части земель казачьим войскам. К 1917 г. Оренбургское войско имело свыше 7,4 млн. десятин земли, Семиреченское – 681,5 тыс. десятин, Сибирское – 409 млн. десятин, Уральское – 6,4 млн. десятин [9, с. 225]. Так, к 1902 г. Семиреченское казачество владело 26,4 % всех орошаемых земель Жетысу.

Интересные данные об изменении численности и состава населения империи, в том числе Казахстана, дает первая и единственная до образования Казахской автономной республики всеобщая перепись населения 1897 г. Несмотря на некоторые недостатки, она является более или менее достоверным источником информации по народонаселению. Проведение ее было вызвано потребностью развития капитализма в царской России. Из-за сложности проведения переписи коренного населения, обусловленной разбросанностью и трудностью местонахождения зимовок (кыстау) кочевников, были продлены сроки переписи. Подсчет предполагалось провести в течение ноября и декабря 1896 г., т.е. значительно раньше, чем в губерниях России.

По данным Первой Всеобщей переписи населения Российской империи 1897 г. в Казахстан насчитывалось 4.147,7 тыс. чел. населения, из которых казахи составляли более 3392,7 тыс., т.е. 81,7%, русские – 454,4 тыс. или 10,9%, украинцы – 79,5 тыс. (1,9 %), немцы – 2,6 тыс. (0,06%), поляки – 1,2 тыс. (0,02%), татар насчитывалось более 55,9 тыс. (1,4 %), уйгур более 55,8 тыс. (1,4 %), узбеков 73,5 тыс. (1,7 %) [10, с. 56]. Несмотря на многонациональность состава населения края, которая в последующие годы значительно усилилась, перепись 1897 г. зафиксировала самый высокий удельный вес казахов. Однако в течение всего XX века удельный вес казахского народа непрерывно сокращался и в период с 1930-х вплоть до 1990-х гг. казахи превратились в национальное меньшинство на своей собственной территории. Миграционные процессы, в особенности, значительно возросшие переселенческие потоки русских, украинцев и других народностей в начале XX века из внутренних регионов империи значительно повлияли на уменьшение удельного веса коренного населения Казахстана. В шести областях региона механический прирост населения в 1897-1916 гг. составил 1301400 человек, т.е. почти приравнялся к его естественному приросту (1446,1 тысяч человек).

За эти же годы в Казахстан прибыло 24,9 % всех переселенцев на окраины империи. Заметно увеличилось число русского населения: в Акмолинской области – 56%, Уральской – 40,8%, Тургайской – 37,5%, Семипалатинской – 24%, Семиреченской – 23,5%, Сырдарьинской – 6,2%. По итогам переписи 1897 г., численность Семиреченского, Уральского, Сибирского казачьих войск соответственно составляла 33 767, 114 166 и 103 424 человек обоего пола [11, с. 70].

Большое влияние на изменение демографической ситуации в Казахстане оказали последствия национально-освободительного восстания 1916 г. После жестокого подавления

этого движения начались массовые репрессии против его участников, часть казахов бежала в Китай и Монголию. Имела место большая перекочевка казахов в пределы Восточного Туркестана (Синьцзяна). Около 300 тысяч казахов и киргизов из Казахстана и Кыргызстана перешли через русско-китайскую границу в Кульджинский край и Кашгарию, спасаясь от карательных акций русской армии. Пограничные области Восточного Туркестана, такие как Тайчен на севере, Или на западе, Кашгар и Аксу на юге, стали центрами казахских беженцев, в которых их насчитывалось: в Алтайском округе – около 100 тыс., Тарбагатайском – 60-70 тыс. и более 100 тыс. – в Илийском округах. В течение 1914-1917 гг. доля казахов понизилась с 73,07 до 67,39 %.

В целом на рубеже XIX – XX вв. славянские этнические группы переселенцев расселились по всей территории Казахстана и образовали крупную славянскую группу населения. В то же время в юго-восточном Казахстане славянское население оставалось до начала XX в. относительно малочисленным. Так в конце XIX в. в Семиреченской области численность славян составляло 71,5 тысяч человек, для сравнения в Акмолинской области 170,3 тысяч человек[4, с.135-137].

В социальном отношении состав русских и украинских переселенцев был неоднородным. Наиболее многочисленными социальными группами русского населения Казахстана являлись крестьяне – 40,4%, казаки – 33,3% и мещане – 18,5%. Кроме того, среди русских было 5,36% дворян, в том числе 2,2% представителей потомственного дворянства. В составе украинских переселенцев доминировали крестьяне – 86,9%, мещане составляли 7,3% и казаки 5,2%[12, с.217]. Это свидетельствовало об аграрном характере славянского переселенческого населения.

Таким образом, говоря о формировании полиэтнического состава населения Жетысу, об основных его источниках и факторах, крестьянскую колонизацию следует охарактеризовать как самый основной момент на начальном его этапе.

ЛИТЕРАТУРА

1. Козыбаев М.К. История и современность. – Алма-Ата: Ғылым, 1991, – 203 с.
2. История Казахстана (с древнейших времен до наших дней). В пяти томах. –Т 3. – Алматы: «Атамұра», 2000. – 768 с.
3. История Казахстана с древнейших времен до наших дней. Очерк. – Алматы.– 1993. – 458 с.
4. Бекмаханова Н.Е. Формирование многонационального населения Казахстана и Северной Киргизии (первая четверть XVIII– 60-е г. XIXв.). –М.: Наука, 1980. – 280 с.
5. Алдажуманов К.С., Алдажуманов Е.К. Депортация народов – преступление тоталитарного режима. – Алматы. – 1997. – 380 с.
6. Журнал общего присутствия Семиреченского областного правления об изъятии казахских земель в Семиреченской области // ЦГА РК, ф. 19, оп.1, д.1260, – л. 31
7. Алексеенко Н.В., Алексеенко Н.В., Алексеенко А.Н. Население Казахстана за 100 лет (1897-1997 гг.). – Усть-Каменогорск, 1999. – 487 с.
8. Турсынбаев А.Б. Переход к оседлости кочевников и полукочевников Средней Азии и Казахстана // Очерки по истории хозяйства народов Средней Азии и Казахстана. – Л. – 1973. – 561 с.
9. Трагедия казахского народа. (Сборник документов и материалов: голод 20-х, 30-х годов XX века в Казахстане). – Алматы. – 2010. – 414 с.
10. Жаркенова А.М. Население Казахстана по Первой Всеобщей переписи населения 1897 г. (демографический аспект). – Дис. к.и.н. – Алматы, 2002. – 164 с.
11. Алексеенко Н.В. Население дореволюционного Казахстана: численность, размещение, состав (1870-1914 гг.). –М. –1981. – 126 с.

12. Масанов Н.Э., Абылхожин Ж.Б., Ерофеева И.В., Алексеенко А.Н., Баратова Г.С. История Казахстана: народы и культуры. – Алматы: Дайк-Пресс, 2000. – 599 с.

УДК 94 (574)

АЗАМАТ СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ШЫҒЫС ТҮРКІСТАН ҚАЗАҚТАРЫ (1945-1949 жж.)

М.Т. Сырлыбаев

*І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің магистранты,
Талдықорған қ.*

Мақалада мәселенің тек отандық тарихнама ғылымында зерттелуі мәселесіне қысқаша көңіл аударылды. Сонымен қатар Қытайда 1945-49 жылдары орын алған Азамат соғысы жылдарындағы Шығыс Түркістанда қазақтарының елдегі саяси оқиғаларға араласуы туралы айтылған.

В статье рассматривается проблема исследования отечественной исторической науки. Также говорится об участии казахов в политических событиях в Туркестане в годы 1945-49 Китайской Гражданской Войны.

The problem of the study of national historical science. Also refers to the participation of the Kazakhs in the political events in Turkestan during the Chinese Civil War, 1945-49.

Кілт сөздер: азамат соғысы, Түркістан, ұлт-азаттық көтеріліс, кеңестік идеология, Кеңес өкіметі, Қытай

Шыңжаңдағы ұлт-азаттық көтеріліс, оның көсемдері мен батырлары, соның ішінде Оспан батыр туралы сол тұстағы құпия дерек қазақ оқырмандарына тұңғыш рет Қ. Жұмаділовтің «Соңғы көш» дилогиясы арқылы жеткен еді. 1974 жылы «Жазушы» баспасынан 40 мың таралыммен жарық көрген осы романның жазылғанынан да, жариялануы қиынға соққандығын біреу білсе, біреу білмейтін шығар [1]. Себебі кеңестік идеологияға кереғар келетін қаттама деректерінің, оның сыртында Қытайда да, Кеңес өкіметінде де атын атауға тыйым салынған Оспан Исламұлы (1899-1951) сияқты күрескер тұлғаны алдыға шығару мүмкін емес болатын. Сондықтан да романды құзырлы орындарға оқытып, өкімет тарапынан рұқсат болмаса, ешбір баспа орындарының жауапкершілікті мойнына алып, баспадан шығару және көпшілікке тарату мүмкін емес болатын. Қазақ КСР-і ҒА-ның Тарих және этнология институты, Әдебиет және өнер институты, Орталық комитет те, тіпті Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті де Қытаймен арада байланыс болмағандықтан, жасырын жатқан тарихи құжаттардың ақ-қарасын ашып беруге шамалары жетпеді. Ал еларалық мәселе тек Мәскеу арқылы шешілетіндіктен, «Соңғы көштің» бір нұсқасы сол кездегі Қазақстан Жазушылар Одағының бірінші хатшысы Ә. Әлімжановтың қолы қойылған хатпен және орысша аударылған жолма-жол нұсқасымен бірге Мәскеудегі Қиыр Шығыс институтына жөнелтіледі. Кітап институттағы Қытай секторының меңгерушісі, кезінде Үрімжіде жұмыс істеген Шыңжаң жағдайына қанық адам Тұрсын Рахимовтың қолына түседі. Араға алты ай үзіліс салғанымен, ол кісі романға оң пікір білдіріп, Алтайдағы Оспан көтерілісінің де басын ашып беретін мақаласы жарық көреді [2]. Сөйтіп, Кеңес Одағындағы бірден-бір құзырлы мекеменің рұқсатын алғаннан кейін ғана романға жол ашылады.

Д. Жаналтайдың «Қилы заман, қиын күндер» (2000) еңбегі [3], Монғолия дерекнамалары арқылы Оспан өмірін зерттеп жүрген әдебиетші-ғалым Ақеділ Тойшанұлының зерттеуі де (2006) [4], Д. Кәпұлы мен Ө. Нәбиұлы құрастырып, Д. Жолжақсыновтың алғы сөзімен шыққан ғылыми жинақ та (2007) [5], тағы басқа да

зерттеулер де Оспан батырды әр қырынан ашып көрсетеді, десе де бұлардың барлығы да тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдардың жемісі.

1991 жылы Қазақстан өзінің тәуелсіздігін алғаннан кейін Түркиядан ата қонысқа көшіп келген ғалым, теолог Халифа Алтайдың зерттеу еңбегі де өзіндік тұрғыда құнды болып есептеледі [6].

Соңғы кезде қазақ тарихшыларының ішінде зерттеу тақырыбымызға тарихи тұрғыда көңіл бөліп жүрген ғалым-тарихшы Г. Меңдікұлованың есімін және оның «Исторические судьбы казахской диаспоры. Происхождение и развитие» атты монографиясын ерекше атап өтуге болады [7].

Жалпы алғанда, бұл жерде біз мәселенің тек отандық тарихнама ғылымында зерттелуі мәселесіне қысқаша көңіл аударылды. Ал ғылыми мақалада Қытайда 1945-49 жылдары орын алған Азамат соғысы жылдарындағы Шығыс Түркістанда қазақтарының елдегі саяси оқиғаларға араласуы туралы сөз болмақ.

XX ғасырдың ортасында Шығыс Түркістан республикасы КСРО және Қытай сынды екі үлкен мемлекеттің қыспағына түсіп, ақыры 1946 жылға келгенде барлық іс Қытайдың пайдасына шешіледі. 1946 жылы 1 шілдеде Шыңжаң өлкелік бірлескен үкіметі құрылады. Бұған бұрынғы батыс-солтүстік Қытай әкімшілік мекемесінің бастығы Жаң Жьжұң төраға болып тағайындалады да, бұрынғы Шығыс Түркістан республикасының басшысы Ахметжан Қасыми енді сол өлкелік үкіметтің бастығының орынбасары болып белгіленеді. Ал, әйгілі Оспан батыр өлкелік үкіметтің мүшесі, қосымша Алтай аймағының губернаторы болып тағайындалады.

Оспан батыр 1945 жылы қыста Сарсүмбе қаласына көшіп барып, сол жерде губернаторлық міндетін өтейді. 1946 жылдың жазғы тұрымында Көктоғай ауданының Қу-үй деген жеріндегі өзінің байырғы мекеніне қайта көшеді. Сарсүмбеде тұрған осы бір жыл ішінде ол өзі басқарып тұрған үкіметтің қандай үкімет екенін толық танып біледі. Сондықтан ол бұл үкіметтен бас тартып, өзінің бұрынғы еркін өміріне, азат өмірге қол жеткізу мақсатын жүзеге асыру үшін жаңа майдан ұйымдастыруға көшеді.

Міне, осылайша Кеңестер Одағының, мейлі Қытайдағы болсын, мейлі орыс яки қытай немесе қазақ болсын, қызыл үкімет десе, коммунист десе, төбе шашы тік тұратын Оспан батыр 1946 жылдан бастап коммунистердің, ашығын айтқанда, Кеңес Одағының тікелей басқаруындағы Шығыс Түркістан армиясымен соғысуға бел байлайды.

Оспан батырдың «орыстың ойыншығы» болған Шығыс Түркістан үкіметіне қарсы шығуы Мәскеудің мүддесіне қайшы болғаны анық. Сол үшін Мәскеу қалайда Оспан батырдың көзін құртудың шарасын қарастырды. Алдымен оған Үш аймақ, яғни Шығыс Түркістан үкіметі әскерлерін аттандырып, қазақты қазаққа қырғызды. Бірақ мақсатына жете алмаған соң бұл іске Моңғолияны қосты. Моңғол маршалы Чойбалсанға бұл істі тапсырды. Оспан батыр мен Моңғол маршалы Чойбалсан 1944 жылдан бастап жақын қарым-қатынаста болып, Мәскеу нұсқауымен Моңғол жағы Оспан батырға бірнеше рет қару-жарақ көмегін берді. Маршал Чойбалсан Оспан батырдың күшін гоминдандық қытайға қарсы бағыттағысы келді. Ал гоминдандық қытай әскери басшылары болса, Оспан батырды коммунистік қытайлар мен Мәскеу ықпалындағы Моңғолияға қарсы бірлесіп күресуге үгіттеді. Осындай екі оттың ортасында жүріп, Оспан батыр ең маңыздысы, ол өзінің қазақ халқының ұлт азаттығы, сол үшін күресу керектігін түсіне білді [5, 43 б.].

Қытайға қараған Өр Алтай тарихта бірнеше Оспандармен аты шыққан. Олар: «төре Оспан, қара Оспан, зәңгі Оспан және Оспан батырлар» [8, 78 б.]. Солардың ішінде қарадан шығып хан болған, өле-өлгенше алған бетінен қайтпаған Алтай көкжалы Оспан батыр еді.

Оспан Исламұлы – он екі абақ керейдің молқы руының Айтуған тармағынан. 1899 жылы Алтай аймағы, Көктоғай ауданының Өндірқара қыстауында туған. Ол 1940 жылға дейін Көктоғайда өз түтінінің шаруашылығымен шұғылданады. Ат жақты, ұзын жал

тұмсықты, қызыл күрең шырайлы, үлкен от көзді, қою шаш-сақалды әрі бойшан (бойы — 1,8 метр), кесек, толықша денелі, ерен қайратты адам болатын. Ол тым аз сөйлейтін, ішкі сырын оңайшылықпен жария етпейтін, өшіккен адамына «тістеген жерімде тісім қалсын» дейтін зілі бар, бірақ адамдармен жалпы байланыста – онша анайы, бейбастақ, әпербақан емес болатын. Қағылез, сақ, бел шешіп бейғам жатпайтын, қорамсағы белінен түспейтін, бір атын отқа қойғанда, бір аты белдеуде ерттеулі тұратын еді. Әрине, бұл тұрмысқа ол неше жылдық ұрыс өмірінде дағдыланып шыққан еді. Білім жағынан алғанда еш оқу көрмеген жан еді. Оспанның әкесі едәуір ауқатты, аз да болса дін оқуын оқыған, кейде «молда» аты қосанжарлап жүретін адам болыпты. Қыстауы – Өндірқара, жайлауы – Алайғыр, Арасан, Ақбұлақ, Құжырты сияқты жерлер болыпты. Әкесі Ислам (Сіләм) бара-бара кедей болып қалған. Оспанның ат жалын тартып мінгеннен бергі тұрмысы кедейлікпен өткен. 1940 жылға дейін Көктоғай ауданы Күрті деген жердегі Екі қызыл тас бұлағы бойында арпа, тары салып, жер емшегін емген. Оспан 1940 жылғы Есімхан, Ақтеке, Рысхан, Сүлеймен Бектұрұлы бастаған тұңғыш халықтық көтеріліске, 1941 жылғы Қалел, Рақат бастаған екінші халықтық көтеріліске бастан-аяқ қатынасып, көрнекті үлес қосқандардың бірі болған [9, 4 б.].

1941 жылы Германияның кеңес өкіметіне қарсы соғысы басталғанда, одан жалт бұрылып, Германияға іш тарта бастаған Шын-шы-сайға тісін басқан Сталин Моңғолия арқылы гоминданшылармен аяусыз күрес жүргізіп жүрген Оспанға көп қару-жарак бергізіп, қолдау көрсетеді. Оспан батырдың Кеңес өкіметін жат санап, жақтырмайтынын Сталин жақсы зерттеп, білгендіктен әдейі Моңғолияның саяси қайраткері, екі мәрте МХР-дың батыры, аты аңызға айналған маршал Хорлоогийн Чойбалсан арқылы әрекет жасайды. 1944 жылдың 12 қарашасы Іле, Тарбағатай, Алтай аймақтарын қамтыған Шығыс Түркістан республикасының құрылған күні болып жарияланғаны көзі қарақты оқырманға белгілі. Қазақ халқының теңдігін аңсаған азаматтардың барлығы да басында қатты қуанды. 1945 жылдың күзінде Оспан батыр Алтай аймағын гоминданшылардан толық азат еткеннен кейін ол Алтай аймағының уәлиі болып сайланады. Тура осы жылы Тарбағатай аймағының уәлиі болып Қытайдағы номер бірінші қазақ байы Башбай (романда Жасыбай) сайланады. Жеке тәуелсіз ел болуды көздеген батыр Қытайға қалай қарсы шықса, кеңес өкіметіне де солай тістырнағымен қарсы болады. Сондықтан да ол 1946 жылдан бастап, Шығыс Түркістанды орыс бодандығынан азат ету жолында күрес жүргізеді. 1950 жылы гоминданшылардан тазара бастаған Шыңжаң аймағына Қытай Халық армиясы бейбіт жолмен кіреді. Себебі Тұрсынхан Зәкенұлының мәліметі бойынша, бұл тұста Қытай қызыл армиясы Чанцзян дариясының оңтүстігіне өтіп, Нанкинді басып алған әрі гоминданшылар Ұлы құрлықтан Тайванға кетуге дайындальп жатқан еді. Мұндай жағдайда Гоминданның Шыңжаң өлкелік үкіметінің жаңадан сайланған төрағасы Бұрхан Шахиди мен Шыңжаң өлкесінің қорғаныс бас қолбасшысы Тао Чжиюэ қыркүйектің бірінші жаңасында Қытай коммунистік партиясының бейбітшілік жөніндегі ұсынысын шартсыз қабылдайтындықтарын білдіреді. Сөйтіп Шығыс Түркістандағы гоминданшылар Қытай коммунистеріне еш қарсылықсыз беріледі [9, 4 б.]. Енді гоминданшылардың орнында Қытай коммунистік партиясының үстемдігі орнайды. Тибетке қарай шегінген Оспан батыр 1951 жылы осы Қытай халық азаттық армиясының қолына түсіп, сол жылы Үрімжі қаласында ашық сот мәжілісінде өлім жазасына кесіледі де, үкім табанда орындалады. Кейбір зерттеулерде бұл сотқа елу мың адам қатысты деген де деректер кездеседі. Міне, осы мәліметтердің барлығы да нақты кейіпкерлер арқылы тұңғыш рет Қ. Жұмаділовтің «Соңғы көш» романында өзінің көркемдік шешімін тапты.

Шыңжаң өлкесінде жұртшылыққа белгілі үш Оспан болған. Олар - Төре Оспан, Қара Оспан және Оспан батыр. Осы үш Оспанның ішінен осы өлкеде Қара Оспан мен Оспан батырды шатастырып атау жиі кездесіп қалады. Гоминдан билеушілерінен азат еткеннен кейін Алтай аймағының қазақтары Оспан батырды ақ киізге салып хан көтереді. Тіпті оған сол кездегі үкімет тарапынан «Батыр хан» деген атақ та беріліпті. Қарадан шығып, хан

болғаннан кейін оны да Әбілпейіз ханның тұқымы Төре Оспанмен ауыстырып алмау үшін Қара Оспан деп атау ішінара болса да ел арасында ұшырасады. Алысқа ұзамай-ақ мұны Асқар Алтайдың 1993 жылы «Жұлдыз» журналына жарияланған «Қайың сауған, ел ауған» деген циклді әңгімелерінің ішінен де кездестіреміз. Қытайға да, орысқа да, мойынсұнбаймын деген Оспанды қазақтың өз қолымен топшысынан қайырғандығын айта келіп: «Қытай Қара Оспан батырды қолға түсірді» деп жазушы көтеріліс басшысын «Қара Оспан» деп алған екен [9, 5 б]. 2002 жылы А. Алтайдың «Ноқталы арман» атты Оспан батыр туралы роман жазуына да осы әңгімелер негіз болғанға ұқсайды. Бұл жерде А. Алтай Оспан Ісләмұлын Қара Оспан деп ел аузындағы версия бойынша жаңсақ алып отыр. Бірақ ескерте кететін бір жағдай, «Ноқталы арман» романында жазушы Оспандармен еріп жүретін «Қара» деген эпитетті мүлде қолданбай, оның орнына «Ошан», «Оспан батыр» деген кең тараған есімдерін ғана алыпты [10, 20 б.].

Алтай аймағында XIX-XX ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген халыққа танымал үш Оспанның үш түрлі адам болғандығын, бұлардың әрқайсысының өмірбаяны негізінде жекелеген романдар дүниеге келгендігін сол өлкені кейінірек зерттей бастаған ғалымдар жақсы біледі.

1981 жылдың өзінде-ақ «Қазақ әдебиеті» газетіне жазған «Соңғы көш» осылай туған» мақаласында Қ. Жұмаділов Шығыс Түркістан тақырыбының қағаз бетіне түспей қағаберіс жатқаны болмаса, олардың тарихы, азаттық үшін айқасы, басқыншыларға қарсы ерлікке толы күресі, басқасын былай қойғанда 1945 жылы жеңіске жеткен ұлт-азаттық төңкерісі, бес жыл бойы дербес мемлекет болып тұрған Шығыс Түркістан республикасының құлауы, Оспан батыр бастаған халық көтерілісі әлі де талай романға азық болары сөзсіз екендігін атап көрсетеді. Оның жарқын көрінісін жоғарыда аталған романдар легі мен жазылып жатқан басқа да көптеген ғылыми еңбектер растайды. «Соңғы көш» романында осы тарихты түгел көрсету мақсат етілмеген. Сондықтан да романның басты оқиғасы Шығыс Түркістан республикасы сахнадан кетіп, Қытай Халық азаттық армиясының Тарбағатай аймағына кіруінен басталады да, алпысыншы жылдардағы ел басына төнген зобалаңмен аяқталады. Мұның бірнеше себептері бар. Біріншіден, Шығыс Түркістан халқының романдағы қамтылған кезеңдегі тартқан жәбір-жапасы бұрын көріп жүрген әділетсіздіктердің бәрінен де асып түскендігін тарихи еңбектер айғақтайды. Сондықтан да жазушы роман желісін халық трагедиясының ең шарықтау шегінен бастайды. Екіншіден, бұл кездегі оқиғалардың көпшілігі қаламгерге жақсы таныс, мысалы шығармадағы Қанағат ауылы - жазушының өз ауылы, ақын жігіт Естай жазушының өз прототипі болса, ол өлкедегі атакты бай Башбай, екі өкіметке де белгілі этнограф-ғалым Жағда Бабалықов, Оспан батыр, Тұрсын мұғалім, әнші Шәкен, Әріп пен Әсет ақындар, т.б. сияқты жұртшылыққа кеңінен таныс адамдар шығарманың негізгі кейіпкерлері [11, 23 б].

1970 жылдары Шығыс Түркістан туралы не арғы беттен, не бергі беттен тырс еткен мәлімет жоқ, құлаққа ұрған танадай болып тұрған кезінде Қ. Жұмаділовтің бұл тақырыпты эпикалық деңгейде алғаш көтеруін бүгінгі ұрпақ ерлік деп бағалау керек деп білеміз.

Оспан Ісләмұлы Шығыс Түркістанның ұлт азаттығы үшін шын күрескен нағыз батыр адам. Орыс, қытай отаршылары Оспан батыр Исламұлының бұл күресінің мән мағынасын төмендету мақсатында оған негізсіз жалалар жауып келді. Оспан батырдың ерлік істеріне шетел ғалымдарының өзіндік баға бергені, ал Қазақстанда ол туралы дерек-зерттеулер тиянақталмағандығы, арнайы орталық ашу қажеттігі жөнінде пікірлер айтылды. Ендігі тарихшылар қауымының алдында тұрған міндет – қазақ халқы тағдырының қалыптасуына өзіндік үлес қосқан осындай батырларымыздың тарихын зерттеу болып табылады.

Ойымызды қорыта келе айтарымыз, қазақ тарихында алтын әріптермен жазылуға лайық батырларымыздың бірі Оспан батыр Исламұлы екені даусыз. «Елу жылда ел жаңа – жүз жылда қазан» дейді халық даналығы, араға жылдар түсіп, есімі көмескілене бастаған

ұлы тұлғамыздың еңбегіне лайық бағасын беру, зерттеп-зерделеу бүгінгі ұрпақтың басты парыздарының бірі болмақ.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жұмаділов Қ. Соңғы көш. – Алматы: Жазушы, 1974. – 315 б
2. Рахимов Т. Оспан батыр // Жұлдыз, 1973. – № 9. – 9-11 бб.
3. Жаналтай Д. Қилы заман, қиын күндер. – Алматы, 2000. 107-108 бб.
4. Тойшанұлы А. Түрік-моңғол мифологиясы. – Алматы, 2009. – 192 б.
5. Кәпұлы Д., Нәбиұлы О. Оспан батыр: Деректі зерттеу. – Алматы: Арда, 2007. 184 б.
6. Халифа Алтай. Алтайдан ауған ел. – Алматы: Атажұрт, 2000. – 280 б.
7. Мендикулова Г.М. Исторические судьбы казахской диаспоры. Происхождение и развитие. Алматы: Ғалым, 1997. – С. 261.
8. Уатқан. Б. Оспан батыр Исламұлының туғанына 110 жыл: "Азаттықтың өшпес рухы" атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конф. / – Алматы: Атажұрт, 2010. – 215 б.
9. Қара Ә. Оспан батыр туралы тың деректер // Жаңа Сарыарқа. – 2009. – №1 . – 3-7 бб.
10. Досан Баймолда. Күреспен өткен Оспан батыр. // Қазақ тарихы. – 2011. №11. – 18-25 бб.
11. Зайкенова Р. Оспан батырды танытқан бір дерек. // Қазақ тарихы. – 2010. №2. 23-25 бб

ЮРИСПРУДЕНЦИЯ

ӘОЖ 215.3.03

БҮГІНГІ ТАҢДАҒЫ ЖЕМҚОРШЫ ТҰЛҒАСЫ

Ж.О. Абжакова

І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.

Мақала қазіргі заман жағдайындағы жемқоршы портретін анықтау мәселелеріне арналып жазылған. Сонымен қатар жемқоршы тұлғаның психологиялық белгілері, жиырмасыншы ғасырдың аяғындағы қазақстандық жемқоршылардың криминологиялық сурет құрылымы жайында айтылған.

Статья посвящена вопросам определения портрета коррупционера в современных условиях. Также в статье говорится о психологических симптомах коррупционера, структура криминологического портрета казахстанских коррупционеров конца XX века.

The article deals with the definition portrait corrupt in modern conditions. The article also refers to the psychological symptoms of a corrupt structure criminological portrait Kazakhstan corrupt late XX century.

Тұлға дегеніміз әлеуметтік, биологиялық, рухани, мәдени-тарихи, сонымен қатар арнайы қоғамдық жағынан бірлікті білдіреді.

Криминологияда кенінен тараған келесі қылмыскер тұлғаның белгілерін бөледі:

- әлеуметтік-демографиялық белгілер;
- қылмыстық-құқықтық белгілер;
- тіршілік әрекетінің әр түрлі салаларындағы әлеуметтік көріністер, ең басты әлеуметтік байланыстардағы;
- рухани қасиеттер;
- физикалық (биологиялық) мінездемелер;
- психологиялық белгілер.

Алдымен жемқоршы тұлғаның психологиялық белгілерін қарастырайық. Жалпы қылмыскер тұлғаның психологиялық ерекшеліктері деп (оның ішінде жеке жемқоршының да) олардың назар аудару типтік формаларын және тәртіп механизмдерін анықтайтын жеке қасиеттер жиынтығының тұрақтылығын, адамның өзі туралы ой жүйелерін, тұлға арасындағы қатынастары мен әлеуметтік байланысу мінезін түсінеді. Мұнда анық байқалатыны, жемқоршы тұлғасы басқа қылмыскерлер тұлғаларына қарағанда едәуір ерекшелінеді. Көпшілікте олар жанұялы адамдар, жақсы қызметкерлер (олардың көбісінде тамаша қызметтік жетістіктер бар және олар айрықша іскерлік қасиеттермен жоғары еңбекқорлық деңгеймен көзге түседі), жоғары білімді (жиі бірнеше дипломы бар). Жас жағынан алғанда да олар тұрақталған психикасы мен көзқарасы бар адамдар. Сонымен қатар, тосын пікір болса да, жемқоршылардың көпшілігі жоғары материалдық жетістіктері бар адамдар. Оларға өз еліне патриоттық сезіммен қарамайсын деп те күдік туғызуға ешқандай негіздеме жоқ. Басқа сөзбен айтқанда, жемқоршы тұлғасын зерттеуі жай жалпы қылмыскерлер тұлғаларына қарайтын көзқараста емес, ол әлеуметтік және заңдық психология салаларында жатыр.

Жиырмасыншы ғасырдың аяғында қазақстандық жемқоршылардың криминологиялық сурет құрылымы келесідей болған: көпшілігі — ол министрліктердің, комитеттердің және олардың құрылымдарының қызметкерлері; одан кейін пайыздық көрсеткішпен төмендеуде — құқыққорғау органдарының

қызметкерлері, бақылау органдарының жұмыскерлері, кеден қызметінің жұмыскерлері, депутаттар және басқа санаттағылар.

Келтірілген статистикалық талдаудан атқару билік органдарының қызметкерлері көбінесе жемқорлыққа жақын деп қарауға болмайды, себебі жария мәртебесі бар тиісті тұлғалар топтарының саны едәуір бөлінеді. Сонымен қатар келесіні ескеру қажет, депутаттар, сот пен прокурорлардың ерекше қылмыстық-процесуалдық мәртебелері олардың арасынан жемқорлыққа жақын лауазымдық тұлғаларды тиімді анықтауға және қылмыстық жауапкершілікке тартуға кедер жасайды.

Жемқорлықтық қылмыстар үшін сотталғандарды сұрағанда, олардың көпшілігі өз әрекеттерінің қылмыстық іс екендігін білген; олардың барлығы жазадан құтылам деп есептеген; 80 %-ға жуығы оларға тағайындалған жазаны тым қатал деп есептеген және 2 % ғана әділетті жаза алдық деп санаған, ал 18 % жауап беруге қиналған.

Көрсетілген мән-жайды түсіндіру келесіден байқалады:

- қылмыстық ұйымдардың кәсіби шеберлігі өсіп келе жатыр, олардың әрекеттерін құрайтын элемент болып жемқоршылар мен жемқорлық қылмыстарды жасау табылады;
- іске асырылып келе жатқан заңнамалардың жеткіліксіздігі;
- халықтың жемқорлық көрсеткіштеріне деген шыдамдығы және бейілділігі;
- қылмыстық жолмен тапқан ірі ақшалай сомаларға ие тұлғалардың биліктік құзыры бар жоғары лауазымдардағы мемлекеттік қызметкерлермен тығыз іскерлік байланыс жасағаны.

Мынаны да ескермесе болмайды, жемқоршы тұлғалар тек қана мемлекеттік қабілет пен кәсіби білімге ғана ие емес, олар нақты қылмыстық тәжірибеге де ие; оларды сатып алған тұлғалардың қызуғышылығында ана немесе мына әрекеттерді (әрекетсіздікті) жасағанда өздері де қызуғышылық көрсете алады. Жемқоршыларды анықтаудың қиындығы, олар өздері ғана емес, оларға пара берген адамдар да қылмыстық жауапқа тартылу қажет. Тергеуге әртүрлі формаларда кедергі жасап, екі жақ та өздерінің қылмыстық әрекеттерін құпияда сақтағысы келеді. Екі жақ та бөтен көзсіз әрекет жасауға тырысады, қылмыс іздерін жасыруға және жоюғашаралар қабылдайды, қылмыстық іс ашқан жағдайда дәлелдерді бұрмалауға кіріседі, қылмысқа қатысушыларды немесе куагерлерді, ал соңғы кезде тергеу жүргізіп, кінәларды анықтайтын тұлғаларды да қорқытады немесе пара арқылы ауздарын жабуға тырысады. Жемқорлық қылмыстар — бұл өз бетімен келісімдік қатынастар.

Сонымен қатар мынаны еске алу керек, жемқорлықтық лауазымдық тұлғалар мемлекеттік мекемелердегі жеке байланыстарын пайдаланып, құқыққорғау органдарына кедергі жасайды. Нәтижесінде жоғары мемлекеттік деңгейдегі жемқоршы тұлғасы көп жағынан зерттелмей қалады.

Жемқоршы тұлғаны жан-жақты зерттеу үшін назарды қылмыстың уәжіне аудару қажет. Уәж — бұл мінез-құлықтың ішкі түрткісі, мінез-құлықты іске асырушы. Уәжде қылмыстың субъективтік жағы жатыр. Уәж адамды ең жарқын көрсетеді деп айтса да болады. Уәж — психологиялық құбылыс, бірақ ол тек қана адамның манайдағылармен қатынасқа кіріскенде ғана қалыптасуы мүмкін, тұлғаның қоғамдық қатынастарға кіргенінде. Қылмыстық мінез-құлықтың уәжін зерттеу үнемі қылмыскердің тұлғасымен тікелей байланыста болу керек, оларды түсіну тұлғаның өзін, мәнін түсінуден шығу қажет. Сонымен қатар жемқоршылар қылмыстарды тек қана пайдакүнемдік ниетпен жасайды дегеніміз қате болады. Олардың арасындағы көпшілігі мұндай әрекеттерді беделдік уәжбен жасайды, яғни өмірде жоғары әлеуметтік, ең бастысы – лауазымдық - орынға ие болу үшін. Мұндай тұлғаларға үнемі манайдағылар арасында беделге жету,

үнемі көзге түсіп жүру керек және т.б. Жеке басты байытам деген пайдакүнемдік мұнда бар болса да, ол тек қана қосымша уәж ретінде жүреді.

Сонымен қатар, былай атайтын өтірік әлеуметтік уәждерге назар аудару керек, олардың негізінде заң қорғайтын нормаларға, қоғамның қызығушылығына және құндылығына қайшы келетін жеке әлеуметтік топтардың нормалары, қызығушылығы және құндылықтары жатыр. Мұндай типтік уәждерге жемқоршыларға тән ведомстволық-корпоративтіктер жатады. Мысалы, жемқоршылардың жиі айтуы бойынша, олар қылмыстық әрекеттерді іс-тәжірибелік сұрақтарды шешу үшін жасайды, себебі оларды заңда көрсеткен ұстанымдарды бұзбай шешу мүмкін емес. Және әр нақты жағдайда кінәлі біледі, жемқоршы (жемқоршылар тобы) және қоғам қызығушылығы арасында қайшылық бар, және ол өз әрекеттерімен қылмыстық-құқықтық заңдарды бұзып отыр, сондықтан уәжді қылмыскер үшін әрекетінің мәні неде екенінен іздеу керек, оны жасағанда, психологиялық тұрғыдан ол нені ұтады, соны білу қажет. Осыдан жемқоршы үшін уәж өтірік түсінген топтың, қоғамның қызығушылығында ғана емес, тек қана өз басының пайдасында. Басқа сөзбен айтқанда, қылмыскер жоғарыда аталған қызығушылықтардың құқықтық және рухани бағасында қателеспейді, бірақ онда өз орның табу, әлеуметтік мәртебесін жақсарту, өз әлеуметтік тұрмысын дәлелдеу, ақырында, орнынан түсіп қалу немесе қоғамда қалыптасқан жүйемен жоюлудан қорқатын қажеттілік бар. Соңғы жағдай біраз нәрсені түсіндіре алады, неге мемлекеттік қызметкерлердің біразы манайдағы қызметтестердің әсеріне түсіп, жеке мінездеріне қарағанда басында қылмыскер боламын деп ойламаса да, ақырында қылмыстық қарым-қатынасқа кіреді.

Кейбір әрекеттер және жалпы адамның мінез-құлқы бір ғана емес, бір-бірімен күрделі баспалдақтық қатынаста болатын бірқатар уәждермен бағытталады. Олардың ішінен мінез-құлықты қоздыратын, оған субъективтік, тұлғалық мән беретін негізгі және жетекшілерді бөлуге болады. Сонымен қатар, жемқорлық қылмыстарды зерттеу бізді біруақытта және параллелді екі және одан да көп жетекші уәждер болуы мүмкін дегенге сендіреді, мысалы, пайдакүнемдік уәж және беделді топ алдында өзін өзі көрсету уәжі. Олар мінез-құлыққа мақсатты-бағытты, тұрақты сипат беріп, оның қоғамдық қауіпсыздығыне дәуір жоғарлатып, бір-бірін толықтырып және күшейтіп отыр. Мұнда, басқалармен қатар, жемқоршылар ұзақ мерзімде жасаған қылмыстардың себептерін көруге болады.

Алайда құқық қорғау органдары барлық жағдайларда жемқоршылардың қылмыстық мінез-құлқының уәждерін дұрыс анықтай алмайды. Істің мұндай жағдайының себебі бірнешеу. Біріншіден, уәжді анықтағанда, құқық қорғау органдары қылмыстық заңның кейбір баптарындағы тізімге қарайды, істің мән-жайы және кінәлінің тұлғасы талап етсе де, әдетте олар заңнан аспайды. Жемқорлықтыққа жататын ҚР ҚК-нің баптарының көпшілігінде уәж мүлдем көрсетілмеген. Әдетте тек қылмыстық істі сараптайтын белгілер ғана көрсетілген. Екіншіден, құқық қорғау органдары уәжді анықтағанда бұрыннан тұрақталған, ескірген көзқарастарды басшылыққа алады. Үшіншіден, тергеу мен соттың көптеген жұмыскерлері пайдакүнемдік қылмыстарды пайдакүнемдік түрткіден, ал зорлықтық — зорлықтықтан жасалады деп санайды.

Сонымен, қылмыстық мінез-құлқының уәждерін анықтау және зерттеу тек қылмысты тергеу, жемқоршылармен алдын алу жұмыстарын жүргізу, кейбір қылмыскерлерге ұтымды тәрбиелік әсер беру, қылмыстарды дұрыс сараптау үшін ғана емес, қылмыс профилактикасының жалпы міндеттерін шешу үшін де қажет.

Қоғамдағы рухани-психологиялық жағдай жемқорлық деңгейіне елеулі әсер етеді. Шенеуніктердің көпшілігі ерте не кеш алғаш рет жемқорлықтық шешімді

қабылдаймын ба немесе жоқ па деген қалау қабылдайтын жағдайлармен кездеседі. Бұл жағдайлардың дүниеге келуі жоғарыда аталған жемқорлықты тудыратын мәселелер мен шарттардан, сонымен қатар әлеуметтік-психологиялық факторлардан тәуелді. Олардың табиғатын түсініп, жемқорлықпен күресу үшін не қажет екенін түсіну жеңіл.

Кенінен таралған уәждердің арасында — қызметті өтуімен байланысты шенеунікпен сезілетін залал үшін өтем. Рухани иммунитетті жоғалтуға итермелейтіні:

- тұрақсыздықты сезіну;
- біліктілікке және жұмыс жауапкершілігіне сәйкес емес төмен төлемақы;
- қызметте көтерілудегі әділетсіздік;
- бастықтың дәрежелігі және құзыретсіздігі.

Бірінші жемқорлықтық шешімді қабылдау шенеунікті қоршайтын ақпараттық ортамен жеңілдетілуі мүмкін. Күнде «Бізде барлығы алады» деген бір сөздерді еститін және оқитын адал шенеунік өзін өзі ақ қарға, сәтсізші, тіпті маған ешкім пара да ұсынбайды деп қабылдауы мүмкін. Мұндайға тек «сәтті кезді» ғана тосу қалды.

Жемқорлықтың кең таралуына жол ашатын қоғамдағы әлеуметтік-психологиялық ахуалдың маңызды ерекшелігі — қос рухани қалып. Бір жағынан, жемқорлық, әсіресе ең жоғарыдағы, қоғамдық-жарамсыздық деп есептеледі. Бұл барлық жағынан жай моральмен де, прессамен де, және жемқорлыққа қарсы тақырыпты пайдаланушы саяси іс-тәжірибемен де қолданылады.

Басқа жағынан, жемқорлық, әсіресе ең төменгі, тұрмыстың «үндемей» қабылдайтын бөлігі болып тұр. Жемқорлықпен күресетін құқыққорғау органдары әрекеттеріне жабық болатындай аймақтар әлі де бар. Жемқорлықта кінәлау әбден күнделікті және әртүрлі болғаны норма мен аутқушылықтың арасы жойылғанынан байқалады.

Шенеунік сыни шешімді қабылдаған соң ғана емес, ол «шекаралық» әрекеттен жай басып қылмыстыққа көшкенде де жемқоршы бола алады. Бұл нақты басқару технологиялары, қабылдайтын шешімдері, құзырлары мен жүргізу салалары дұрыс қойылмағанда жеңілденеді.

Жоғарыда аталғанға қарай, жемқоршыларды пайдакүнемдік, беделдік, ойнаушы қылмыскерлер түрлеріне тұрпаттамалауға болады. Қылмыскерлер түрлерін бөлу шартты сипатта екені айқын. Сонымен қатар мемлекеттік лауазымдағы адамның мінез-құлпы негізінде жатқан астарлы уәждерін түсіну кадрлық қызметтерге едәуір көмек тигізуі мүмкін. Мысалы, соңғы кезге дейін билік құзырлықты іске асыру деген көпшілік тұлғаларда ең алдымен өздерін материалдық жағынан қамту деп есептелген. Алайда, бұл уәж соңғы уақытта барлық жағдайда басымды емес екені анықталып отыр. Қандай болса да мемлекеттік лауазымға ие болып отырған адамдардың көпшілігіне билікті іске асыру үрдістің өзі қызық, - билік емес, ақша емес, тек үрдістің өзі ғана. Айтпақшы, айтылған келесімен де дәлелденеді, атқарушы билік өкілдерінің көпшілігі (тек қана біздің елде ғана емес, шетелде де) көпкөрім жағдайлары бар адамдар, ал өз байлықтарын мемлекеттік қызметке түспей табыс еткен.

Бүгінгі таңда барлығына келесі тезис мәлім, атқарушы және ұйымдастырушылық-әміршілік әрекеттерді атқаратын мемлекеттік құрылымдардағы қызметкерлердің қандай болса да материалдық сыйақысын көтеру жемқорлықтан сақтауға сенімді кепілдік бола алмайды, егер оларда жеке санадағы деңгейде әртүрлі қызығушылыққа және арбалуға іштей қарсы тұратын мемлекеттік-патриоттық және жоғары кәсіби психологиялық «ұстанымы» болмаса. Ерекше қиын, кейде қауіпті болатын, үнемі емес халық және мемлекет үшін рақыметсіз еңбек ететін қызметке кандидаттарды кәсіби түрде таңдау үшін замануия және тексеріс пен іске

асырудан өткен әдістерді пайдаланып, осындай идеалистерді іздеумен мемлекеттік кадрлық қызметтер бастарын мазалау керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының «Жемқорлықпен күрес туралы» № 267 02.07.1998 жылғы Заңы.
2. «Выявление уровня коррумпированности и соблюдение служебной этики государственными служащими по органам управления». - Астана, 2005г.
3. Б. М. Нургалиев. Организованная преступность деятельность: уголовно-правовые, процессуальные и криминалистические аспекты. - Монография. Караганда, 1997.
4. WWW.finpole.gov.kz/rus/protivo/ponipr/

ӘОЖ 1

АҚЫЛ МЕН СЕНІМНІҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

А.Б. Ибадилаева - магистрант

Ғылыми жетекшісі: филос.ғ.к. Аликенова К.Н

І.Жансүгіров атындағы ЖМУ, Талдықорған қаласы,

aliya.ibadilaeva@mail.ru

Бұл мақалада ақыл мен сенімнің философиялық ерекшеліктері жайлы жазылған. Ақыл мен сенімнің арақатынасы мәселесіне философиялық тұрғыдан анықтама берілген. Сонымен қатар бұл мақалада автордың өзінің ой – қорытындысы негіздеген.

В данной статье рассматриваются философские особенности таких понятий, как разум и вера. Приведены определения разума и веры с точки зрения философии и прослежена связь между ними. А также автор резюмирует свои выводы по данной теме.

This article focuses on one of the actual problems of mind and belief from the philosophy point of view. And in this article the author exemplify his corollary and some vital situations.

Кілт сөздер: ұғым, жаратылыс, субъект, идеология, субстанция, Цицерон, фалсафи.

Ғасырлар бойы сенім қазақ халқының тұрмыс тіршілігінде маңызды орын алған. Ертедегі ата – бабаларымыз аңдарды, өсімдіктерді қасиетті санап, оларды өмір тіршілігінде көптеп кездесіп отырған. Ондай сенімдер басқа елдің өмір тіршілігінде де кейбір ұқсастықтары бар екені бәрімізге белгілі.

Сенім – адамның белгілі бір түсініктеріне сәйкес қажеттіліктерін қанағаттандыру жүйесі. Адамның ақыл-ойын, күшін, еркін, қабілетін жоғарылататын жағымды сезім. Сенім – адамның жігерін арттырып, болашаққа құлшындыратын құбылыс (болашаққа сену, еңбекке сену, жақын адамдарға сену, дінге сену, т.б). Сенім үміттен басталады, адамның алға қойған мақсатының айқын болуы, дүниетанымның өмірімен байланыстылығы берік сенімнен туады. Бұл адамның іс-әрекеті мен тәжірибесіне байланысты. Сонымен қатар сенім – білімге негізделмесе де белгілі бір құбылыстың ақиқаттығына илану деп білеміз. Табиғаттан тыс күштерге көзсіз сенім кез – келген діннің құрамдас бөлігі болып табылады (құдай, періште, шайтан). Соған қарамастан көптеген философ – идеалистер сенімді ғылыммен қауыштыруға немесе сенімді ғылыммен алмастыруға талпынады. Мысалға айта кететін болсақ ежелден келе жатқан

ата – бабаларымыздан «бұғыны» қасиетті деп санап, оны тотемаға айналдырғанын білеміз. Осындай ұғымдардың, сенімдердің ежелгі заманнан қазіргі заманға дейін келе жатқанын байқаймыз[1].

Ежелгі замандағы ата – бабаларымыз шамандық сенімде болған. Олардың ежелден келе жатқан сенімдерін айта кетсек, олардың бірі көкке сену, күнге, айға табынған, табиғатта бір түсініксіз күш кірсе, соған да табына бергенін Ш.Уәлиханов та айтып кеткен. Демек, біз осыған қарай отырып, шамандық көзқарас табиғатты құрметтегендіктен пайда болғанын ұғынамыз. Қазақ халқының исламға дейін ата – баба аруағына сену кең таралған болатын. Бұл сенім бойынша ата – баба аруағы өз әулеттеріне әрдайым қамқор болып жүрген. Өлген ата – баба аруағы тірі туыстарының не түсіне еніп, не көзіне елестеп, үнемі өзін ұмытпауға, жақсы жолмен жүріп, тұруға үндейді. Адам өлген соң аруаққа айналады, оның ас атауын орнымен беріп, аруақты ренжітпесе, ол тыныш жатады деп түсінген. Сондықтан да қандайда бір қиыншылыққа тап болса: «Иә, аруақ қолда!» - деп жалбарынғанын көруге болады. Біз осыдан байқайтынымыз сенім әлдеқайда жоғары болады[2].

Ойымды тұжырымдайтын болсам, біздің өмір тіршілігімізде қоршаған ортаға деген танымдық көзқарасымызды дұрыс ұғынып, ескіліктің бүгінгі қоғамға дейін келіп жеткен сенімдерін мүлдем естен шығарып кетуге болмайды. Қандайда дін болмасын ол сенімге негізделген. Бұл туралы танымал философ – ғалымның Ғарифолла Есім: «Әрине, діннің мақсаты кең екендігінде сөз жоқ. Философия болса негізінен ақылға сүйенеді, ол ғылым. Ал, дін болса ақылға нұр беретін жүрек туралы, біліп болмайтын, ақылмен танып болмайтын тылсым дүние туралы айтады. Сондықтан да кейбір тарихи кезендерде философия дінге қызметші болып қалған тұстары да баршылық. Сенім мен таным проблемасы үнемі дін мен философия арақатынасы туралы сөзге қозғайды. Қандай дін болмасын сенімге негізделген, ал философияның басты ұғымы – таным. Таным адамға тек сенім ғана емес, күдік те әкеледі. Ал дін мәселесінде күдік болмауы керек» - дейді.

Ақыл мен сенімнің арақатынасы мәселесіне философия тарихында үш көзқарас бар: 1) сенімді, діни сенімді ақыл-ойдан жоғары қою оны «Құдайдың жаратылыстан жоғары сәулесі, нағыз ақиқат» деп түсіну. 2) сциентистік көзқарас сенімге негізделген дінді ақылға негізделген ғылымнан төмен қояды және діни сенім түбінде жоғалады деп есептейді. 3) «екі ақиқат» - сенім мен ақыл-ой қатар өмір сүре алады деп мойындау. Бірінші көзқарас Орта ғасырлық христиандық және мұсылман философиясында басым болды. Августин, Тертуллин, Аквинат адамды ақыл адастырады, сондықтан құдайды және ол жаратқан дүниені танып-білу үшін сенім жеткілікті деп есептеді. Екінші көзқарас Қайта Өркендеу, Жаңа дәуір кезендеріндегі ғылыми-техникалық революциядан бастау алып, XX-ғасырда, әсіресе кеңестік қоғамда ерекше дамыды. Бұл құбылыс діни сенімнің төмендетілуіне, дінге сенушілердің қудалануына әкелді. Үшінші көзқарас Жаңа дәуір ғылымының өкілі Ф.Бэконның еңбектерінде кездеседі. Менің ойымша, осы «екі ақиқат» принципін құптауға болады. Қазіргі заманғы қоғам осы ұстаным бойынша өмір сүріп отыр. Ақыл мен сенімнің, ғылым мен діннің гармониясынан, бір-біріне түсіністікпен қарауынан қоғам ұтпаса, ұтылмайды. Егер діндар адамнан діннің не екенін сұрасаң, көбінесе: «Дін – бұл сенім», - деп жауап беріп, содан кейін ғана ол неге сенетінін айтар еді. Шынымен де, адамдардың басым көпшілігі дінді сенім деп қабылдайды, кез-келген діндар адам өзін дінге сенетін адам санайды. Құдайға сенбейтіндер де өздері туралы: «Мен дінге сенбейтін адаммын », - дейді. Бірақ сеніммен дін бір нарсе емес. Сенім – бұл кең ұғым.

Ұлы орыс философы, XIX ғасырдың аяғы, XX ғасырдың басында Ресейдегі орыс философиясының «күміс ғасыры» аталып кеткен философиялық ойдың шырқауына

жол ашқан В.С.Соловьев сенім туралы былай деп жазған еді: «Сенім (филос.) – әлде бір нәрсені сыртқы нақты және жай бір логикалық дәлелдерден асатын соншама батылдықпен шын деп тану дегенді білдіреді». Сенім – субъект пен объектінің саналы байланысына дейінгі субъектінің санада қалыптасқан азды – көпті тура немесе жанама, қарапайым немесе күрделенген психологиялық көрінісі. Бұл байланыс қарапайымдау, жалпылау болған сайын, бұл байланысқа сай сенім де күштірек болады. Сөйтіп, біз сыртқы әлем болмысына бәрінен күштірек сенеміз, өйткені бұл сенім тек біздің санамыздағы сол бастапқы, қарапайым және жойылмайтын фактіні көрсетеді, яғни бұл субъект – жалпы болмыстың бір бөлшегі, әлемдік тұтастықтың мүшесі. Бұл кез келген ойлаудың және танудың алдындағы факт болғандықтан, ол айқындайтын сенімді де ешқандай ойлау және тану үдерісі жоя алмайды. Өз мағынасындағы сенімнен сенімділікпен сенім артуды ажырата білу керек. Діни сенім – «сенімнің» кең түсінігінің бір құрамдас бөлігі ғана, әйтседе, адамның рухани өмірі үшін ерекше маңызды екені даусыз.

Белгілі ресейлік философ, әдебиетші және мәдениеттанушы С.С.Аверинцев «Жаңа философиялық энциклопедияның» 1 томы үшін жазған «Сенім» деген мақаласында: «Сенім – кейбір діни жүйелерде орталық дүниетанымдық ұстаным және т.б. туралы және барлық күмәндарға қарамастан, осы ақиқат деп танылатын қағидаларды ұстану шешімін қамтитын психологиялық бағыт; екіншіден, діндар адамның өзінің өмірін жасаушы, барлық нақты жағдайларда басшы, Құдайға «қызмет етуге» өзін бағыштайтын дара сенім (әуелден теистік (тәңіршіл) діннің қалыптасуына байланысты барлық тілдерде сенім және «берілгендік», сонымен қатар «сенуші» және «берілген» деген сөздер осы бір сөзбен белгіленеді)».

Философиялық түсінік құрауды өзінің алдына міндет етіп қойған неміс философы Карл Ясперс (1883-1969): «Сенім шындықты іздеуде ерекше құрал емес және «күйзеліс тәсілі» де емес, ол – философиялық ойлаудың жалғыз түзу тәсілі», - деген бір мағыналы тұжырымға келген. [3]

«Адамның жүрегін ағартып, адамшылығын арттырып атыққа сүйрейтін үлкен күш – дін. Философия дінмен бастас ғылым. Себебі: екеуінің де іздейтін мақсаты бір түрлі. Философия шыннан шынды туғызып, һаман ізденетін жолда әуелгі ашпақ сыры дүниенің ең жоғарғы негізін таппақ, қайдан жаралғанын шешпек. Екінші адамның жанын, ішкі қалпын тексермек. Бұл айтылған жолдар діннің де мақсаттары. Бірақ бұған қарап философия мен дін бір деуге болмайды. Философияның айтатын жолы жалғыз ғана адамның таза ақылына сүйеніп айтылады». Міне, біз осынын оқи отырып, дінді дүниетаным мен адамшылдық негіздерінің бірі ретінде қарастыруымызға болады.

Цицерон шығармаларында «религия» сөзі халықтың тұрпайы соқыр сеніміне қарсы қойылған ұғым ретінде пайдаланылады. Бұдан шығаратын бірден-бір тұжырым, дін деп кез-келген сенім түрін айтпайды тек, адамды қасиетті, мәңгілік, тапжылмас құндылықтармен байланыстыратын сенім түрін айтады. Сенім – діннің негізін қалаушы фактор, оның субстанциясы. Сенім қарым-қатынас, байланысындағы ұғымдармен астарлас жатыр. «Мен Құдайға сенемін» деп айту үшін адам өзін сол құдаймен байланыста сезінуі қажет, оған бүкіл жан – тәнімен бет бұруы керек. Сенім белгілі бір мағынада өзін-өзі тәрк етуді, өзін құрбандыққа шалуды білдірері де анық. Құрбандық деп қандайда болмасын тілек үшін белгілі бір құн төлеу қажеттілігін сезінуден туындаған дүниені, іс-әрекетті айтады.

Дінсіз қоғам болмайтындықтан, дінсіз мәдениет те болмайды. Дін әлеуметтік құбылыс, қоғамды қалыптастыратын ұйытқы ретінде адамзат өмірінде аса маңызды рөл атқарады. Кейбір идеологиялар мен саяси ағымдар діннің осы рөлін пайдаланғысы келеді. Дін әр-түрлі салаларға бағыт-бағдар беретін күштің бірі, тіпті ең бастысы.

Қоғам құрылымының анатомиясында діннің алатын орны ерекше. Қоғамдарда басқа қоғамдардан ажырататын ең негізгі қасиеттің бірі осы діннің өзі болып табылады. Заманауи әлеуметтану ғылымдарынан философия, психология, мәдениеттану, филология, саясаттану тағы басқа ғылымдар өз ғылымдары деңгейінен, дінді әр түрлі аспектілерде зерттеуде.

Дінді философиялық зерттеудің ерекшеліктері:

- 1) философия діннің адам мен қоғамның рухани өміріндегі құбылыс, қоғамдық сананың формасы ретіндегі сананы анықтайды;
- 2) көзқарастың түрі ретінде зерттейді;
- 3) діннің пайда болуының әлеуметтік және гнесологиялық себептерін талдайды;
- 4) діннің қоғамда атқаратын функцияларын жіктейді;
- 5) сенім мен ақылдың арақатынасы мәселесін қарастырады;
- 6) діннің адам бойында адамгершілікті қалыптастырудағы рөлін көрсетеді;
- 7) діни сенім бостандығы мәселесін зерттейді.

Бұлар дінге әлеуметтік феномен, қоғамдық уақиға және қоғамға пішін беретін құдірет ретінде қарайды. Халық арасында кең таралған сенімдер мен ырымдардың өзі қаншалықты әсерлі екені баршаға белгілі. Діннің мәдениетті қалыптастырушы басты күш екеніне дау жоқ. Әсіресе, бүгінгі таңда азаматтардың өзін-өзі танып-білуі, ортақ ұлттық мұраны қалыптастыруы және ХХІ – ғасырдағы халқымыздың өсіп – өркендеуінің басты құралы дініміз. Барша адамзат тарихында дінсіз мәдениет болмаған [4].

Алғашқы қоғамдық құрылымнан бері қарайғы уақытта пайда болған мәдениеттердің барлығы дерлік діни сенім негізінде қалыптасқан. Ал, сенім жүйесі ең жоғары деңгейдегі имани, фәлсәфи негіздерді қамтитын ислам діні осы дінге қосылған халықтардың мәдениетіне орасан зор ықпал жасаған, түбегейлі өзіндік қалыпқа салған. Дін адамдардың іс-әрекеттеріне бірінші дәрежеде ықпал жасайтын құдірет. Сондай-ақ, діни наным-сенімдердің болғандығын сол ежелгі дәуірлердегі өлген адамды еңбек құралдары және әшекей бұйымдармен бірге жерлеу дәстүрінің белгілері де дәлелдейді. Діннің шығуы адам ақыл—ойында теориялық ойлау және ойдың шынайы өмірден ажырау мүмкіндігінің пайда болуы деңгейімен де байланысты. Адамзат тарихында өн бойында дін адам сенімінің сипатына және халықты қамтуына байланысты сан түрлі күйде болады. Бірінші жағдайда қатысты оның тотемизм, анимизм, натурализм, шаманизм, фетишизм, политезм (көптәңірлі), онотеизм (біртәңірлі), деизм (әлемді жаратқан соң, оның одан әрі дамуына араласпайтын, белгілі бір тұлға кейшіндегі емес әлдебір бастапқы себепті мойындайтын ілім), т.б. түрлері пайда болды. Құдайды тұлғалық бастау ретінде мойындау барлық діндерге тән емес. Ол қазіргі діндерден, мәселен, ислам, христиан, иуда діндеріне тән, ал будда, даосизм діндеріне тән емес. Халықты қамтуы жөнінен діннің тайпалық – халықтық және ұлтаралық немесе әлемдік түрлері белгілі. Осы сенім – оны жаман істерден тежеуші және дұрыстықтан, имандылықтан шықпауына себепші.[5]

Мақаланы қорыта келгенде, діннің басты мақсаты - адамның рухани жетілуі және оның Жаратушы Құдайға сенімі, яғни дінді ислам философиясының түсіндіруінше айтсақ - әлемді байланыстыратын күш Алланың барлығына сенім. Қазіргі заманда өзге діндердің дауірлеп тұрған шағында, өз дінімізді және құдайға деген сенімімізді жоғалтып алмайық. Осы сенім – оны жаман істерден тежеуші және дұрыстықтан, имандылықтан шықпауына себепші. Дін адамның ақылына аз да болса қорек береді, алдымен жүректі тәрбиелейді, мінезділікке үйретеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Шәріпов. Идеялық сенім және діни фанатизм. – Алматы, 1991. – 112б.
2. Өсеров Н. Ислам және қазақтардың әдет – ғұрпы.-Алматы, 2006. – 9б.
3. А.И.Артемов Дінтану. – Алматы, 2008. – 17 б.
4. М.Бұлығай Дін және мәдениет. 2010.
5. Ғ.Есимов – Дінтану, Алматы 2007ж.

ӘОЖ 343.2

**ҚОҒАМДЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ПЕН ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІПТІ РЕТТЕУДЕГІ
ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ НОРМАЛАРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ**

А. Б. Кожаметов, магистрант

І.Жансүгіров атындағы ЖМУ, Талдықорған қ., almas.kazakh@mail.ru

Бұл мақалада қылмыстық құқықтың негізгі мәселелері толығымен нақты ашылған. Қылмыстық құқықтың қоғамдағы алатын орны және маңыздылығының себептері қарастырылған. Қылмысты болдырмаудың және алдын алу бойынша, жасалған қылмысты тергеу мен қолданылатын шаралардың, сонымен бірге жазаны өтеу мәселелері кезең-кезеңдерге бөлініп көрсетілген.

В этой статье раскрыты основные проблемы уголовного права. Рассмотрены значение уголовного права и его роль в обществе. Показаны по этапам не допущение и профилактика совершения преступления, расследование и меры а также отбывание наказание за совершенные преступления.

This article covers the main problems of criminal law. Examined the value of criminal law and its role in society. Shown in stages and not the assumption of committing crime prevention, investigation and measures as well as the serving of punishment for crimes committed.

Кілттік сөздер: қылмыс, қылмыстық құқық, демократия, қоғам, қылмыстық жауаптылық.

Құқықтық мемлекетті құру және қоғамдық өмірде демократиялық бастамаларды жаңғырту жалпы адамзат құндылықтарын, соның ішінде адамның бостандығы, өмірі, денсаулығы, ар-намысы, ожданы, құқықтары мен мүдделерін мойындауды қажет етеді. Конституцияда Қазақстан Республикасы өзін демократиялы, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтыратыны ерекше аталып көрсетіледі.

Қылмыстық құқық дегеніміз - құқық саласының негізгі түрлерінің бірі ретінде қылмыстың түсінігі мен белгілерін, қылмыс үшін қылмыстық жауаптылықтың негізі мен шектерін, сондай-ақ қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босатудың шарттарын анықтайтын құқықтық нормалардың жиынтығы. Қылмыстық құқық басқа да құқық салалары сияқты белгілі бір қоғамдық қатынастарды реттейді. Бұлар - мемлекет атынан жүзеге асатын құқық қорғау органдары және қоғамға қауіпті қол сұғушылық жасаған адамдардың арасындағы қоғамдық қатынастар.

Қылмыстық құқық реттеу қызметімен қатар адамды, қоғам мен мемлекеттік қылмыстық қол сұғушылықтан қызметтерін де атқарады. Бұл қызметтер белгілі бір әрекеттер жасауға қылмыстық-құқықтық тыйым салуды заңда баянды ету арқылы, сондай-ақ реттеу қызметін жүзеге асыру арқылы қылмысы үшін кінәлі адамдарға жаза қолдану жолымен іске асырылады. Қылмыстық құқық сонымен қатар, жалпы және арнайы ескерту (превенция), осы сияқты жазаның заңда белгіленген мақсаттарына жете

отырып, қоғамдық қатынастарға аса ауыр зиян келтіретін басқа да қылмыстарды болдырмау немесе олардың алдын алу қызметтерін де атқарады.

Басқаша айтқанда қылмыстық құқықтың реттеуші және қорғаушы қызметтері бір-бірімен тығыз байланыста. Қылмыстық-құқықтық реттеу және қоғамдық қатынастарды қорғау - мәжбүрлеуден, яғни қылмыстық заңда көрсетілген ықпал ету шараларын қолданудан, қылмысы үшін кінәліні жауаптылыққа тартудан тұратын негізгі әдістер арқылы жүзеге асады. Бұларға қоса қылмыстық құқық қылмыстық заңмен қайшылыққа келіп қалған адамның, сол қайшылықтан шығып кету мүмкіндігін қамтамасыз ететін қолдану (көтермелеу) әдісін де қолданады.

Мемлекет заңмен мақұлдаған реттерде, өз кезегінде кінәлі адамның үлгілі тәртібін ескеруді, оны жауаптылық пен жазадан толық немесе ішінара босатуды, немесе оның жазасын жеңілдетуді (қылмыстық жауаптылық пен жазадан босату негіздері көрсетілген нормаларды, жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән-жайларды белгілеу арқылы және т. б.) міндетіне алады. Қылмыстық құқықтың өзгешеліктері мен мазмұны оның алдында тұрған міндеттерімен шарттасып, байланысып жатыр. ҚР ҚК-нің 2-бабының, бірінші бөлігінде осы кодекстің - мынандай міндеттері айқындалған: адам мен азаматтың құқықтарын бостандықтары мен заңды мүдделерін, меншікті ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті, қоршаған ортаны, Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысы мен аумақтық тұтастығын, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қылмыстық қол сұғушылықтан қорғау, бейбітшілік пен адамзатын қауіпсіздігін қорғау, сондай-ақ қылмыстардың алдын алу. Осы баптың екінші бөлігіне сәйкес, аталған міндеттерді жүзеге асыру үшін Кодексте қылмыстық жауаптылық негіздері белгіленіп, жеке адам, қоғам немесе мемлекет үшін қауіпті қандай әрекеттер қылмыс болып табылатыны айқындалған және олардың жасағаны үшін жазалар мен өзгеде қылмыстық-құқықтық ықпал ету шаралары белгіленген.

Сонымен, қылмыстық құқықтың негізгі міндеттері - жоғарыда көрсетілген әлеуметтік құндылықтарды қорғау және қылмыстардың алдын алу (қылмыстарды болдырмау қылмыстардың профилактикасы) болып табылады. Қылмыстардың алдын алу заңда көзделген жеке мақсаттардың бірі қылмыстан сақтандырумен тығыз байланысты, әрі онымен шарттас. Осы екі міндеттің мазмұны қоғамдық қатынастардың басқа да жаңа қылмыстарды болдырмауды, қылмыстық құқықтық нормалар арқылы жасалған қылмысқа тап келетін белгілі бір ықпал ету шараларын қолдануды сипаттайды. Заң әдебиеттерінде қылмыстық құқықтық тәрбиелік міндеттерді жүзеге асыратындығы туралы пікірлер айтылған.

Біздің мұнымен келісуіміз керек сияқты. Себебі азаматтардың бойына заң құрметтеушілік дағдысын, мораль талаптарына жауап беретін тәртіп қалыптастыру барлық құқық салаларының алдында тұрған міндет сондықтан, қылмыстық құқық - азаматтық, әкімшілік тағы басқа да құқық салаларындай тәрбиелік мәні бар әсер ету шараларын қолдануы қажет. ҚК-тің 2-бабында кодекстің осы аталған міндеттері тікелей көрсетілмеген. Алайда, ҚК 38-бабының екінші бөлігін талдай отырып, қылмыстық құқықта әлеуметтілікті қалпына келтіру, сотталған адамды түзеу және сотталған адамның да, басқа адамдардың да жаңа қылмыстар жасауынан сақтандырудан көрінетін тәрбиелік сипаттары шаралардың бар екендігін нақты аңғаруға болады. Бұл міндеттердің жүзеге асуы азаматтарға сөзсіз тәрбиелік әсер етеді. Қылмыстық құқықтың жүйесі Жалпы және Ерекше бөлімнен тұратын өзінің иерархиялық құрылымымен сипатталады.

Жалпы бөлім, Қазақстан Республикасы қылмыстық заң нормаларының міндеттері мен қағидаттарын, қылмыс пен жаза ұғымын, қылмыстық заңның түсінігін анықтайды

жауаптылықтың негізі және одан босату, қылмыс құрамының түсінігі, қылмыстық іс-әрекетті жоятын мән-жайлардың түсінігі, сондай-ақ қылмыс істеу сатылары, қылмысқа қатысу ұғымы және нысандары, жазаның мақсаты және жүйелер жаза тағайындау немесе қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босату мәселелерін және т.б. мәселелерді зерттейді. Ерекше бөлімде нақты қылмыс құрамдары және қылмыс құрамдары бар әрекет жасағаны, үшін белгіленген жаза түрлері көрсетіледі. Жалпы және Ерекше бөлім өзара тығыз байланыста. Осы екі бөлімнің жиынтығы қылмыстық құқықты құрайды. Жалпы бөлімнің институттары қылмыстық нормаларды қолданудың жалпы ережелерін бекітетіндіктен, бүкіл қылмыстық құқық жүйесінің өзегі (фундаменті) болып табылады. Бұларды білмей Ерекше бөлімнің бірде-бір бабын қолдану мүмкін емес. Мысалы, кінәнің не екенін, оның нысандарын жазаның түрлерін, оларды, тағайындау негіздерін білмей - қылмыстық әрекетті саралау немесе қылмысқа жаза тағайындау мүмкін емес. Қылмыстық құқықтан Жалпы бөлімінің, нормаларын қолдану арқылы Ерекше бөлімнің нормалары жүзеге асырылады. Жалпы бөлімнің ережелері мен институттары Ерекше бөлімдегі нақты, нормаларды қолданғанда негізгі басшылыққа алынады.

Қылмыстық құқық - құқық жүйесіндегі жеке саланың бірі және басқа құқық салаларымен тығыз байланысты, сондай-ақ өзінің бағыты, атқаратын рөлі, мәні және құқықтық реттеу әдісінің ерекшелігіне байланысты басқа құқық салаларынан бөлектеніп, ажыратылады. Қылмыстық құқық - қылмыстық істер жүргізу құқығымен өзара тығыз байланыста. Қылмыстық құқық қандай әрекеттердің қылмыс екендігін және оларға қандай жаза қолданылатындығын белгілесе, қылмыстық істер жүргізу құқығы қылмыстық жауапқа тартуды жүзеге асырады, қылмыстық істі тергеудің және сотта қараудың тәртібін белгілейді, яғни бұл жерде қылмыстық құқық пен қылмыстық істер жүргізу құқығы мазмұны мен оның нысанының өзара байланысы ретінде көрінеді. Қылмыстық іс жүргізу құқығы - қылмыстық құқықты іске асырудың нысаны болып табылады.

Қылмыстық құқық – қылмыстық атқару құқығымен тығыз байланыста. Қылмыстық атқару құқығының мәні сот үкімі бойынша күшіне енген қылмыстық жазаны орындауға, сотталғандарға түзеу ықпалын жүзеге асыруға, оларды қылмыс істеуден сақтандыруға байланысты қоғамдық қатынастарды ретке келтіру болып табылады. Қылмыстық-құқық қатынастар негізі қылмыс істеу болса, қылмыстық-атқару құқығы қатынастарының негізі - заңды күшіне енген айыптау үкімі болып табылады. Бұл қатынастардың субъектілерінде де айырмашылықтар бар. Қылмыстық қатынастарының субъектісі - қылмыс істеген, есі дұрыс, заңда көрсетілген белгілі бір жасқа толған адам болса, қылмыстық-атқару қатынастарының субъектісі - бір жағынан сот үкімі бойынша сотталғандар және басқа жағынан қылмыстық жазаны орындау мекемелерінің және соттардың атынан мемлекет болып табылады. Қылмыстық құқық әкімшілікке де жақын жанасады.

Екі құқық саласы да қоғамға қауіпті іс-әрекет - құқық бұзушылыққа қарсы күрес жүргізеді. Қылмысқа қарағанда әкімшілік құқық бұзушылықта іс-әрекет қоғамға қауіптілік дәрежесі төмен болады, яғни мұнда қылмыстық жаза қолданылмайды. Әкімшілік органдар қылмыстық жаза емес әкімшілік шара қолданады. Әкімшілік шара сотталғандық атаққа қалдырмайды. Қылмыстық құқықтың әкімшілік құқықпен өте тығыз байланыста болғандығы әсіресе 1959 жылғы Қазақ КСР Қылмыстық кодексі күшінде тұрған кезде байқалған (ҚК-тің кейбір баптарында қылмыстық жауаптылыққа тартудың міндетті шарты әкімшілік преюдиция болатын яғни бұзушы қылмысы үшін кінәлі болса да, бірақ қылмысы қоғамға аса қауіпті болмағандықтан қылмыстық жауаптылықтан босатыла отырып әкімшілік жауаптылыққа тартылатын). Бүгінгі

таңдағы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде мұндай институттар қарастырылмаған. Құқық саласы ретіндегі, қылмыстық құқықты қылмыс пен жазаны тарихи дамудағы құқықтық құбылыстар ретінде қарастыратын, қылмыстық заңды және оны қолдану тәжірибесін формальды-логикалық, диалектикалық нақты - әлеуметтік және басқа да зерттеу әдістерін қолдана отырып зерттейтін қылмыстық құқық ғылымынан ажырата білуіміз керек. Бүгінгі таңдағы мемлекеттің жаңа қылмыстық-құқықтық саясаты қалыптасуы кезеңіндегі мейлінше тиімді әдіс алыс-жақын шет елдердегі біртектес қылмыстық-құқықтық институттарды салыстыруды талап ететін және олардың қылмыспен күрес мәселелерін шешудегі оңды тәжірибелерін өзімізде пайдалануға мүмкіндік беретін салыстырмалы құқықтық зерттеулер әдісі болып отыр.

Қылмыстық құқық ғылымы қылмысты туғызатын себептер мен жағдайларды, қылмыскердің тұлғасын, сондай-ақ қылмыстылықтан сақтандыру шараларын белгілейтін ғылым саласы - криминологиямен тікелей байланысты. Қылмыстылықпен күресу сияқты ортақ міндетке ие бола тұра бұл ғылымдар бір-бірінен пәні және зерттеу әдістері бойынша ерекшеленеді. Егер қылмыстық құқық жекелеген қылмыстық институттарды және қылмыс құрамын оқытып үйретсе, ал криминология - жалпы қылмыстылықты оқытады. Бұл ғылымдар бірін-бірі өзара толықтырып отырады. Қылмыстық құқық криминология бұларсыз ештеңе тындыра алмайтын - қылмыс, кінә, қылмыс субъектісі, жаза секілді және басқа да ұғымдарды қалыптастырады. Криминологиялық деректер қылмыстылықпен күресудегі қылмыс динамикасын, қылмыстық заңдардың тиімді жақтарын, оны жетілдіру жолдарын, қылмыстан сақтандырудың негізгі бағыттарын жасауға немесе жетілдіруге мүмкіндік береді.

Қылмыстық құқықтағы негізгі мәселелердің бірі қылмыстың ұғымын анықтау болып табылады. Жеке адам мен қоғам арасындағы қақтығыстардың қайсысының қоғамға қауіптілік дәрежесінің басым екендігін анықтау және оған осы мәселеде қылмыстық құқылық шараларды қолдану арқылы осы қатынастарды реттеу – қылмыстық заңның негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Қылмыс әр уақытта да белгілі бір іс- әрекеттің (әрекет немесе әрекетсіздіктің) көрінісі болып табылады. Заң шығарушы осындай тұжырымдарға келе отырып, қылмыстың әр уақытта да адамның нақты іс - әрекетінің, мінез – құлқының сыртқа шыққан көрінісі екенін атап көрсетеді.

Адамның құқыққа қайшы мінез-құлқы белсенді әрекет күйінде немесе әрекетсіздік күйде болуы мүмкін. Бұл жерде әрекет дегеніміз адамның қылмыстық заң тыйым салған нәрселерді істеуі, ал әрекетсіздік дегеніміз адамның заң, нормативтік актілер, нұсқаулар немесе арнаулы жарлықтар, бұйрықтар бойынша өзіне жүктелген міндетін орындамауы болып табылады. Адамның қылмысқа қайшы немесе оған қайшы емес мінезқұлқы оның ойлау жүйелері арқылы, содан соң белгілі бір іс - әрекеттер арқылы көрініс береді. Ондай нақты іс - әрекеттер арқылы көрініс таппаған жүзеге аспаған ойлар, пікірлер соншалықты қатерлі болғанына қарамастан, қылмыс болып табылмайды. Белгілі бір іс - әрекет арқылы жүзеге асырылмаған адамның ниет мақсаттары қоғамға қауіп туғызбайтындықтан қылмыстық құқық реттеу саласына жатпайды. Қылмыстық құқық ғылымында бұл мәселе туралы бір ауыздан осылай тұжырым жасалған.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақстан Республикасының Конституциясы // «Параграф» ақпараттар жүйесі, 2013.
- 2 Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі // «Параграф» ақпараттар жүйесі, 2013.
- 3 Нурсейтов Е.Н. Қылмыстық заңның рөлі // «Фемида» Республикалық заң журналы. – 2009. - №3. – 19-23 бб.

ӘОЖ 342.92

КЕДЕН ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУДАҒЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУІ

Е.Л. Лепесов, магистрант

І.Жансүгіров атындағы ЖМУ, Талдықорған қ., e.lepesov@mail.ru

Осы мақалада кедендік құқықтың негізгі ерекшеліктері көрсетілген. Кеденге қатысты қылмыспен күресуде кеден және басқа да құқық қорғау органдарының алатын орны айқындалған.

В данной статье рассмотрены значимые особенности таможенного права. Определены место таможенных и других правоохранительных органов по противодействию преступлениям связанных с таможенными нарушениями.

In this article examined significant features of the customs law. Defined place of customs and other law enforcement agencies to combat crimes related to fraudulent activities.

Кілттік сөздер: кеден, кедендік қылмыс, қорғау органдар, ревизиялық-қадағалау, салық, кедендік шекара.

Кедендік қылмыстар мен күрестің тиімділігі қылмысты ашу қадағалаудың деңгейіне, яғни оның толықтығына уақытылығына тәуелді. Демек құқық қорғау органдарының қызметінің тиімділігі едәуір дәрежеде қадағалайтын органдардың қылмыстың бар екенін анықтап, жинаған материалдарды құқық қорғау органдарына уақытылы бағыттау талабын орындауынан көрінеді. Сонымен қатар кеден қылмыстарымен күрестің тиімділігін құқық қорғау органдарының бірігіп жүргізген іс шаралары арқылы арттыруға болады. Дегенмен бүгінгі күні, өкінішке орай, кеден қылмыстарымен күрестегі кемшілік ретінде құқық қорғау, ревизиялық-қадағалау, валюттік-экспорттік органдарының өзара қатынастығының әлсіздігін атап өтуге болады. Қазіргі уақытта сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларға қатысты қаржы - шаруашылық қызметтерін жиі-жиі тексеріп қадағалау үшін салық құқық қорғау органдары өзара бірігіп күрес жүргізулері қажет.

Қазіргі нарықтық қатынастардың, еркін кәсіпкершіліктің дамуына және қоғамдық қауіпті іс-әрекеттердің жаңа түрлерінің пайда болуына байланысты қылмыстың белгілері мен құрамы одан әрі зерттелуі тиіс.

Қазақстан кеден органдарының тарихына және кеден саласындағы проблемаларға қатысты жазылған бірнеше еңбектердің авторы М.О. Әбсеметов кеден саласында жасалатын қылмыстарға контрабанда, шетел валютасындағы қаражатты шетелден қайтармау, кеден төлемдері мен алымдарын төлеуден жалтару, есірткі, қару-жарақ, оқ-дәрілер халықтың мәдени және тарихи мұраларын, жойылып кету қаупі бар жануарлар мен өсімдіктерді, интеллектуалдық меншік объектілерін кеден шекарасы арқылы заңсыз айналымын жатқызған. Тағы бір ғалымдардың пайымдауынша кедендік қылмыстарға тек қана кеден органдарымен тексерілетін төмендегі қылмыстар емес (ҚР ҚК-нің 209, 214, 250-баптары) сонымен бірге басқа да мемлекеттің сыртқы экономикасы қызметі саласына зиян келтіретін төмендегідей қылмыстарды жатқызған, (ҚР ҚК-нің 243-бабы) жаппай зақымдау қаруын, қару-жарақ және әскери техника жасау кезінде пайдаланылатын технополицияларды, ғылыми-техникалық ақпаратты және қызметтерді заңсыз экспорттау, (ҚР ҚК-нің 213-бабы) шетел валютасындағы қаражатты шетелден қайтармау.

Сонымен қатар бұл ғалымдар осы кеден саласындағы қылмыстарға жасалғаны үшін қылмыстық жауаптылық көрсетілген Қазақстанның халықаралық келісімдерінің заңдарының нормаларында белгіленген кедендік істің тәртібіне пайда табу мақсатымен қол сұғатын жеке тұлғаның әрекеті немесе әрекетсіздігін жатқызған.

Қазақстан арқылы шет елдерде жүк және адам тасымалдауда бұған үлкен септігін тигізуде, көпшілігінде ҚР кедендік шекарасынан тауарларды заңсыз өткізуге тырысады. Контрабандалық операцияларды жасарда көпшілігінде құжаттарды, лицензияларды, экспорттарды пайдаланады.

Кеден органдары арнайы құзырлы мемлекеттік басқару органы немесе атқарушы-басқарушы органы болып табылады. Жергілікті органдардың шешімдерін орындауда кеден ісі бойынша басқарманың актілерін жасауға құқы бар. Олардың кедендік қатынасты әкімшілік-құқықтық реттеуге қатысу бағыты осында байқалады. Осындай реттеудің екінші бағыты кедендік, әкімшіліктік, қылмыстық, мемлекеттік, халықаралық қаржылық, азаматтық және басқа да сыртқы экономикалық іс-әрекетке және лауазымдық тұлғалар мен кеден органдарының қатысуымен болған іс-жүргізулерде құқықтық қатынастар саласында нормаларды реттеу болып табылады.

Кеден саласындағы істерде мемлекеттік тетік бөлігі ретіндегі кедендік органдармен сыртқы экономикалық іс-әрекеттерге қатысушылардың арасындағы қатынастарда жүздеген нормативті актілер бар.

Құқықтық нормалар-бұл қоғамдық қатынастарды реттеуге бағытталған мемлекет тарапынан белгіленген немесе санкцияланған және міндетті ережесі қорғалынған тәртіп.

Құқықтық нормалары тұлғалардың, қоғамның және мемлекеттің мүддесін білдіреді, анықтайды және қорғайды, олар құқық субъектілерінің ара-қатынасын істерін тиімді қолдануға бағытталған.

Қазақстан Республикасында кеден ісі Қазақстан Республикасының заң актілерімен Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілерімен басқа да Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының өз құзырының шегіндегі Кедендік Кодекс қарастырылған актілерімен реттеледі.

Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы тауарлар мен көлік құралдарын тасымалдауда қабылданған күн болып нақты өткен күн есепке алынады. Егер де Қазақстан Республикасы мен басқа да мемлекеттер арасында халықаралық келісім-шарт бойынша басқа да ережелер белгіленген болса, онда Қазақстан Республикасының Кедендік Кодексында қарастырылған басқа кеден ісінде халықаралық келісім шарттың ережелері қолданылады. Бұдан басқа да тәртіп бұзушылықтан құқық қорғау органдарына прокуратураға, сотқа, ПМ, ҮҚК, қаржы полициясына, кеден органдарына жүктелген.

Сонымен, құқықтық нормаларды қорғау функциясы әр түрлі тәсілдермен жүзеге асырылады. Соның ішінде құқықтық нормаларды бұзушыларға мемлекеттік еріксіз көндіру шараларын немесе лауазымдық тұлғадан келтірілген залалды өндіріп алу, оның кейбір жеке құқықтардың мемлекеттік, кедендік органдардың немесе лауазымдық тұлғалардың қайсібір міндеттерін орындау болып табылады.

Кеден органдарының құқық қорғаудағы қызметі кеден төңірегіндегі құқықтық қатынастардың мемлекеттік ішкі және сыртқы функциясының айқындалуы болып табылады. Бұл қызметтің мақсаты кеден органдарының төңірегіндегі қызметте адамзаттық, кедендік, әкімшілік, мемлекеттік нормалардың сақталуын, қолданылуын қамтамасыз ету.

Кеден органдарының саласы қызметінде құқықтық нормаларды пайдалану- ол субъектілердің кеден органдарындағы лауазымдық тұлғалардың және сыртқы

экономикалық іс-әрекетке қатысушылардың арасындағы осы нормада қарастырылған құқықтық қатынастарын жүзеге асыру.

Құқықтық нормаларды орындау-ол жеке, лауазымдық немесе заңды тұлғаның өзіне жүктелген норманың міндеттерін орындаудағы іс- әрекет.

Сонымен, кеден органдарының қызметі, заңдарының шеңберінде жүзеге асыруда творчестволық құқықтық, құқық қолдану, құқықтық орындаушылық, мемлекеттік құқық қорғау қызметі аспектері бар.

Кедендік органдарында құқық қорғау қызметі әр түрлі формада- құқықтық-әкімшілік, құқықтық - қылмыстық, құқықтық-іс жүргізу, жедел-іздістіру және т.б. жүзеге асырылады.

Құқық қорғау қызметі құқықтық нормаларды жүзеге асыруды қамтамасыз етуден басқа Қазақстанның заңдарын және халықаралық келісім-шарттарын бұзушылықты анықтаумен де айналысады.

Кедендік органдарының құқықтық қорғаудағы қызметінің құқықтық-әкімшілік формасы айқындалады: кедендік және валюталық бақылауды жүзеге асыруда анықталған жолмен, тарауларды кедендік дайындықтан өткізуден және әкімшілік тарапынан тәртіп бұзушылықты және қылмыстық, кедендік, валюталық, салықтық және басқа заңдылықтардың түрлері бойынша кедендік органдарының құқық қорғау қызметінде айқындалады және құқықтық-әкімшілік нормаларын кедендік ережені орындаудан бас тарту фактілерін тексеруге бағытталады. Бұл іс-әрекеттер кедендік ереже мен әкімшілік нормаларының бұзылғанын байқаған жағдайда тиісті үлгіде хаттама толтырылады.

Кедендік органдарының құқық қорғаудағы қылмыстық іс жүргізу формасы тергеу органы ретінде қылмыстық белгілері бойынша, деректерге сүйене отырып, олармен күресу кедендік органдарының құзырына жүктелген контрабанда және т.б. жағдайда қылмысты істі ашумен айқындалады. Кедендік органдардың қызметінің маңызды формасы болып өзінің және қызметкерлері мен оның отбасы мүшелерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады.

Кедендік органдарының қызметінің бір түрі құқық қорғаудың элементтеріне енетін (криминалистикалық) арнаулы (іздістіру, барлау) қызметі жедел-іздістіру қызметі болып табылады.

Бұндай қызмет түрінің тағайындалуы кедендік бақылаудың, қылмыс жасаудың алдын алудың, кедендік ережелердің орындалу тиімділігін арттырады. Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы тауарлар мен көлік құралдары тасымалданарда Қазақстанның азаматтығы барлығына қарамай сыртқы экономикалық іс-әрекетке (жеке және заңды тұлғалар) қатысушылардың барлығы да кеден заңдылықтарының ережесінде көрсетілген ескертпелерге ілесуі керек.

Осы ережеге мынадай қажетті шарттар енеді, тиісті кеден режимдерін анықтау, кеден бақылауынан өту, кеден құжаттарын даярлау, кеден төлемдері мен салықтарын жинау, кедендік жеңілдіктерді пайдалану мен басқа да ережелер Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы заң күші бар Президенттің Жарлығына сәйкес Қазақстанның әкімшілік заңына арнайы сілтеме жасамай-ақ тәртіп бұзушылыққа жауапкершілігі қарастырылған. Кеден ережесінің бұзылғандығы жөніндегі істері кеден органдарының лауазымды тұлғалары арқылы жүргізіледі.

Тұлға ұғымына заң шығарушылар жеке және заңды тұлғаларды (отандық және шетелдік заңды тұлғаларды, жеке кәсіпкерлерді, жеке тұлғаларды) сонымен қатар лауазымдық тұлғаларды жатқызады.

Лауазымдық тұлғалар егер де олардың қызметтік міндеттеріне белгіленген талаптарды орындауды қамтамасыз ету болса, ал оның орындалуын бақылау кеден

органдарына жүктелген заңды тұлғалармен жеке кәсіпкерлердің жауапқа тартылуы лауазымды тұлғаларды жауапкершілікке тартудан босатпайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Құлжақаева Р.Б. Қылмыстың құрамы: Оқу құралы. – Қарағанды: Болашақ-Баспа, 2000. – 84 б.

2 Абсеметов М.О. Основные направления правоохранительной деятельности таможенных органов Республики Казахстан // Научные труды Академии финансовой полиции. – Алматы: Жеті жарғы, 2001. – Вып. 2.

3 Куштарова Г.А. Преступления в таможенной сфере: уголовно-правовая характеристика // Научные труды Академии финансовой полиции. – Астана: Фолиант, 2002. – Вып. 3. – 496с.

4 Қазақстан Республикасының Жедел-іздістіру қызметі туралы заңы // «Параграф» ақпараттар жүйесі. – 2013.

5 Қазақстан Республикасының Президентінің «Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы» Заң күші бар Жарлығы// «Параграф» ақпараттар жүйесі. – 2013.

6 Қазақстан Республикасының Президентінің, Заң күші бар Арнайы экономикалық аймақ туралы Жарлығы. – Алматы: - 1995-3б.

ӘОЖ 347.12

АЯҚТАЛМАҒАН ҚЫЛМЫСТАРДЫ САРАЛАУДЫҢ НЕГІЗДЕРІ

М.Д. Мырзахметов - магистрант

Б.А. Сериев - ғылыми жетекші

І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.

Бұл мақалада қылмыстық құқықтағы аяқталмаған қылмыстардың түсінігін, жіктелуін және оларды саралаудың негіздерін жан-жақты қарастырылған, сондай-ақ тақырып аясында өзіндік тұжырымдар жасалған.

This article covers basic criminal right, and the classification of crimes and a statements dealing with the uncompleted issues

В данной статье рассматриваются основные условные права, их классификации и всесторонние диформации, а так же на основании тематики были сделаны обоснованные выводы.

Кілт сөздер: қылмыстық жауаптылық, қылмыстық заң, қасақана қылмыстары, қылмыстарды саралау, қылмыстық әрекеттер, құқықтық принциптер.

Кез келген қылмыс белгілі бір кезендерден немесе сатылардан өтеді. Көп жағдайда адам қылмыс жасауға дайындалып барып, өз ниетін іске асырады. Ниет жүзеге асса, толыққанды аяқталған қылмыс, жасаушыға қатыссыз себептермен жүзеге аспай қалса, не өзі бас тартса, аяқталмаған қылмыс болып табылады.

Қылмыстық құқық теориясы қылмысты жасау сатылары деп - қылмыстың дамуының арнайы кезендерін таниды [1, 76 б.]. Олардың бір-бірінен айырмашылығы, белгілі бір қылмыстың объективтік жағын іске асыру кезендерінде және айыпкердің қасақаналықты іске асыру дәрежесінде болады, яғни қасақана қылмыстың дамуының арнайы кезендерінің қорытындысы - дайындалу; оқталу және іске асыру болып табылады.

Қылмыстық заңда қылмысты істеу сатыларының көрініс табуы - аяқталмаған қоғамға қауіпті әрекет (әрекетсіздікті) жасаған адамдарды жазаға тарту және қылмыстық жауаптылық мәселесін шешу болып табылады.

Біріншіден, қылмыстық жауаптылықтың негізі, қылмыстық заңда көрсетілген қылмыстың құрамын, жасалған іс-әрекеттен табу болып табылса, ал қылмыс жасау сатыларын анықтау ол қылмыстық мінез-құлықты, қылмыстық еместен ажыратуға мүмкіндік береді.

Екіншіден, сатыларды қалыптастыратын іс-әрекеттің өзі, қоғамға қауіптілік дәрежесінің әртүрлілігімен сипатталады. Қылмыстың аяқталуына қай саты болмасын жақындаған сайын, соғұрлым жасалатын іс-әрекеттің қоғамға қауіптілік дәрежесі арта түседі, әрине бұл жағдай жаза тағайындағанда ескерілуі керек.

«Қылмыс жасау сатылары» деген термин көп жағдайда екі мағынада қолданылады:

- 1) Аяқталған қылмыс өткен кезеңдерді анықтау үшін;
- 2) Қылмыс жасаудың тоқтатылуына байланысты, жасалған қылмыстық әрекет үшін берілер жазаның ерекшелігін анықтауда әрекеттің қай кезеңде аяқталғанын білу үшін.

Қылмыстық құқық теориясында қылмысты істеу сатылары туралы осы түсінік маңызды роль атқарады [2, 171 б.]. Егер қылмыс аяқталса, онда алғашқыда істелінген адамның әрекеті және қылмыс жасауға оқталу әрекеті емес, қылмыстық заңдарда, сол аяқталған қылмыстың өзі туралы ғана сөз болады.

«Қылмыс жасау сатыларына» заңдылық түсінігінде аяқталған қылмысты әрекет пен қылмыс жасау барысында, не оған дайындық кезіндегі негізгі бір кезеңде тоқтаған қылмыстық әрекеттің айырмашылығын айтады».

Қылмыстық құқық теориясында қылмысты істеу сатыларының атауы және санына байланысты әртүрлі позициялар орын алған болатын. 1997 жылғы Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі Жалпы бөлімнің осы институтына жаңа ережелер енгізбегендіктен, бұл позицияларды жаңа Қылмыстық Кодекске де қолдануымызға болады.

Айталық, бірқатар қылмыстық құқықтың Жалпы бөлім оқулықтарының авторлары [3, 32 б.] қылмысты істеу сатылары деп қылмыс құрамын орындауды және қылмыстық нәтиженің туындауын түсінеді.

Біздің ойымызша, бұндай пікір бірінші кезекте, заңға сәйкес келмейді, заң авторлар ұсынған сатыларды атамайды. Сондай-ақ, ұсынылған атаулар тиімсіз, себебі, «қылмысты орындау» шын мәнісінде оқталу, яғни, қылмыстың объективтік жағын ішінара орындау. Нәтиженің туындауы қылмыстың сатысы мүлдем бола алмайды, себебі, формальді қылмыс құрамдарында нәтиже қылмыс құрамының белгісін құрамайды. Материалды қылмыс құрамдарына қатысты нәтиже қылмыстың аяқталғандығын білдіреді де, қылмыстың сатысы ретінде таныла алмайды [4, 32 б.].

Қылмыстық құқық теориясында бір бірінен әрекет сипаты мен аяқталу дәрежесіне қарай ажыратылатын қасақана қылмыстың үш сатысы көрсетіледі. Олар:

- Қылмысқа дайындалу
- Қылмысқа оқталу;
- Аяқталмаған қылмыс.

Осы үш саты тек қана тікелей ниетпен жасалған қысқаша қылмыстарда болады.

Қылмыс сатылары - қасақана қылмыстың дамуына байланысты анықталған кезеңдері, олар қылмысқа дайындалу, оқталу және қылмысты аяқтаумен жүзеге асады.

Қылмыстық әрекеттерінің сатыларының қылмыстық құқықтық түсінігі қылмыстың дамуына байланысты сонымен бірге объективті процесін көрсетеді.

